3 Создание и апробация модели психолого-педагогического сопровождения инклюзивной практики: Методическое пособие / Под ред. С. В. Алехиной, М. М. Семаго. – М. : МГПУ, 2012. – 156 с.

4 **Алехина, С. В., Зарецкий, В. К.** Инклюзивный подход в образовании в контексте проектной инициативы «Наша новая школа» // Психолого-педагогическое обеспечение национальной образовательной инициативы «Наша новая школа». 2010. – С. 104–116.

5 **Лактионова, Е. Б.** Образовательная среда как условие развития личности и ее субъектов // Известия РГПУ им. А. И. Герцена. – 2010. – № 128. – С. 40–54.

Материал 11.12.19 баспаға түсті.

Г. К. Алишынбекова¹, А. С. Кударина², К. Д. Дузбаева³

Создание педагогических условий для обучения детей с ограниченными возможностями в период адаптации к обучению в школе

^{1,2,3}Педагогический факультет,

Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова,

Г. Караганда, 100028, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 11.12.19.

G. K. Alshynbekova¹, A. S. Kudarinova², K. D. Duzbayeva³

Creation of pedagogical conditions for education of children with disabilities in the period of adaptation to school

^{1,2,3}Faculty of Education,

E. A. Buketov Karaganda State University,

Karaganda, 100028, Republic of Kazakhstan.

Material received on 11.12.19.

В статье говорится о том, что все вопросы внедрения инклюзивного образования в стране проходят первые этапы становления и развития инклюзивного образования, проблемы в каждой организации привлекают внимание педагогического общества. То есть, в число обсуждаемых вопросов входят такие вопросы, как обучение педагогов работе с детьми, работа с родителями, создание условий для обучения и воспитания, оснащение школы специальными средствами. В содержании статьи излагаются основные требования к организации образовательного процесса школы, реализующей инклюзивную практику, основные условия, необходимые для создания современных условий адаптации детей с особыми потребностями в образовании с целью изучения необходимых условий для создания инклюзивной образовательной среды.

The article states that all the issues of implementation of inclusive education in the country are the first stages of formation and development of inclusive education, the problems in each organization attract the attention of the pedagogical society. That is, among the issues discussed are such issues as training teachers to work with children, working with parents, creating conditions for education and upbringing, equipping the school with special means. The content of the article describes the basic requirements for the organization of the educational process of the school, implementing an inclusive practice, the basic conditions necessary to create modern conditions for the

adaptation of children with special needs in education in order to study the necessary conditions for the creation of an inclusive educational environment.

ГРНТИ 14.35.07

С. Д. Аубакирова¹, Н. Э. Пфейфер²

¹Доктор PhD, Факультет бизнеса и информационных технологий, Университет «Туран-Астана», г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан

²д.п.н., профессор, Гуманитарно-педагогический факультет, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан
e-mail: 'sdaubakirova@gmail.com

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ПОНИМАНИЮ ИНВАЛИДНОСТИ

В данной статье раскрывается сущность основных подходов к пониманию инвалидности. Традиционно в отечественной литературе выделяются медицинский и социальный подходы к пониманию инвалидности. Автор раскрывает также позитивный и правозащитный подходы, которые широко представлены в трудах зарубежных ученых. Раскрыты особенности каждого подхода, причины, взаимодействие с образованием.

Ключевые слова: инвалидность, социальная модель, медицинская модель, позитивная модель, правозащитная модель.

ВВЕДЕНИЕ

Инклюзивное образование представляет собой новую модель образования, которая основана на философии социальной справедливости, на идее принятия индивидуальности каждого отдельного учащегося, направлено на удовлетворение потребностей каждого ребенка с особыми образовательными потребностями (далее ООП) [1].

Специальное и инклюзивное образование рассматриваются обществом и личностью в пределах различных точек зрения, в основе которых лежат теоретические подходы к пониманию инвалидности.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Медицинская модель фокусируется на неспособности (инвалидности) личности как проблеме и ищет способы ее лечения.

Данная модель использует терминологию и практику, заимствованную у медиков, чтобы оценивать нарушения детей с точки зрения функциональной нормы или нормы развития.

Функциональная норма или норма развития используется как процесс идентификации в пределах данной модели. Эта идентификация требует обследования (скрининга) и оценивания развития ребенка, подозреваемого в наличии ООП или инвалидности. При сравнении эффективности ребенка с типичной эффективностью других детей этого же возраста через широкий спектр областей (познание, речь, язык, мелкая моторика, крупные двигательные навыки, социальная и эмоциональная функциональность) может быть определен объем и степень серьезности особых потребностей ребенка. В процессе обследования, оценивания и распознавания детские ограничения маркируются и описываются, используя клиническую терминологию, такие как «этиология синдрома» или «патология нарушений» и др. В соответствии с данной моделью симптомы отображаются в диагнозе ребенка и лечении.

Таким образом, медицинская модель:

- оценивает, какие симптомы есть у ребенка;
- диагностирует и маркирует состояние или синдром;
- пытается зафиксировать нарушение/инвалидность или синдром ребенка.

Данная модель подвергается критике как теоретически слабая, поскольку она определяет причину инвалидности отдельной личности и ее медицинские проблемы. В этой модели высокая степень профессионального влияния на ребенка и слабая координация или коллаборация между самими профессионалами. Применяемые в ней методы направлены на излечение нарушения и не учитывают общество, в котором живут люди с ограниченными возможностями. Многие авторы считают, что данная модель отказывает людям с ООП и инвалидностью в правах человека, не учитывает их жизненный опыт в обществе. Кроме того, эта модель в значительной степени опирается на профессиональные суждения, жизнь людей с ООП и инвалидностью контролируется профессионалами, а не ими самими.

Медицинская модель рассматривает человека с ООП и инвалидностью как проблему, которую необходимо решить. В рамках этой модели человек должен быть приспособлен к тому, чтобы вписываться в мир нормальных людей, и что, если это невозможно, тогда людей с ограниченными возможностями следует разделить, помещая их в специализированные учреждения или изолируя дома.

Социальная модель построена на принципе, что отношение, ценности и убеждения, действующие в обществе, вызывают инвалидность, а не нарушения здоровья. Необходимо лечить общество, а не отдельных людей с ООП и инвалидностью. Цель социальной модели - подорвать идею о том, что инвалидность вызвана физическими нарушениями. В этих идеологических рамках именно общество и окружающая среда ограничивают возможности людей, поскольку они ограничивают их движения и способность общаться и функционировать так же эффективно, как и люди без нарушений [2]. Основной принцип этой модели заключается в том, что общество фактически вызывает инвалидность, устанавливая барьеры на пути доступа людей с ограниченными возможностями [3].

Н. Morgan считает, что социальная модель важна, так как впервые отношение и ценность людей с ограниченными возможностями стали предметом изучения. Большинство построенных сред, например, разработаны людьми без инвалидности, которые мало или совсем не понимают потребностей людей с ООП и инвалидностью. Человек, который пользуется инвалидной коляской, становится инвалидом только из-за условий, в которых он работает, если они не предназначены для людей с ограниченными возможностями [2].

Ключевым компонентом социальной модели является то, что образование является жизненно важным средством преодоления предрассудков, которые общество проявляет к людям с ограниченными возможностями. Действительно, применение принципов социальной модели к существующим образовательным системам повлечет за собой серьезные изменения в положении детей с ООП. Полное применение этой модели гарантировало бы, что сегрегированная система специального обучения закончится и будет заменена местными доступными школами для всех. Школы, которые принимают эту идеологическую структуру, должны пересмотреть свои подходы к учебным программам, управлению классами и организации, а также ожидания учителей, помощников и их общий дух, чтобы обеспечить преодоление стереотипных и противоречивых взглядов в обществе по отношению к людям с ООП и инвалидностью.

Социальная модель помогла изменить коллективное понимание инвалидности, а также изменила отношение, с которым люди с ООП и инвалидностью сталкиваются ежедневно. Однако с самого начала эта модель подвергалась критике со стороны благотворительных организаций по инвалидности, профессиональных организаций, а также со стороны самих людей с ограниченными возможностями. Критика заключается в том, что социальная модель не учитывает индивидуальные нарушения и в ней не учитываются различия, поскольку люди с ограниченными возможностями представлены как одна однородная группа, а не как совокупность людей, различающихся по полу,

сексуальности, расе, возрасту и нарушению [4]. Как отмечает Н. Morgan, модель хороша теоретически, но на практике она не работает [2]. Например, J. Swain и S. French [5] утверждают, что социальная модель ничего не делает для того, чтобы оспорить ошибочную идею о том, что люди с ограниченными возможностями не могут быть счастливы или пользоваться адекватным качеством жизни.

Наряду с медицинской и социальной моделями зарубежные ученые выделяют и *позитивную модель* инвалидности.

Принципы этой модели заключаются в том, что она пропагандирует нетрагический взгляд на ООП и инвалидность, который включает в себя позитивную социальную идентичность для людей с ограниченными возможностями. Кроме того, ясно, что люди с ограниченными возможностями могут вести и ведут богатую и полноценную жизнь. Предлагая позитивную модель, J. Swain и S. French излагают позицию, с которой можно утверждать, что жизнь с нарушением может быть не просто трагичной, но и ценной, захватывающей, интересной и удовлетворяющей [5].

В книге J. Swain и S. French «*Disability on Equal Terms*» разработаны признаки позитивной модели, которые отражают ее сущность:

1 Быть разными и мыслить по-другому, как индивидуально, так и коллективно.

2 Утверждение уникальных способов нахождения в обществе.

3 Люди с ограниченными возможностями бросают вызов представлениям о себе и своей жизни не только с точки зрения того, насколько они отличаются от того, что является средним или нормальным, но и с точки зрения заявления, на их собственных условиях, человеческого воплощения, образа жизни, качества жизни и идентичности.

4 Способы бытия, которые принимают различия [6].

Теоретическая значимость модели заключается в том, что она стремится расширить социальную модель путем включения жизненного опыта людей с ограниченными возможностями.

Hodkinson A. в своем труде «Key issues in special educational needs and inclusion» наряду с вышеперечисленными моделями выделяет *правозащитную модель* – модель, основанную на правах человека, которая выражается фразой «ничего о нас без нас» [7].

Люди с ООП и инвалидностью будут иметь одинаковые права и доступ к трудоустройству, медицинскому обслуживанию и образованию. Этот подход направлен на устранение физических, поведенческих и социальных барьеров, которые омрачают жизнь людей с ограниченными возможностями. Правозащитная модель направлена на то, чтобы привлечь работодателей, работников сферы образования и здравоохранения, а также политиков, чтобы

гарантировать соблюдение прав людей с ограниченными возможностями. Это означает, что люди будут использовать универсальный проект здания, скоординированные общественные услуги и доступные технологии, и что Правительство будет гарантировать, что они будут обеспечены хорошими ресурсами. Это также означает, что тем, кто этого не делает, грозит наказание, согласно местному законодательству.

Политика инвалидности как движения направлено на то, чтобы высвободить молчаливые голоса людей с ограниченными возможностями в попытке подорвать общественные ценности, убеждения и условности, основанные на идеологии медицинской модели инвалидности [8].

Основным принципом данной модели является то, что все дети должны посещать обычную местную школу. Она ставит под сомнение широко распространенное убеждение, подтверждающее законность сегрегированного образования, и предпосылку, что это просто невозможно включить всех детей в обычную школу.

ВЫВОДЫ

Нами рассмотрены основные существующие на сегодняшний день подходы к пониманию инвалидности в отечественной и зарубежной литературе. Медицинская модель сфокусирована на индивидуальных нарушениях ребенка и видит причину в индивидуальной патологии, предполагает действие профессионалов - медиков и педагогов и предлагает сегрегацию как основной тип образования. Социальная модель сфокусирована на общественных отношениях и создании необходимой окружающей среды. Причину ограниченных возможностей видит в барьерах на пути интеграции человека в общество. Люди с ограниченными возможностями и без таковых должны действовать сообща для преодоления существующих барьеров. Образование должно развиваться и стать инклюзивным. Позитивная модель сфокусирована на общественных отношениях и индивидуальных отношениях. Считает, что нарушение не является проблемой, а проблемой являются усвоенные стереотипные взгляды. Люди с ограниченными возможностями принимают себя и свое тело и должны учиться в инклюзивной среде. Правозащитная модель сфокусирована на политическом или полном включении и видит причину в социальных структурах, ценностях и убеждениях. В связи с чем необходимы радикальные вмешательства, использование закона для прекращения дискриминации в отношении инвалидов. Образование должно быть полностью инклюзивным без допущения сегрегации в системе образования.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 **Бурдина, Е. И., Аубакирова, С. Д.** Сущность инклюзивного образования [Текст] // Вестник ПГУ. Серия педагогическая. – Павлодар, 2014. – № 4 – С. 55–60.
- 2 **Morgan, H.** The social model of disability as a threshold concept : troublesome knowledge and luminal spaces in social work education // Social Work Education. 2012. – № 31(2). – P. 215–226.
- 3 **Georing, S.** Revisiting the relevance of the social model of disability // The American Journal of Bioethics. – 2010. – № 10 (1). – P. 54–55.
- 4 **Oliver, M.** The social model of disability : thirty years on // Disability and Society. – 2013. – № 28 (7). – P. 1024–1026.
- 5 **Swain, J., French, S.** Towards an affirmation model of disability // Disability and Society. – 2000. – № 15 (4). – P. 569–582.
- 6 **Swain, J., French, S.** Disability on Equal Terms. – LA, London, New Delhi, Singapore : SAGE Publications Ltd, 2008. – 216 p. – ISBN 978-1-4129-1987-6.
- 7 **Hodkinson, A.** Key issues in special educational needs and inclusion. – LA, London, New Delhi, Singapore, Washington DC: SAGE Publications Ltd, 2016. – 204 p. – ISBN 978-1-4739-1224-3.
- 8 **Allen, N.** Making sense of the Children Act 1989. London: Wiley-Blackwell, 2005.

Материал поступил в редакцию 11.12.19.

С. Д. Аубакирова¹, Н. Э. Пфейфер²

Мүгедектікті түсінудің теориялық тәсілдері

¹Ақпараттық технологиялар және бизнес факультеті,
«Туран-Астана» университеті,
Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы.

²Гуманитарлық-педагогикалық факультеті,
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы.
Материал 11.12.19 баспаға түсті.

S. D. Aubakirova¹, N. E. Pfeifer²

Theoretical approaches to understanding disability

¹Faculty of Information Technology and Business,
«Turan-Astana» University,
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.

²Faculty of Humanities and Education,

S. Toraighyrov State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.
Material received on 11.12.19.

Бұл мақалада мүгедектікті түсінудің негізгі тәсілдерінің мәні көрсетілген. Дәстүрлі түрде отандық әдебиетте мүгедектікті түсінуге арналған медициналық және әлеуметтік тәсілдер ерекшеленеді. Автор сондай-ақ шетелдік ғалымдардың еңбектерінде кеңінен ұсынылған оң және құқық қорғау тәсілдерін ашып көрсетеді. Әрбір тәсілдің ерекшеліктері, себептері, білім берумен қарым-қатынасы анықталды.

This article reveals the essence of the main approaches to understanding disability. Traditionally in the national literature medical and social approaches to understanding disability are distinguished. The author also reveals the affirmative and rights-based approaches that are widely represented in the works of foreign scientists. The features of each approach, reasons, interaction with education are revealed.

FTAMP 15.81.35

Н. Н. Аширбаева¹, Қ. Т. Қуанжанова²

¹PhD доктор, доцент, Арнайы тактикалық факультеті, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті шекара қызметі академиясы, Алматы қ., 050051, Қазақстан Республикасы

²PhD доктор, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік комитеті шекара қызметі академиясы, Алматы қ., 050051, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹naz8383@list.ru

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ

Мақалада мемлекеттік қызметшілердің психологиялық денсаулығының маңыздылығы қарастырылған. Заман сұранысына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің тұлғалық қасиеттерін дамыту психологиялық денсаулыққа тәуелді. Психологиялық денсаулық көрсеткіштері мен моделі ұсынылған. Мемлекеттік қызметшілердің психологиялық денсаулықтарының даму деңгейлерін анықтау мақсатымен ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академияның Ақтөбе облысы бойынша филиалының «Б» корпусына басқарушылық мемлекеттік лауазымына алғаш тағайындалған мемлекеттік қызметшілерге (барлығы 32 қызметкер, оның 14 ер және 18 әйел адам) сауалнамалар («Стреске тұрақтылық деңгейін анықтау», «Психологиялық денсаулықты анықтау» және «Мазасындандудың деңгейін анықтау») (Ч. Д. Стилберг, Ю. Л. Ханин бейімдеген әдістемесі) жүргізілді. Сауалнама қорытындысы негізінде психологиялық денсаулықты бұзатын екі фактор бөліп көрсетілген.

Кілтті сөздер: мемлекеттік қызметкерлер, психологиялық денсаулық, физикалық денсаулық, сауалнама, стреске төзімділік, мазасызданду, тұлғалық қасиеттер.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауында азаматтар сұранысына бейімделген мемлекеттік аппарат құруда мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін түбегейлі арттыру міндетін қойды. Ол үшін жаңа формациядағы мемлекеттік қызметшілерді даярлау қажеттілігі айтылды.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында мемлекеттік басқару субъектілерінің бойында қалыптасқан білімдерін тәжірибеде қолдану икемділігімен шектелмей, *күрделі жағдаяттарда дербес шешім қабылдауға, заманауи өзгерістерге тез бейімделе алуға, рефлексиялық ойлауға, талдауға әлеуетті, өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетті және өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан мамандар* болып даярлануы тиіс. Бұл талаптар олардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытқанда ғана оң нәтижесін береді.

Бүгінде мемлекеттік қызметшілердің тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту үшін денсаулық мәселесіне назар аудару қажеттілігі арасында қарама-қайшылықты байқауға болады. Қарапайым алғанда, физикалық денсаулықты шыңдау үшін жасалатын физикалық жаттығуларды жасау, дұрыс тамақтану, таза ауада серуендеу т.б. секілді шараларды қолға алу қажеттілігін білгенімізбен, тәжірибеде, күнделікті тіршілікте қаншалықты қолға алып жүрміз?

Бұл денсаулықты сақтау мен дамытудың тиімді стратегиясын іздеуді қажет етіп отыр.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Адам өміріндегі маңызды құндылықтардың бірі денсаулық болып табылатыны белгілі. Адам денсаулығының деңгейі жоғары болған сайын, әлеуметтік ортада өзінің физикалық, психикалық және рухани әлеуетін өзектендіру қабілеті жоғары де сәуірлім жоғары болмақ.

«Денсаулық – зор байлық» деп, дана халқымыз бекер айтпаған. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының жарлығында (1948 ж.) денсаулық – аурулардың, физикалық ауытқушылықтардың болмауы ғана емес, сонымен қатар физикалық, рухани және әлеуметтік әл-ауқатымен байланысты түсіндірілген.

А. В. Шуваловтың «Психологическое здоровье человека» атты мақаласында денсаулыққа байланысты келесі анықтамалар берілген:

1 Денсаулық – идеалды күйге жақын, өйткені адам өмірінің барлық кезеңінде толық дені сау болуы мүмкін емес;

2 Денсаулық – адамның шыңайлығын бейнелейтін күрделі феномен: денелік, жан, рухани болмысы. Сәйкесінше, адамның соматикалық, психикалық, тұлғалық денсаулығын бағалау мүмкіндігі;

3 Денсаулық - физиологиялық құрылымның өсуі мен дамуынан тұратын, психикалық жүйенің қызмет етуі, дамуы, тұрақтануы, тұлғаның өзін анықтауы мен жеке көзқарастарының болуы;

4 Адам өмір сүрудің нақты шарттарында дені сау болуы мүмкін (экология, климат ерекшеліктері, тамақтану сапасы, еңбек және демалыс тәртібі, әлеуметтік мәдени факторлар).

Жалпы адам денсаулығы тек биологиялық процестермен ғана емес факторлармен де анықталады:

1 Психологиялық-психоэмоционалдық күй, жеке тұлғалық ерекшеліктері, ойлау, сезімі және т.б.

2 Мінез-құлықтық – жаман әдеттердің болуы, жауап беру түрлері және мінез-құлық стереотиптері және т.б.

3 Мәдени-әлеуметтік орта, дін, этностық және т.б.

Бүгінде осылардың ішінде психологиялық денсаулыққа ерекше мән беріледі. Өйткені адамның толыққанды дамуының қажетті шарттарының біріне психологиялық денсаулық жатады. Осы тұрғыдан алғанда, психологиялық денсаулықтың негізгі қызметі – тұлға ресурстарының мобилизациялануы үшін адам мен қоршаған орта арасындағы белсенді динамикалық үйлесімдікті орнату. Бұл адам бойындағы түрлі күйлердің өзара тепе-теңдікте болуымен байланысты: эмоция мен интеллект, дене мен психика, адам мен қоршаған орта арасындағы байланыс.

Психологиялық дені сау адамның көрсеткіштеріне спонтандылық, шығармашылық, өмірді сүю, көңілді жүру, ашық болу, өзін және әлемді ақылмен және сезіммен тану, жауапкершілік алу, стресске тұрақты, өмір сүруінің мәні бар қасиеттерді атауға болады.

«Психологиялық денсаулық» терминін ғылымға И. В. Дубровина енгізе отырып, тұлғаның рухани дамуымен байланысты түсіндірді. Психологиялық денсаулық – тұлғаның физикалық, психикалық және әлеуметтік үйлесімді дамуы, өзін түсінуі, жақсы сезінуі, тұлғалық және кәсіби өзін дамытуы, үнемі ізденісте өзін-өзі жетілдіруімен анықталып отыр.

С. Букачева психологиялық денсаулық моделінің 5 көрсеткішін бөледі:

1 Аксиологиялық (өзіне қатынасы) компонент адамның өзінің құндылығы мен бірегейлігін, сондай-ақ айналасындағылардың құндылығы мен бірегейлігін түсінуімен түсіндіріледі. Адамның өзін жеткілікті толық білу, сондай-ақ басқаларды қабылдау.

2 Құрылымдық компонент рефлексияны өзін-өзі тану құралы ретінде меңгеруді, өзіне, өзінің ішкі әлеміне және басқалармен өзара қарым-қатынаста санасын шоғырландыру қабілеті.

3 Қажеттілік-мотивациялық компонент адамның өзін-өзі дамытуға, яғни өзін-өзі өзгерту мен жеке өсуге қажеттілігінің болуымен анықталады. Адамның өз өміріне толық жауапкершілікті алуы.

4 Дамытушы компонент ақыл-ой, жеке, әлеуметтік, дене дамуында динамиканың болуын көздейді. Психосоматикалық аурулардың пайда болуына алғышарттар жасамайды. Адам тұрақты дамуда және басқа адамдардың дамуына ықпал етеді.

4 Әлеуметтік-мәдени компонент адамның табысты әрекет ету, оның қоршаған әлеуметтік-мәдени жағдайында даму мүмкіндігін анықтайды. Адамдармен қарым-қатынас жасай білу және түсіне алу.

Психологиялық денсаулық формуласы З. Фрейдтің еңбегінде де көрініс тапқан. Психотерапевт бойынша терапиялардың негізгі міндеті - адамның басқа адамды жақсы көруіне және нәтижелі жұмыс жасауына (іс-әрекет етуіне) көмек беру деп көрсетілген. Психоаналитиктер бұл формуланы жұмысын махаббатпен орындау, қанағат алумен түсіндірсе, Абрахам Маслоу психологиялық денсаулыққа өзін-өзі белсендіретін, жетілдіретін, мақсат қоя білетін және өзін тануға белсенділік танытатын тұлғаны атайды.

Байқап тұрсақ, тұлғаның психологиялық денсаулығы оның кез-келген өмірлік әрекет салаларында құндылығын, мотивациясын, тұлғалық және кәсіби тұғырдан дамуын анықтайды. Психологиялық денсаулық адамның үйлесімді өмір сүруіне, өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, мақсатқа жететініне сенімді болуы және ниеті мен өзін басқара алу икемділігімен түсіндіріліп отыр.

Психологиялық денсаулықтың маңызды көрсеткіштеріне тұлғаның стресске тұрақтылығын, тұлғалық және жағдайлық мазасыздануын атауға болады. Мазасыздықты өлшеу тұлғаның қасиеттері ретінде ерекше маңызды, өйткені бұл қасиет көбінесе субъектінің мінез-құлқына бағыт береді. Үрейленудің белгілі бір деңгейі-белсенді іскерлі тұлғаның табиғи және міндетті ерекшелігі. Әрбір адамда оңтайлы немесе қалаған алаңдаушылық деңгейі бар-бұл пайдалы алаңдаушылық. Адамның осы тұрғыдан өз жағдайын бағалауы өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі тәрбиелеудің маңызды компоненті болып табылады.

Сонымен, мемлекеттік қызметшілердің психологиялық денсаулықтарының даму деңгейлерін анықтау мақсатымен ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академияның Ақтөбе облысы бойынша филиалының «Б» корпусына басқарушылық мемлекеттік лауазымына алғаш тағайындалған мемлекеттік қызметшілерге (барлығы 32 қызметкер, оның 14 ер және 18 әйел адам) сауалнамалар («Стресске тұрақтылық деңгейін анықтау», «Психологиялық денсаулықты анықтау» және «Мазасызданудың деңгейін анықтау» (Ч. Д. Спилберг, Ю. Л. Ханин бейімдеген әдістемесі) жүргізілді.

Сауалнамалардың мақсаты:

- мемлекеттік қызметшілердің психологиялық денсаулықтарының даму деңгейін анықтау;
- стресске тұрақтылық, тұлғалық және жағдайлық мазасыздану деңгейін анықтау;
- тұлғалық қасиеттер арасындағы корреляцияны анықтау;

Психологиялық денсаулық әдістемесінің нәтижелерін талдауда (Кесте-1) мемлекеттік қызметшілердің сауалнамаға жауап нәтижелері 100 % сенімді.

Мемлекеттік қызметшілердің 87%-ның психологиялық денсаулығы өте нашар, маңызсыз дезадаптация, шешімін таба алмай жүрген бірқатар мәселелерді шешу қажет ету керек екені анықталды. 13%-ның психологиялық денсаулығы өте нашар, жоғары деңгейдегі дезадаптация, маманның көмегі және өмірін қайта қарау қажет.

Кесте 1 – Сауалнама нәтижелерінің сандық көрсеткіштері

Психологиялық денсаулықтың көрсеткіштері							Стресске тұрақтылық деңгейлері		
1	2	3	4	5	6	7	Төмен	Орташа	Жоғары
4	-	28	-	-	32	-	-	26	6
13 %	-	87 %	-	-	100 %	-	-	81 %	19 %

Мұнда:

- 1 – [-46,-34] Психологиялық денсаулығы өте нашар, жоғары деңгейдегі дезадаптация, маманның көмегі және өмірін қайта қарау қажет.
- 2 – [-33,-15] Психологиялық денсаулығы өте нашар, жоғары деңгейдегі дезадаптация, маманның көмегі қажет;
- 3 – [-14,15] Психологиялық денсаулығы өте нашар, маңызсыз дезадаптация, шешімін таба алмай жүрген бірқатар мәселелерді шешу қажет.
- 4 – [16,34] Психологиялық дені сау, маңызсыз деңгейде мазаландыратын мәселелері бар.
- 5 – [35,46] Психологиялық денсаулық деңгейі жақсы. Тестілеуден қашу
- 6 – [0,6] Сыналушының нәтижелері сенімді.
- 7 – [7,46] Көптеген сұрақтарға сенімсіз жауап берген, нәтижесі сенімді емес.

Кесте 2

«Мазасызданудың деңгейін анықтау» (Ч. Д. Спилберг, Ю. Л. Ханин бейімдеген)					
Тұлғалық мазасыздану			Жағдайлық мазасыздану		
Төмен	Орташа	Жоғары	Төмен	Орташа	Жоғары
2	22	8	2	26	4
6 %	69 %	25 %	6 %	81 %	13 %

Мемлекеттік қызметшілердің тұлғалық мазасыздану 6 %-да төмен, яғни қандай да бір істерге қызығушылығы жоқ, кәсіби шеберлікке жету мүмкіндігі әлсіз, 69 %-ы үшін барлық жағдай өздеріне байланысты екенін сезеді, өзін белсендіре алады, бірақ бұл қасиеттер сыртқы факторларға тәуелді.

Мемлекеттік қызметшілердің тұлғалық және жағдайлық мазасындану арасындағы байланыс $t_{эмп} = (2.6)$ құрады. Демек, бір қасиеттің жоғары болуы келесі қасиеттің жоғарылығын білдіреді.

Жағдайлық мазасындану мен психологиялық денсаулық арасындағы байланыс $t_{эмп} = (5.9)$ құрады, ал тұлғалық мазасынданумен $t_{эмп} = (6.8)$ тығыз байланыс анықталды. Стреске тұрақтылық пен психологиялық денсаулық арасындағы байланыс $t_{эмп} = (5.8)$ -ті құрады.

Сауалнамалардың нәтижесінде біз мемлекеттік қызметшілердің психологиялық денсаулықтарының төмен деңгейде және оның көрсеткіштерінің арасында (стреске тұрақтылық, тұлғалық және жағдайлық мазасындану) тығыз байланыстың бар екенін анықтадық. Бұл бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілер үшін психологиялық денсаулықты нығайту, дамытуға байланысты шараларды қолға алу қажеттілігін байқатты.

Психологиялық денсаулықты бұзатын 2 факторды бөліп қарастырамыз:

Сыртқы (қоршаған орта) – түрлі жағымсыз ықпалдар, адамдар арасындағы жағымсыз қатынас. Отбасында, жұмыс барысында әріптестерімен, басшылықпен өзара қарым-қатынастың бұзылысы кәсіби дамуға әсер етіп қоймай, сонымен түрлі эмоционалды бұзылыстарға әкеледі.

Ішкі – психиканың бұзылған бөлігінің сау жерін зақымдауы. Мысалы, эмоционалды күйдің бұзылуы адамның қоршаған әлеммен еркін қарым-қатынас жасауына кедергі келтіреді, тұлғалық дамудағы ауытқушылықтарға әкеледі және саматикалық бұзылыстардың пайда болуына ықпал етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сократ «Дене жаннан бөлек және тәуелсіз ауырмайды» дейді. Ғалымдар физикалық денсаулық пен психологиялық денсаулық өзара байланысты екенін әлдеқашан анықтаған. Адамның ойлары, эмоционалды реакциялары физикалық денсаулыққа қалай әсер етсе, физикалық денсаулық (дұрыс тамақтану, ұйқы, физикалық жаттығу) біздің рухани және эмоционалды өмірімізге дәл солай әсер етеді. Адам бойындағы күшті эмоциялар (қорқыныш, ашу, қайғы) үнемі ығыстырылса, басылса психосоматикалық аурулардың себебіне айналуы мүмкін екенін естен шығармаған жөн. Сондықтан, тұлғалық-кәсіби өсу, даму үшін алдымен жан дүниемізге мән беру керек.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Серёгина, М. Ю. Субъектность личности как компонент психологического здоровья // Молодой ученый. – 2016. – № 30. – С. 364–366. – [Электронный ресурс]. URL <https://moluch.ru/archive/134/37565/> (дата обращения: 09.01.2019).

2 Имангалиева, Ш. Д., Амзеева, Г. А., Шеримова, А. С. Психологиялық денсаулықты қалыптастыруда жаңа технологияларды пайдалану // Молодой ученый. – 2015. – № 8.2. – С. 29–31. – [Электронный ресурс]. URL <https://moluch.ru/archive/88/17454/> (дата обращения: 09.01.2019).

Материал 11.12.19 баспаға түсті.

Н. Н. Аширбаева¹, Қ. Т. Қуанжанова²

Психологическое здоровье государственных служащих

^{1,2}Специально-тактический факультет,
Академия пограничной службы КНБ Республики Казахстан,
г. Алматы, 050051, Республики Казахстан.
Материал поступил в редакцию 11.12.19.

N. N. Ashirbayeva¹, K. T. Kuanzhanova²

Psychological health of civil servants

^{1,2}Special-Tactical Faculty,
Academy of Border Guard Service
of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan,
Almaty, 050051, Republic of Kazakhstan.
Material received on 11.12.19.

В данной статье рассматривается психологическое здоровье государственных служащих. Развитие личностных свойств государственных служащих зависит от психологического здоровья. Показаны показатели и модель психологического здоровья. Для определения уровня развития психологического здоровья государственных служащих в Актюбинском филиале Академии Государственного Управления при Президенте Республики Казахстан был проведен опрос («Определение уровня стрессоустойчивости», «Определение психологического здоровья», «Определение уровня тревожности») с государственными служащими корпуса «Б» (в опросе приняли участие 32 сотрудника, 14 мужчин и 18 женщин). По итогам опроса были выделены два фактора, которые влияют на психологическое здоровье.

This article deals with the psychological health of civil servants. The development of personal qualities of civil servants depends on psychological health. Showing performance and model of psychological health. To determine the level of development of the psychological health of civil servants in the

Aktobe branch of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, a survey was conducted («Determining the level of stress tolerance», «Determining psychological health», «Determining the level of anxiety») with civil servants of corps B (the survey recruited 32 employees, 14 men and 18 women). According to the results of the survey, two factors were identified that influence psychological health.

FTAMP 18.41.09

М. Әсетқызы

магистрант, Спорт және өнер жоғарғы мектебі, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар к., 140002, Қазақстан Республикасы
e-mail: asetkyzy91@inbox.ru

XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ – XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫНЫҢ ДАМУЫ

Мақалада оқушылардың эстетикалық талғамдарын, музыкалық мәдениеттерін, ұлттық сана-сезімдерін қалыптастыру жолындағы музыканың ролін айқындау мақсатында қазақ музыкасының дамуына үлес қосқан, ұлттық мәдениетіміздің алтын діңгектері әнші-композиторлардың өмірі мен шығармашылығы жайлы мағлұмат береді.

Кілтті сөздер: музыка, қазақ халық музыкасының тарихы, қазақтың музыкалық мәдениеті

КІРІСПЕ

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырда қазақ музыкасының дамуы ұлы дала төсінде өрлеу дәуірін бастан өткеріп әншілік мектептің берік ірге тасы қалыптасты. Ұлттың иісін аңқытатын ұлы шығармалар дүниеге келді. Ұлы мұраттарға жетелейтін ұлылар үні естілді. Қазақ музыкасы ұлттық кодтың алтын өзегіне айналды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Оқушыларды жан-жақты етіп тәрбиелеуге, отансүйгіштікке, әсемдікті сүюге, мейірімділікке тәрбиелеуде музыканың алар орны ерекше. Баланың эстетикалық талғамын, музыкалық мәдениетін, ұлттық сана – сезімін қалыптастыру жолында сөзбен жеткізе алмайтын әсемдікті музыка тілімен

жеткізуге болады. Музыкалық сауаттылықтан бұрын музыканың даму тарихын жетік меңгерген жағдайда музыкаға деген көзқарас өзгеше болады.

Қазақ музыкасының дамуына үлес қосқан, ұлттық мәдениетіміздің алтын діңгектері әнші-композиторлардың өмірі мен шығармашылығы жайлы білімдерін қалыптастыру өзіндік ерекшеліктерін зерттеу, шығармаларымен таныстыру, ұлттық ән өнеріне қызығушылықтарын арттыру бізге – парыз, болашаққа – аманат.

Қазақ халық музыкасының тарихы.

Қазақ халық музыкасының дамуының тарихына көне түркі дәуірінен бертіңгі кезеңдегі музыка үлгілері мен тарихи – мәдени мәліметтер енеді.

Қазақ фольклорының маңызды бір арнасы – эпос. Оған тән музыкалық мақам-саздардың қазақ мәдениетінен алатын орны ерекше. Әдеби мәтінге қарағанда музыкалық мақамның әсерлі болатыны мәлім. Қазақ музыкасындағы жүректі тербейтін, сиқырлы сазды, терең толғанысқа толы кең тынысты, әуезді әндер – XIX ғасырдан желі тартса, речитативті әуенге құрылған эпикалық дәстүр – алғашқы, лирикалық әндер – соңғы құбылыс.

Қазақ музыкасы ауызекі дәстүрге негізделген суырып салмалық өнермен қатар жеке өнер саласы, тіпті ілім ретінде де қалыптасып келеді. Мұның өзі қазақ музыкасының бірде шаманизм, бірде зороастризм, бірде ислам мәдениетінің аясында қалыптасып келгенін аңғартады. Қазақ музыкасының өзіндік ерекшелігі – синкреттілігі. Поэзия мен музыка мақамның бірлігіне негізделген ән-жырлардың келе-келе дараланып, екі түрлі өнер арнасына жіктелгені мәлім. Бірі – ән өнері, екіншісі – күйшілік дәстүр. Осы негізде XIX ғасырда қазақ даласында екі түрлі халықтық кәсіби-музыкалық дәстүр қалыптасқан. Бірі – Ықылас, Сарымалай, Құрманғазы, Дәулеткерей, Қазанғап, Сейтек, Сүгір, Тәттімбет, т.б. өнерпаздар бастаған күйшілер тобы болса, екіншісі – Біржан, Ақан, Мұхит, Мәди, Жаяу Мұса, Естай, Үкілі Ыбырай, Абай, Нартай, Майра, т.б. сал-серілерден арқау тартатын әншілік өнер.

XIX ғасырдың екінші жартысы Қазақстанның музыка өнерінің гүлденген дәуірі болды. Бұл кезеңде өмір сүрген көптеген аса көрнекті кәсіби композитор - әншілер мен күйшілердің шығармалары халықтың музыкалық классикасының негізін құрады. Көптеген халық композиторлары өз заманындағы білімді адамдар еді; олардың бәрі дерлік хат танытын, кейбіреулері орыс тілі мен араб тілін білетін, бірақ өз шығармаларын нотаға түсіріп жаза алмайтын еді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы музыка өнерінің дамуына Дәулеткерей Шығайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Ықылас Дүкенұлы сияқты композитор-музыканттар үлкен үлес қосты. Абай әндері қазақ халқы мен орыс халқының арасындағы

бауырлас достықты нығайтуға игі ықпал етті. Қазақ әндерін жазып алуда С. Г. Рыбаков көп еңбек сіңірді. Ол 100-ден астам ән жинады. Қазақтың ән әуендері оркестрлік шығармаларда да пайдаланылды.

Халық музыка аспаптарының көне үлгісі ретінде кейін пайда болған күй де – өзінің бастапқы кезеңінде магиялық міндеттерді атқарған. байланысты. Олардың бір бөлігі дыбысты беру сипатымен ерекшеленді және табиғаттың табиғи дауыстарын, өмір, өлім, тұрмыс туралы философиялық ойларды берген. Бұлар ерте кездегі діни сенім - нанымның, әдет-ғұрыптың жаңғырығын осы күнге дейін алып келген. XIX ғ. таман ғана қазақ музыкасы өзін шектеген дін мен дәстүрлерден арылып, дербес көркемдік шығарма ретінде дами бастаған. Бұл кезең шын мәніндегі ұлттың рухани жаңаруы, аспапты, әндік, ақындық өнер сияқты негізгі халықтық өнердің даму кезеңі болды. Қазақстанның байтақ территориясында әртүрлі дербес кәсіби композиторлық және орындаушы мектептер пайда болды, әрбір аймақ өз ерекшелігін сақтап отырды.

Үздіктердің ішіндегі үздігін халық – сал, сері деп атаған. Айрықша киініп, жүйрік ат мініп, жандарына өнерлі адамдарды ерітіп, ел аралап, қызық думанға бөлеу- сал-серілердің ұстанған тұтастай бір өмір-салты еді. Қазақ даласының әр қиырынан Ақан, Кенен, Біржан, Жаяу Мұса, Бісміллә Балабеков сияқты сал-серілер ән мектептерінің және жалпы қазақ музыкасының дамуына зор ықпал етті. Қазақ мәдениеті тарихында өшпес із қалдырған әнші-композиторларға тоқталып өтсек: Кенен Әзірбаев-ақын, әнші әрі композитор. Ол Жамбыл облысының Қордай ауданында дүниеге келген. Ол бір жасында қолына домбыра алып, өлең мен ән шығарған. Оның «Көкшолақ», «Бозторғай», «Базар-Назар», «Туған жер» әндері халық арасында кең танымал. Біржан Қожағұлұлы Арқа ән өнерінің ірі өкілі. Ол әнші ғана емес, ақын әрі композитор. Біржан салдың «Айтбай», «Теміртас», «Ләйлім шырақ» әндері халық арасында кең таралған. Ақан сері - ақын, әнші, композитор. Ол Көкшетау өңірінде дүниеге келген. Ақанның үш жүзге аты шыққан Құлагер деген жүйрік аты, Қараторғай деген қыран бүркіті, соңына ерткен алғыр тазысы болған. Ақан серінің «Құлагер», «Маңмаңгер», «Сырғақты», «Сырымбет», «Балқадіша», т.б. көптеген әндері бар. Жаяу Мұса Байжанұлы Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келген. Жаяу Мұса өмірінің қиындығына қарамастан, өте ақ жарқын, ақ көңіл адам болған. Оның әндері жеңіл әрі әзілге толы. Жаяу Мұса өзінің асқан әншілігімен қатар орыс тілін жақсы меңгеріп, скрипка мен балалайка аспаптарында ойнаған. Абай Құнанбаев - халқымыздың ұлы ақыны, композитор. Жастайынан халқының әндері мен күйлерін сүйіп өскен Абай көптеген терең ойлы, сырлы сазды әндер жазды. Абайдың

«Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, Қалам қас», «Сегіз аяқ», т.б. әндері бар. Жетісу әншілік дәстүрінің көрнекті тұлғасы Кенен Әзірбаев 1884 жылы қазіргі Жамбыл облысы Қордай ауданының Мәтібұлақ деген жерінде дүниеге келген. Ең алғашқы шығармаларының бірі «Бозторғай» әні. Кененнің әншілік, композиторлық, ақындық өнері жөнінде көп деректер жазылған. Қали Байжанов – әнші, Қазақстанның халық әртісі. Жарылғапбердінің шәкірті. Абайдың да алдында ән салған. Бісміллә Балабеков – халық әншісі. Баянауылдағы Ақши ауылында дүниеге келген. Балабек Ержанов, Жаяу Мұса, Әміре Қашаубаевтардың шәкірті болған. Бісміллә Семей қаласындағы қазақ драма театрының алғашқы әртістерінің бірі болған. XIX ғасырдағы кәсіби музыканттардың шығармашылық қызметі орындаушылық және композиторлық саламен ғана шектеліп қойған жоқ, олар көркемдік баяндаудың барлық түрін – поэтикалық импровизация, шешендік өнер, нәзік вокальдық техника, музыкалық аспаптың құлағында ойнау, театр мен цирктік өнер ойынының элементтерін қамтиды, бұл Батыс Еуропаның орта ғасырлық музыканттары – жонглерлер, трубадурлар, труверлер, мейстер – миннизингерлермен ұқсастығы бар.

XIX ғ. қазақ музыкалық мәдениеті жаңа өуендік және жанрлық түрімен байыды. Аз ғана кезеңдік тарихи уақытта Республика еуропалық классикалық музыканың көпдауыстылығы мен жанрлық арсеналын игерді. Бұл – опера, симфония, балет, аспаптық концерт, кантата, ораториялық, ансамбльдік, оркестрлік, хорлық орындау түрлері. Шығармашылықтың жазба түрінде қалыптасқан жаңа кәсіби композиторлық мектебі құрылды. Ұлттық мазмұндағы синтездік іріктеу және XX ғасырдың 30-40 жылдарындағы еуропалық түрді тандау нәтижесінде қазақ опералық өнерінің классикалық шығармалары – Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», А.Жұбанов, Л.Хамидидің «Абай», М.Төлебаевтың «Біржан – Сара» опералары дүниеге келді. Олардың драматургиялық және музыкалық негізі – қазақ фольклоры мен ауызша кәсіби музыканың шексіз мүмкіндігі арқылы жасалған. Опералық театр сахнасы XIX ғ. ақындары Біржан мен Сара арасындағы қызу айтыс, той дәстүрі. XIX ғасырдағы ұлт - азаттық көтеріліс батырының әндері, ақын және күйші Махамбеттің және ән-жоқтаулар орындалатын аренаға айналды. 60-70 жж. Республикада еуропалық аспапты музыканың күрделі жанры-симфониялық музыка өнері өте жақсы дамыды. Б. Сарыбаев сияқты ғалым - фольклоршы қайта әкелген қазақ музыкалық аспаптары оның құрамына кірді. Күйлердің оркестрлік орындалуында батырлардың бейнелері, бөйге аттарының шабысы, кең даланың бауыры жазылған бейнесі, халықтық мейрамдар кезіндегі шерулер - барлығы бір арнаға тоғысады. Бұл ұжымның нақты бетінің танылуына осы

ансамбльдің жетекшісі және дирижері, композитор және домбырашысы Н. Тілендиевтің аса көп еңбегі сіңді. Қазақстанның қазіргі даму барысында музыка мәдениетінің көп тармақты құрылымы қалыптасты.

Музыка бүгін мен болашақты, өткенді жалғастырушы алтын буын міндетін атқарып отыр.

Жахандану үрдісіне бет бұрған тұста ұлтымыздың мәдени өнер өрісін биіктен еткен тұлғалардың есімін жаңғырту. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдағы қазақ музыкасының дамуына үлес қосқан, есімдері көпшілікке мәлім болмаған өнер иелерінің есімдерін ұлықтау, келер ұрпаққа насихаттау, адамдық борышымыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақалада халқымыздың ғасырлар бойғы арман-мүддесін, тіршілік-тынысын, мұң-мұқтажын, жүріп өткен ізі мен тарихын, өмірлік мұраты мен қайтпас рухын сезінетін ән мен күйлердің авторлары жайлы, олардың шығармашылықтары және жалпы қазақ музыкасының дамуы жайлы қарастырылған. Мақаланың мазмұны ұлттық өнерді қадірлейтін, музыкалық талғамы жоғары өнерлі тұлға болып өсуіне жол ашады.

Материал 11.12.19 баспаға түсті.

M. Asetkyzy

Развитие казахской музыки конца XIX и XX века

Высшая школа спорта и искусств,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 11.12.19.

M. Assetkyzy

The development of Kazakh music at the end of the XIX and XX century

Graduate School of Sports and Arts
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 11.12.19.

В статье даётся информация об эстетических вкусах, музыкальной культуре, и о роли музыки в становлении национального самосознания, о вкладе в развитие казахской музыки, национальной

культуре, и о вкладе золотой плеяды певцов и композиторов в национальную музыку.

In the article there is information about the aesthetic tastes, music culture and the role of music in the national identity, the development of Kazakh music, national culture, and the golden pleiad of singers and composers in national music.

FTAMP 14.35.09

А. А. Бейсекова¹, Ж. Ә. Шоқыбаев²

¹PhD докторант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., 050000,
Қазақстан Республикасы

²п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., 050000,
Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹Aliya-1301@mail.ru

БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯ КУРСЫНДА ТӨҢКЕРІЛГЕН СЫНЫП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

Мақалада қазіргі жаңа білім беру үдерісіне сай заманауи оқыту технологияларын бейорганикалық химия курсына төңкерілген сынып оқыту технологиясы келтірілген. Төңкерілген сынып оқыту технологиясының дәстүрлі оқытудан айырмашылығы, басты артықшылықтары, ерекшеліктері айқын көрсетілген. Бейорганикалық химия курсына осы технологияны пайдаланып оқыту мысалдары келтірілген.

Кілтті сөздер: заманауи оқыту технологиялары, төңкерілген сынып (Flipped classroom, перевернутый класс) технологиясы, инновация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

КІРІСПЕ

«Төңкерілген сынып» бұл оқытудың инновациялық түрі. Оның дәстүрлі оқытудан айырмашылығы, теориялық материалдар сабақтың басталуына апта бұрын өз бетінше (әдетте, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен: бейне-дәрістер, аудио-дәрістер, интерактивті материалдар және т.б.) уақыттарын үнемдеп зерттеледі, сыныпта үнемделген уақытқа сол проблемаларды шешуге бағытталады және студенттермен өзара қарым-

қатынаста болуға және олардың жаңа білім өнімдерін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

«Төңкерілген сынып» технологиясының басты артықшылығы-оқу барысын ұйымдастыруда әр студенттің өз бетінше проблемаларды шешуге қабілеттілігі, шығармашылық көзқарас, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолдануда сауаттылығы болып табылады.

«Төңкерілген сынып» технологиясының ерекшелігі жаңа материалмен танысуды үй тапсырмасы ретінде беру арқылы студентке ол бейне материалды өз қажеттілігіне қарай кез-келген уақытта қарап, бірнеше рет қайталауына мүмкіндік тудыру, оқытушының сабақта студенттермен жеке жұмыс жасау және тығыз қарым-қатынаста болу үшін көп бос уақыттың болуы. Бұл студенттердің ұйымдасып бірлескен жұмыстары арқылы оқу материалдарын өз бетімен оқуға дағдылануына, дербес жұмыс істеуге, оқуға деген жауапкершілігінің артуына, оқытушы көмегісіз бір-біріне жәрдемдесуге мүмкіндік береді [1].

Дәстүрлі оқыту мен төңкерілген сынып технологиясымен оқыту тәсілдерін бірнеше критерий бойынша салыстырып көрейік (Кесте 1): студенттің рөлі, оқытушының рөлі, оқу үдерісіндегі АКТ рөлі, қолданылатын әдістер және сабақты құру.

Кесте 1

	Дәстүрлі оқыту	Төңкерілген сынып технологиясымен оқыту
Студент рөлі	Пассивтілік, өз бетінше оқуға ұмтылыстың болмауы, «тындау, есте сақтау, сөйлеу» схемасы бойынша жұмыс жасау.	Студенттерді оқу үрдісіне тарту. Оқуға деген жауапкершілік. Оқу үрдісінің барлық қатысушыларымен өзара қарым-қатынаста болу.
Оқу үдерісіндегі АКТ	Оқу барысында веб-құралдарын пайдалану.	АКТ арқылы жұмыс әдістерін, формасын өзгерту.
Оқытушы рөлі	Білім беру, студенттердің білімін бақылау, аудиториядағы тәртіпті сақтау.	Оқу жағдайын құрастыру, студенттердің оқуға деген жауапкершілігін қалыптастыру, аудиториямен сенімді қарым-қатынаста болу.
Қолданылатын әдістер	Ақпарат оқытушыдан студентке беріледі.	Студенттер білім алу үшін ұжыммен бірге жұмыс жасайды.

Сабақтың құрылуы	Аудиторияда студенттер оқытушы түсіндіргенін тыңдайды. Сабақтан кейін үйге келіп, үй тапсырмаларын орындауда ешкімнен сұрай алмай, ақыл-кеңес ала алмай көбіне сәтсіз болады.	Жаңа тақырып бойынша оқу материалымен таныстыру, (бейнежазбаны көру, тақырыпты оқып үйрену, АКТ көмегімен студенттермен бірлескен жұмыс), ал сабақта проблеманы шешу және білім мен дағдыны өз жағдайларына тиімді қолдану.
Үй тапсырмасы	Оқытушы студенттерге сұрақ қояды	Студенттер оқытушыға сұрақ қояды.

Кесте 1 Дәстүрлі оқыту мен төңкерілген сынып технологиясымен оқыту тәсілдерін бірнеше критерий бойынша салыстыру

«Төңкерілген сынып» технологиясы бойынша құрылған «Қышқылдардың химиялық қасиеттері» тақырыбына мысал: Қышқылдардың химиялық қасиеттері бойынша тәжірибелік жұмысқа дайындалу керек. Біз қышқылдардың химиялық қасиеттерін зерттеп, олардың қарапайым көрінісін көруге тырысамыз. Қышқылдардың құрамын және құрылымын олардың жалпы химиялық қасиеттері арқылы анықтайды. Өз-өзінді тексер. Тапсырма: Әр түрлі бірнеше формулалар беріледі, соның ішінен қышқылдардың формулаларын тауып белгілеп шығады.

Қышқылдардың химиялық қасиеттеріне бірнеше тәжірибелер беріледі. Сынауықта қышқыл бар екенін қалай анықтауға болады? Дәмін татып біле алмаймыз. Индикаторлар көмегімен анықтауға болады.

1 Демонстрациялық тәжірибе. Индикатор түсін өзгерту. Қышқылдың индикаторларға әсері бейне-ролигі көрсетіледі. Тапсырма: Бейне тәжірибені мұқият көріп, кестеге керекті түстерді жұмыс дәптеріне салу арқылы толтырады (Кесте 2).

Кесте 2 – Қышқылдың индикаторларға әсері

Индикатор	Бейтарап орта (реакцияға дейін)	Қышқылдық орта (реакциядан кейін)
Лакмус		
Фенолфталеин		
Метилоранж		

Белсенділігі бірдей барлық металдар қышқылдармен әрекеттесе алады ма? H_2 дейінгі кернеу қатарындағы барлық металдармен әрекеттеседі. (HNO_3 азот қышқылын есептемегенде).

2 Демонстрациялық тәжірибе. Қышқылдардың металдармен өзара әрекеттесуі бейне-ролигі көрсетіледі. Берілген реакция схемасы: $Me + қышқыл = тұз + H_2$. Тапсырма:

1) Тәжірибеде алынған реакцияның молекулалық теңдеуін жазып көрсетеді.
2) Реакция түрін көрсетеді. Өз-өзінді тексеру, оқулықтан текст мәтінін оқып шығады.

3) Осы реакциялардың мысалында қышқылдардың қасиеттері туралы қорытындылайды.

4) Металдардың кернеу қатары дегеніміз не? Металдар қышқылдармен әрекеттесу үшін қандай ережелерді есте сақтау керек?

3 Демонстрациялық тәжірибе. Қышқылдардың негіздік оксидтермен өзара әрекеттесуі бейне-ролигі көрсетіледі. Берілген реакция схемасы: $MeO_y + қышқыл = тұз + H_2O$. Тапсырма:

1) Химиялық реакцияның молекулалық теңдеуін жазып көрсетеді.
2) Реакция түрін көрсетеді. Өз-өзінді тексеру, оқулықтан текст мәтінін оқып шығады.

4 Демонстрациялық тәжірибе. Қышқылдардың негіздермен өзара әрекеттесуі (нейтралдау реакциясы) бейне-ролигі көрсетіледі. Берілген реакция схемасы: $қышқыл + негіз = тұз + H_2O$. Тапсырма:

1) Химиялық реакцияның молекулалық теңдеуін жазып көрсетеді.
2) Реакция түрін көрсетеді. Өз-өзінді тексеру, оқулықтан текст мәтінін оқып шығады.

3) Неге бұл реакцияға нейтралдау реакциясы деген атау берілген?

5 Демонстрациялық тәжірибе. Қышқылдардың тұздармен өзара әрекеттесуі бейне-ролигі көрсетіледі. Берілген реакция схемасы: $қышқыл + тұз = басқа тұз + басқа қышқыл$. Тапсырма:

1) Химиялық реакцияның молекулалық теңдеуін жазып көрсетеді.
2) Реакция түрін көрсетеді. Өз-өзінді тексеру, оқулықтан текст мәтінін оқып шығады.

3) Тәжірибеде неліктен фенолфталеин ерітіндісін қолданады?

Қышқылдардың күштілігінің өсу қатары:

Мимикалық қозғалыстардың шексіз әртүрлілігі және олардың комбинациясы оқытушыға белгілі бір студентке де, тұтастай алғанда студенттік топқа де эмоционалды күйін және қарым-қатынасын білдіруге мүмкіндік береді [5].

Бірқатар зерттеулер оқытушыларға сыртқы эмоционалдылықтың жоғары дәрежесі бар оқытушыларды бет-әлпетті жақсы білдіруді ұнататынын көрсетеді. Көздің немесе тұлғаның бұлшық еттерінің шамадан тыс қозғалуы, сондай-ақ олардың статикалық табиғатының жансыздығы студенттермен қарым-қатынас жасауда маңызды проблемаларды тудырады.

Қазіргі заманғы студенттер классикалық дәрістерге бағдарланбайды, интерактивті сыныптың пайдасына сүйенеді. Алайда, көптеген оқытушылар оқыту әдісін өзгерткісі келмейді немесе өзгерте алмайды. Академиялық топтар оқыту әдістерін өзгерту мәселесін көтергеннен кейін, жауап дереу

пайда болады: «...оқытушылар оқуды қаламайды, олар нашарлайды, оқығанды ұнатады, классикалық дәрістерге барады және семинарларға дайындалады, ал қазіргі заманғы студенттер үнемі жана, дәстүрлі емес, интерактивті құралдарды қажет етеді» [6].


Өткенге шынымен ностальгия ма? Немесе студенттер неғұрлым нашарлады? Оқу әдістерін өзгерту керек пе? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін жоғарғы оқу орнында студенттер мен оқытушылар бойынша ауқымды зерттеулер жүргізу керек. Біздің зерттеуімізді шектеулі өз жоғарғы оқу орнында алдық.

Профессор-оқытушылар құрамының сауалнамасы өткізілді, оған 15 адам қатысты: 7 оқытушы 35–50 жас аралығындағы, 8 адам және 51 жастан 70 жас аралығындағы. Бірінші топты «жас» деп атаймыз, екіншісі – «білікті» [7].

Зерттеудің негізгі сұрақтары 20 жыл бұрынғы студенттер мен бүгінгі студенттерді салыстыру мәселелері, сондай-ақ оқытушылардың академиялық пәндерді оқыту әдістемесіне деген көзқарасын анықтау болды.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, «20 жыл бұрын оқытушылардан, бүгінгі оқытушыла айырмашылығы бар ма?» деген сұраққа жауап берудің жалпы үрдісі көрсеткендей, оқытушылардың көпшілігі студенттердің қазіргі ұрпағы өздерінің алдыңғы студенттерден гөрі «нашар» деп жауап берді.

Диаграмма 1 – Қазіргі студенттердің 20 жыл бұрынғы оқытушылардан айырмашылығы



Студенттер, осындай оқытушылардың пікірі бойынша, тар көзқарасымен, өмірге деген тұтынушылық көзқарасымен, интеллекттің төменгі деңгейімен, тарихты нашар білумен және негізгі білімнің жеткіліксіздігімен ерекшеленеді.


Оқуға көп күш жұмсамайтын және оған бей-жай қарамайтын оқушылар көп. Көптеген адамдарда оқуға деген мотивациясы жоқ, олар әрдайым «студент-оқытушы» жүйесінде қашықтықты сезінбейді, олар өздерінің нақты қабілеттеріне қатысты кем сынға түседі, олар нәресте, аз жауапты. Жалпы алғанда, оқытушылардың бұл тобы заманауи студенттерді әлсіз және аз ынталандырады.

«Жас» оқытушылардың 35,5 % және «білікті» оқытушылардың 9 % ғана жақсы жаққа өзгерді деп санайды.

Оқытушылардың «Жас» оқытушылардың 43,5 % және «білікті» оқытушылардың 39,5 %, заманауи студенттердің барлығы әртүрлі деп есептейді: олар өткен жылдардағы студенттерге қатысты жақсы және нашар үшін өзгерді. Студенттер өздерінің қарым-қатынастарында тәуелсіз, еркін және ашық қарым-қатынаста болды, олар білім алуға және олардың болашақ мамандығына үлкен қызығушылық танытып, заманауи ақпараттық технологияларда жетілдірілуде. Бірақ, дүниетаным, интеллектуалдық қасиеттер және оқытудың жалпы деңгейі айтарлықтай төмендеді.

Сауалдамадағы келесі сұрақ: заманауи оқыту әдісі 20 жыл бұрын әдісімен ерекшеленеді ме, егер болса, онда? Талдау нәтижесі көрсеткендей (2-сурет), әртүрлі жас топтары мен жоғары оқу орындарынан келген оқытушылардың жауаптарында елеулі айырмашылық жоқ: адамдардың басым көпшілігі оқыту әдістерінде қатты ерекшеленетіндігін атап өтті.

Диаграмма 2 – Заманауи оқыту әдісі 20 жыл бұрын әдісімен ерекшеліктерінің талдау нәтижесі



Білім берудің тәсілдері мен әдістері өзгерді:
– инновациялық әдістер енгізілуде;

- интерактивті сабақтар өткізіледі;
- білім бақылау нысандары өзгерді;
- тестілеу, топтық жұмыс формалары кеңінен қолданылады;
- өте кең қолданылатын компьютерлік технология.

Дегенмен, кейбір оқытушылардың талаптары төмендейді, студентке барлық жағынан қызмет етуі және оған жағымды болуы қажет клиент ретінде қатынасы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, біз қазіргі студенттің нашарламағанын көріп отырмыз, ол жай ғана өзгеше, жаңа басымдықтар, жағдайлар, тәсілдер мен әдістер пайда болды. Бүгінгі күні жоғары оқу орындарында академиялық пәндерді оқыту әдістемесі өте өткір. Соңғы жылдары «классикалық» оқыту әдісімен қанағаттанбайтын жаңа ұрпақ өсіп келеді. Оқу түрлерінің қайсысы ең жақсы болып табылатыны туралы сұраққа оқытушылардың көпшілігі жауап береді: топтық жұмыспен интерактивті сабақтар, шағын дәрістер топтық талқылаумен және практикалық мәселелерді шешумен, мысалдармен жұмыс жасайтын талқылаулар. Саздылық, студенттердің бейресми қарым-қатынастары көбінесе белгілі бір пәннің оқыту әдістерін қазіргі білім беру және ақпараттық тәсілдерден оқшаулаумен анықталады. Біздің студенттеріміз 21-ші ғасырдың өнімі болып табылады, олар ата-аналарынан гөрі өз уақыттарына ұқсас, және де оларды оқыту инновациялық тәсілдер мен әдістерді талап етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Ситаров, В. А., Шутенко, А. И., Шутенко, Е. Н.** Психологические особенности социокультурного облика студенческой молодежи. Знание. Понимание. Умение.– 2009. – № 2. – С. 66–72.
- 2 **Субочева, А. О.** Социально-экономические основы совершенствования системы подготовки специалистов по управлению персоналом в налоговых органах. – М., 2005.
- 3 **Манухина, С. Ю.** Формирование социально-профессионального самоопределения молодежи в условиях непрерывного образования. – М., 2012. – 207 с.
- 4 **Ширванов, Р. А.** Применение информационных технологий для управления компетенциями в процессе обучения. Акмеология. – 2014. – № 3–4. – С. 196–197.
- 5 **Блинов, В. И., Виненко, В. Г., Сергеев, И. С.** Методика преподавания в высшей школе. – М. : Издательство Юрайт, 2014. – 315 с.

6 **Кох, М. Н., Пешкова, Т. Н.** Методика преподавания в высшей школе. – Краснодар : КубГАУ, 2011. – 150.

7 **Губайдуллина, Г. Н.** Педагогиканы оқыту әдістемесі. – Өскемен : С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. – 242 с.

Материал 11.12.19 баспаға түсті.

U. B. Kussainova¹, Zh. Sarsenbaeva², A. A. Seralieva³

Современный преподаватель: взгляд на студентов и методики преподавания в вузе

^{1,2,3}Инженерно-экологический факультет,
Кокшетауский университет имени Абая Мырзахметова,
г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 11.12.19.

U. B. Kussainova¹, Zh. Sarsenbaeva², A. A. Seralieva³

Modern teacher: a look at students and methods of teaching in high school

^{1,2,3}Faculty of Engineering and Ecology,
Kokshetau University of Abai Myrzahmetov,
Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 11.12.19.

В статье рассматриваются некоторые особенности работы преподавателя в высшем учебном заведении, а также даются индивидуальные рекомендации для преподавателей, которые ориентированы на процесс обучения в высшем учебном заведении, осваивают особенности методики преподавания, основы дидактики и педагогических навыков.

В статье представлены результаты и анализ социологического исследования на тему «Отношение профессорско-преподавательского состава высшего учебного заведения к современным студентам и технологиям преподавания учебных дисциплин». В исследовании участвовали преподаватели различных возрастных групп.

Показаны некоторые тенденции отношения профессорско-преподавательского состава высшего учебного заведения к современным студентам. Рассмотрены отношение профессорско-преподавательского состава к актуальной проблеме обновления образовательных технологий, методики преподавания, отношение

преподавателей к изменению подходов и технологиям образования в современном высшем учебном заведении.

Выявлена общая тенденция положительного отношения преподавателей к интерактивной методике преподавания, а также мнение преподавателей, что при интерактивной методике обучения восприятие и запоминание учебного материала студентами значительно лучше, чем при классической методике.

The article discusses some features of the work of a teacher at the university, and also gives individual recommendations and recommendations for teachers who are focused on the teaching process at the university, master the features of teaching methods, master the fundamentals of didactics and master the fundamentals of pedagogical skills.

The article presents the results and analysis of the sociological study on «Attitude of faculty members of universities to modern students and technology teaching». The study involved teachers of various age groups.

Shows some trends in the attitudes of faculty members of universities to modern students. Consider the ratio of teaching staff to the topical problem of educational technology, methods of teaching; teachers' attitudes to the changing approaches and technologies of education in the modern University.

Revealed a General trend of a positive attitude of teachers to interactive teaching methods, as well as the views of teachers, interactive teaching methods perception and memorization of learning material by students is significantly better than the classical method.

Э. О. Куткельдиева¹, А. Қ. Қозыбай²

¹докторант, Математика, физика және информатика институты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., А05Н1У7, Қазақстан Республикасы

²п.ғ.д., профессор, Математика, физика және информатика институты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., А05Н1У7, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹elzira_87@mail.ru; ²k.anarbek@gmail.com

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Осы ғылыми мақалада техникалық және кәсіптік жоғары оқу орындарында физика пәнін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану ерекшеліктері мен артықшылықтары қарастырылады. Физика сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы студенттің ақпараттық күзиреттілігін қалыптастыру қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Физика пәнінен сабақ оту кезінде виртуалды құралдардың басқа электронды оқу қорларынан ерекшелігі арнайы программалық қамтамасыздандырудың бар болуында. Осындай виртуалды құралдар мен технологиялар негізінде жасалған лабораториялық жұмыстар оқу формасын ұйымдастырудың күрделі түрін, ол жаңа ақпараттық технологиямен жабдықталған оқу үрдісінің инновацияланған формасы екенін қарастырған. Сонымен қатар, физика сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі көрсетілген.

Кілтті сөздер: ақпараттық технология, электронды оқулық, виртуалды-анимациялық технология, виртуалды зертханалық жұмыс, эксперимент, физикалық құбылыстар.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту концепциясында «Жоғары білім берудің негізгі тенденциясы болып мамандар даярлау сапасын арттыру, даярлаудың жаңа бағыттарын қамтамасыз ету,

инновациялық даму, қарқынды ғылыми-зерттеушілік әрекеті бар интеграция, білім беру және ақпараттық технологияларды жақсарту нәтижесінде жоғары оқу орындары зерттеу жұмыстарының қоғамдық қажеттіліктермен тығыз байланыста болып табылады» – деп жазылған [1].

Қазақстан Республикасының қазіргі білім жүйесінің стратегиялық мақсаты жоғары білімді бәсекелестік қабілеті мол шығармашыл тұлға қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Білім беруді дамытудың жалпы тенденциялары білім алушылардың білім мен біліктерін елеулі түрде көтерумен шектелмейді, сонымен қатар, олардың мәдениетін, қабілетін барынша дамытуды, бала денсаулығын сақтап, нығайтуды, адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастыруды көздейді.

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгінгі, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болып отыр. Оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың оқу-танымдық белсенділіктері мен оқуға деген көзқарастары өз дәрежесінде емес. Осы проблеманы жаңа ақпараттық технологияны тиімді пайдалану арқылы шешуге болады.

Осыған орай, егеменді еліміздің бүгінгі таңдағынегізгі міндеттерінің бірі – жан-жақты дамыған, алдыңғы қатарлы елдермен теңесу. Ал оған жетудің басты жолдарының бірі – әлемдік білім кеңістігінен орын алу. Мұның өзі ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, оны тың арнаға, жаңа сапаға жеткізу қажеттілігін міндеттейді. Сондықтан да білім мазмұнын байыту, оқыту үдерісін жетілдіру, инновациялық технологияларды дүниеге әкелу, жан-жақты дамыған, рухани бай, өз елін, халқын жанымен сүйетін тұлға қалыптастыру өз шешімін қажет ететін, кезек күттірмей, іс жүзіне асыратын мәселе болып отыр.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық - коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту,

ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған [2].

Ал Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарламада «E-learning» электронды оқыту жүйесі бойынша білім беру сапасын және басқару тиімділігін арттыру үшін оқу процесін автоматтандыру, педагогтар мен білім алушыларды ең жақсы білім беру ресурстарына және технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсаты атап көрсетілді [3].

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында студенттер меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде.

Физика сабақтарында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- студенттің өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеуі;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыруы;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуі;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- студенттің ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Физикалық процестер мен құбылыстарды модельдеу оқу процесін дамыту мен жетілдірудің болашағы болып табылады, әсіресе оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруда, зерттеу жұмыстарын дамытудағы ролі ерекше. Физикалық эксперименттерді модельдеу – оқытушыға сабақта физикалық ұғымдардың мағынасын тереңірек ашуға, оқушыларды физиканың

қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, физикалық құбылыстармен зерттеу әдістерін толық түсіндіруге мүмкіндік береді [4].

Еліміздің ғылыми және техникалық дамуы, өркениетке жол бастауы – техникалық пән болып табылатын физиканың еншісінде. Сондықтан физиканы сапалы оқыту және оқыту барысында оқу практикумы арқылы – эксперименттік қойылымдар мен тәжірибелерді меңгеру, теория мен практиканы ұштастыра оқыту ең маңызды заман талабы болып табылады. Жалпы физика курсының міндеттері мен талаптары – сапалы білім беру, ғылым құндылығын және оқу біліктілігін, дағдысын арттыру қажеттілігін қанағаттандыру, болашақтағы кез-келген маманның кәсіби жетілуі мен мамандануы үшін қажет талаптарды орындау.

Елімізде оқытудың жаңа технологияларын пайдалану барысында, яғни жалпы білім беретін орта мектептер мен техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде, сондай-ақ, жоғары оқу орындарында (ЖОО) білім беруді жаңарту жобасы оқыту шеңберінің аясында жалпы физика курсы арнайы бағдарламалар көмегімен компьютерде виртуалды-зертханалық, мультимедиялық және көрнекілік түрдегі анимациялар көмегімен оқыту, демонстрациялық анимация жасау, физикадан виртуалды лабораториялық жұмыстарын орындаудың мүмкіншіліктері жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларға қарай бейімделіп келеді. Интернет желісінің білім туралы сайттарын оқығанымызда оқытудың жаңа технологиялары мен факторлары, ақпараттық қажеттіліктің әр түрлі қайшылықтары мен үйлесімділік жүйесін анықтайды. Осындай бағыттағы жаңа зерттеулердің даму деңгейі ғылым мен практиканың және виртуалды зертханалық жұмыстардың қажеттіліктерін жоғары деңгейде толығымен жеткілікті дәрежеде қанағаттандыра алмайды. Оның негізі – оқу және оқыту үрдістерін жаңа технологиялармен ақпараттандыру болып табылады.

Қазіргі таңдағы заманауи компьютерлер арнайы математикалық бағдарламалар көмегімен ақпараттық модельдерді құруға мүмкіндік береді. Оларды әр түрлі пәндер бойынша білім сапасын тексеру және бағалау мақсатында немесе жаңа ақпараттарды үйретуге, көрнекі түрде физикалық құбылыстарды көрсету мақсатында қолдануға болады. Бірақ-та компьютерлік модельдердің мультимедиялық технологиялары, виртуалды-анимациялық технологияға негізделген ерекше түрі, ғылымда және білім беру жүйесінде қолданылатын әртүрлі құралдардың арнайы моделі болып табылады. Мұндай виртуалды лабораториялық жұмыстар нақты зертханалық құралдарды ауыстыру үшін қолданылады және мұғалімнің қол жетімділігінде жоқ болып тұрған, бірақ-та тақырып бойынша солармен көруді қажет ететін жағдайларда қолданылады. Көптеген жағдайларда, оқу орындарының оқыту зертханасында қарапайым физикалық құралдар, сонымен қатар олардың дайын компьютерлік моделдері де

қолданылады. Мұндай көрнекі физикалық құралдарды пайдалану көптеген оқу орындарындағы пәндерді оқыту сапасының жағдайларын анағұрлым дәрежеде арттыруға әкелетініне көзіміз жетеді. Мұндай пәндер қатарына ЖОО-дағы жалпы физика курсы айтуға болады.

Болашақ инженер-техник және медицина саласындағы мамандарға физикалық білім беруде ақпараттық технологиялар (АТ) мен бірге жаңа педагогикалық технологияларды (ЖПТ), виртуалды зертханалық жұмыстарды (ВТЖ), физикадан тәжірибелер мен процесстерді компьютер көмегімен модельдеп оқыту анағұрлым болашағы бар актуалды мәселелердің бірі болып табылады. Виртуалды–анимациялық компьютерлік модельдер мұғалімге компьютер экранында көптеген физикалық эффекттерді көрсетуіне мүмкіндік береді, дәстүрлі сабақтармен кедергісіз қатарластырылады, сонымен қатар, студенттердің жаңа дәстүрлі емес оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Студенттер оқытушының жетекшілігімен немесе өздігінен физика сабағынан зертханалық жұмыстарды орындау кезінде физикалық шамаларды өлшеу әдістерімен, тәжірибелер мен процесстерді зерттеумен, өз бетімен физикалық құралдарды пайдалануда және оларды құрастыру жолдарымен танысады, өздігінен тәжірибе жұмысын жүргізуге мүмкіндік алады. Қазіргі таңда дәрістік және зертханалық сабақтардың көбі физиканы үйренуге арналған әртүрлі педагогикалық бағдарламалық құралдарды (ПБК) немесе физика бойынша виртуалды зертханалық жұмыстарды жетілдіруге бағытталған болып табылады және олар компьютерлік бағдарламалардың көмегімен өткізіледі. Заманауи ғылымның даму сатысында оның әдістемелік бағытталуы ғылыми ойлау стилінің беделді ерекшелігі болып келеді. Есептеу құралдармен ПБК-ның қарқынды дамуына сай, қазіргі таңда физика бойынша кейбір зертханалық жұмыстар, программаланған виртуалды – анимациялық технологиялармен жүргізіледі [5].

Сондай-ақ, кәсіптік-техникалық және жоғары оқу орындарында физика бойынша білім берудің жаңа әдістемесінің дамуы мен жаңалануы әртүрлі бағыттарда жүргізіліп келеді. Бір-бірінен көлемі, құрылымы мен мазмұны бойынша ерекшеленетін әртүрлі бағдарламалардың пайда болуы, заманауи ақпараттық технологиялар мен жаңа педагогикалық технологиялар оқу процесін компьютерлендіру идеясы физикадан білім беру әдістемесіне өз әсерлерін тигізеді. Дегенмен, виртуалды зертханалық жұмыстар толығымен шынайы физикалық зертхананы ауыстыра алмайды, бірақ бірін-бірі өздігінен толықтырады. Оларды орындауға көп уақыт кетпейді, сондықтан белгіленген тақырыптағы шынайы эксперименттерге, виртуалды-анимациялық түрдегі жұмыс, қосымша тапсырма ретінде де ұсынылуы мүмкін.

Қазіргі заманғы физикалық білім беру әдістемесі табиғат туралы білімнің модельдік сипатымен сипатталады, себебі физикалық білім тікелей шынайы

нысандармен, үрдістер немесе құбылыстармен емес, сол нысандардың моделімен байланыстырылған. Дегенмен, қолданыстағы физика бойынша жасалған бағдарламалар, заманауи жоғары оқу орындарының оқулықтары мен құралдары, физика мұғалімдеріне арналған әдістемелік әдебиеттер, сондай – ақ, жоғары оқу орнында физика практикасын өткізу құралдарының талдауы мынаны көрсетеді: жалпы алғанда, білімнің әдістемелік құраушысы өзінің ғылымдағы ролінде дұрыс келтірілмеген. Жоғары оқу орнында физиканы оқыту әдісі мен тәжірибесінде концепция мен физикалық құбылыстарды, процесстерді модельдеу әдістемесін жүйелі сипаттау мәселесі толығымен жасалмаған, соның ішінде физика бойынша теориялық материалды меңгеру кезінде жасалатын зертханалық жұмыстар да бар [6].

ҚОРЫТЫНДЫ

Инновациялық технологиядағы педагог жұмысы мына функцияларды қамтиды:

– оқу процесін тұтас топ, тұтас пән деңгейінде ұйымдастыру (оқу процесінің графигі, ішкі диагностика, қорытынды бақылау);

– топ ішіндегі белсенділік пен үйлесімділікті, жұмыс орындарын орналастыруды, нұсқаунаманы, топ ішіндегі желіні басқаруды және т.с.с. ұйымдастыру;

– білім алушыларды жекке бақылау, жеке көмек көрсету, баламен жеке «адамдық» байланыс орнату. Компьютер көмегімен визуалды жеке есту бейнелерін қолданатын жеке оқытудың идеалды варианттарына қол жеткізуге болады;

– ақпараттық желі компоненттерін (әртүрлі оқу, демонстрациялық жабдықтар, дербес компьютерлік бағдарламалық құралдар мен жүйелер, оқу-көрнекі құралдар және т.с.с.), олардың пәндік мазмұнының белгілі оқу курсымен байланысын дайындау.

Сонымен қатар, қазіргі таңда оқыту барысында заманауи ақпаратты – коммуникациялық технологияны қолдану – білім сапасының артуына көмектесуі айқын. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде ой – өрісі дамыған шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын білім беру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу қажет деп ойлаймыз.

ПАЙДАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту концепциясы

2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы

3 Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

4 «Физика және астрономия» журналы. – № 4. – 2007.

5 Сапарбаев, Т., Күткелдиева, Э. О. Физика курсының «Тұтас орта механикасы негіздері» тарауын оқытудың жаңа технологиялары. – Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, 2016.

6 Сапарбаев, Т., Бижанов, Е., Куткелдиева, Э. О. Физиканы оқытуда электронды оқулықтарды қолданудың әдістері.-VI халықаралық ғылыми практикалық интернет конференция: Жаһандану үрдісінде ғылым мен білімнің келешегі мен даму тенденциясы. – Переяслав-Хмельницкий, 2015. – № 6. – 50 б.

Материал 11.12.19 баспаға түсті.

Э. О. Куткелдиева¹, А. К. Козыбай²

Инновационные технологии обучения физике в высших учебных заведениях

^{1,2}Институт математики, физики и информатики,

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

г. Алматы, А05Н1У7, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 11.12.19.

E. O. Kutkeldiyeva¹, A. K. Kozybay²

Innovative technologies of physics training in higher educational institutions

^{1,2}Institute of Mathematics, Physics and Informatics,

Abai Kazakh National Pedagogical University,

Almaty, A05N1U7, Republic of Kazakhstan.

Material received on 11.12.19.

В этой научной статье рассматриваются особенности и преимущества использования инновационных технологий в преподавании предмета «Физика» в техническом и профессиональном учебных заведениях. Формирование информационной компетентности учащегося с использованием информационных технологий на уроке физики позволяет использовать современные информационные технологии, электронные учебники и интернет-ресурсы для развития творческих способностей учащегося в учебном процессе. Когда дело доходит до физики, виртуальная реальность отличается от других ресурсов электронного обучения в присутствии специального программного обеспечения. Лабораторные исследования, основанные

на этих виртуальных инструментах и технологиях, показали, что наиболее сложная форма обучения – это инновационная форма образовательного процесса, оснащенного новыми информационными технологиями. А также показана эффективность использования информационно-коммуникационных технологий на уроках физики.

This scientific article discusses the features and benefits of the use of innovative technologies in the teaching of the subject «Physics» in technical and vocational schools. Forming a student's information competence using information technologies in a physics class allows using modern information technologies, electronic textbooks and Internet resources to develop a student's creative abilities in the learning process. When it comes to physics, virtual reality is different from other e-learning resources in the presence of special software. Laboratory studies based on these virtual tools and technologies have shown that the most complex form of education is an innovative form of the educational process, equipped with new information technologies. And also shows the effectiveness of the use of information and communication technologies in physics lessons.

М. А. Маретбаева¹, А. К. Алпысбаева²

¹ф.ғ.к., доцент, Қарағанды медицина университеті, Қарағанды қ., 100008, Қазақстан Республикасы;

²магистр, аға оқытушы, Қарағанды медицина университеті, Қарағанды қ., 100008, Қазақстан Республикасы

e-mail: jarasai160515@mail.ru

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Оқу үдерісін ұйымдастыру мен жүргізуде студент пен оқытушыға бірдей қолайлы жағдай тудызу – қазіргі оқыту технологияларын қолдану арқылы жүзеге асады. Жаңа әдістемелер мен технологиялардың негізінде оқу үдерісін жүйелі құру студенттердің танымдық шығармашылық қабілеттерін арттырады.

Мақалада білім алушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамытуда оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану қарастырылды. Тиімді әдіс-тәсілдерді сабақта ұтымды қолдану білім алушылардың қызығушылығын тудызып, тілді игеру қабілетін, өзіндік ізденістерін дамытуға ықпал ететіні туралы баяндалды.

Кілтті сөздер: жаңа технологиялар, қарым-қатынас, оқу үдерісі, коммуникативтік қабілет, модульдік оқыту, тілді үйрету.

КІРІСПЕ

Коммуникация адамдардың танымдық үдерісінде өзара қарым-қатынас жасау формасының ерекше түрі болып табылады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас тіл арқылы жүзеге асады.

Тілді оқыту әдістемесінің әлемдегі даму жолы түрліше. Тілді үйрету мен арнайы оқытуда әрбір жаңа кезеңде жаңа әдістер қосылып, тіл білімінің, педагогиканың, психологияның, техниканың дамуындағы жаңалықтар да өз әсерлерін тигізіп жатады.

Әдіскер-ғалымдардың елеулі еңбектерінің арқасында қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіру әлемдік стандартқа сай икемделуде.

Жаңа әдістемелер мен технологиялардың негізінде оқу үдерісін жүйелі құрып, студенттердің танымдық шығармашылық қабілеттерін арттыру үшін тиімді әдіс-тәсілдерді әрбір оқытушы ұтымды қолдана білуі керек. Осы жағдайларды ескере және тіл үйрету мақсатын алға қоя отырып, сабақта

коммуникативтік технологиялар қолданылады. Коммуникативті әдісті ұстанған әдіскерлер Е. И. Пассов, А. А. Леонтьев, В. Г. Костомаров, Г. А. Китайгородов т.б. бұл әдістің ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан тиімді екенін дәлелдеген.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Оқытушының тиімді әдістерді таңдауы білім алушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттырып, олардың жақсы оқуына, оқу материалын жақсы ұғып алуына ықпал жасайды. Таңдаған әдісі студент санасына дарып, оның білім алуына жағдай жасаса, оқытушының еңбегі нәтижелі болатыны сөзсіз. Оларға қазақ тілін үйрету арқылы дүниетанымын кеңейтіп, рухани дамытып, жан-жақты білім беруде коммуникативтік жаттығулардың алатын орны ерекше. Тіл үйренушілердің қазақша сөйлеу тілін коммуникативтік тұрғыдан дамыту олардың мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, пікірлесуіне мүмкіндік жасайды, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Коммуникативтік бағыт тілді оқытуда қарым-қатынасты сөйлесім әрекеттері арқылы жүзеге асыруды көздейді, сөйлесім біліктілігін арттырады.

Қарым-қатынас түрлері көп. Тілдік қатынас тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысу, түсіну, яғни, «адамзаттың тіл арқылы қатынасқа түсуі тілдік қатынас» дегенді білдіреді [1].

Сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен іске асырылады:

а) жұптық

ә) топтық

б) ұжымдық

Қарым-қатынастық қатыспен тіл үйретуде функционалдық жұмыстар жүргізіледі. Себебі тілдік қызмет қарым-қатынас кезінде кейбір функцияларды атқарады. Студент сөздерді білсе де, грамматикалық форманы біле тұра, сөйлесе алмайды. Оның себебі, үйрену кезінде тілдік қызметтің функциялары алшақтанып, бөлек қалады. Коммуникативтік технологияның негізгі принципі функционалдық болып табылады.

Функционалдық принцип қарым-қатынасқа керек материалды жинақтайды. Коммуникативтік әдіс ситуация арқылы жүзеге асырылады. Бұл үшін студенттерді оқу үдерісіне белсенді түрде қатыстырылатын әрекет түрлері ұйымдастырылады. Мысалы, бұйрық рай категориясын қарастыру кезінде өмірде жиі қолданылатын жағдаяттар (ситуация):

– Өтініш жасау

– Бұйрық беру

– Рұқсат беру

Бұл жағдаяттарды жұптық, топтық, ұжымдық жолмен жүзеге асыруға болады. Біздің мақсатымыз уәждеме (мотивация) туғызу арқылы грамматикалық дағдыны қалыптастыру болғандықтан, жағдаятты түрлендіре отырып, студенттерді сөйлету арқылы дағдыландыра аламыз:

– Досынан кітап беруін өтіну, уақыттың неше екенін сұрау, оны үйіне шақыру.

– Берілген ақпаратты қайталап сұрау, түсіндіруін өтіну.

– Достарын қонаққа шақыру.

Сондай-ақ, студенттердің мамандықтарына байланысты ситуациялық ойын түрінде келесі тапсырмалар беріледі:

– Науқастың жүрегін, өкпесін тыңдап, қан қысымын өлшеуіңіз керек.

Науқас адаммен араңызда қандай сұхбат болады?

– Тісі ауырып келген науқаспен арадағы сұхбат.

– Ауру сәбидің анасымен сұхбат.

Бұл форма студенттердің естерінде жақсы сақталу үшін:

– Сау бол/ыңыз.

– Хош бол/ыңыз, – деп күнде қоштасқанда айтылатын сөздер де осы бұйрық рай формасында екеніне назар аударылады. Грамматикалық форманы таныстыру тіл үйренушінің белсенді қатысуымен, таңдаулары негізінде жүргізіліп, қорытынды жасаумен аяқталады.

Студент пен оқытушыға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу үдерісін ұйымдастыру және жүргізу - бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі.

Қазіргі кезде жаңа оқыту технологияларының ішінде модульдік технология көп таралуда. Әдіскер ғалымдар Г. М. Кусаиновтың «Новая педагогическая технология: методология, теория и практика»,

Ж. Қараеваның «Денгейлеп оқыту технологиясы» атты еңбектерінде модуль-блок жүйесіне негізделген технологияның ерекшелігі мынадай жалпы санына қарамастан, кіріспе және қорытынды бөлімдерге 1–2 сағат беріледі де, ал қалғаны сұхбаттасу бөліміне тиесілі болады [2].

1 Кіріспе бөлімінде студенттер оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндетімен танысады. Оқу материалы қысқаша сызба, кесте және т.б. сүйене отырып беріледі.

2 Сұхбаттасу бөлімі шағын топтарға бөлу арқылы, негізінен студенттердің өзара әрекет етуіне сәйкес құрылған. Оқу материалын қайта жаңғырту, білім, білік және дағды қалыптастыру мақсатында алған білімдерін талдау, оқытуды ойын түрінде ұйымдастыру, пікірталас, топтық жұмыс оқытудың міндетті шарты деуге болады.

Қазақ тілін дамымалы технология әдісімен оқытуда орындалатын тапсырмалар мен жаттығулар студенттің ойлау, есте сақтау қабілетін дамытатын болуы тиіс. Бұл орайда деңгейлік тапсырмалардың атқаратын қызметі зор. Өйткені деңгейлік тапсырмалар жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын, ізденушілікке, шығармашылыққа баулитын жұмыстар.

Тағы бір ерекшелігі тұлғаның танымдық қабілетін дамытуға, сондай-ақ тұлғаның шығармашылығын арттыруға, сөздік қорын дамытуға бағытталуы.

1 Модульдік технологияның негізгі идеялары:

2 Модульдік оқыту іс-әрекеттік ұстанымға негізделеді.

3 Модульдік технология дамытып оқыту идеясының негізінде құрылады.

Модульдік технология негізінде бағдарламалап оқыту әрекеттердің нақтылы және логикалық болуы, студенттердің белсенділігі мен өздік әрекеті, жұмыстың дара қарқыны, қорытындыларды үнемі тексеру (аралық және қорытынды бақылаулар), өзін-өзі бақылау және өзара бақылау бұл бағдарламалап оқытудың қасиеттері.

4 Технологияның интенсивті сипаты оқыту үдерісін оптимизациялау талабын, яғни өте жақсы нәтижеге күш, уақыт және құралдардың ең аз жұмсалуды арқылы жетуді қажет етеді.

Сонымен модульдік технология төмендегі бес қадамға байланысты ұйымдастырылады:

– модульдің интеграциялау мақсатын анықтау;

– сабақ типінің логикасына байланысты оқу элементтерін бөлу;

– әр оқу элементінің мақсатын қалыптастыру;

– әр оқу элементінің мазмұнын анықтау;

– электрондық оқулықтар арқылы нұсқаулар мен кеңестерді құрастыру.

Электрондық оқулық оқу пәнінің негізгі ғылыми мазмұнын қамтитын компьютерлік технологияға негізделген оқыту, бақылау, модельдеу, тестілеу т.б. бағдарламалардың жиынтығы.

Электрондық оқулықтың жетістіктері мыналар болып табылады: шұғыл кері байланысты қамтамасыз етеді; дәстүрлі оқулықта көп іздеуді қажет ететін ақпаратты тез табуға көмектеседі; гипермәтінді түсіндірмелерді бірнеше рет қарап шығу барысында уақытты анағұрлым үнемдеуге мүмкіндік береді; қысқа мәтіндермен қатар көрсетеді, әңгімелейді, жобалайды; әрбір студентке дербестік тұрғыдан қатынас жасауға мүмкіндік беріп, олардың өз бетінше білім алуын қамтамасыз етеді; белгілі бір бөлім бойынша білімді тексеруге мүмкіндік туады [3].

Қазақ тілін оқыту үдерісін жандандыратын, сапасын арттыратын әдістің бір түрі технологиялық оқу құралдары. Сондай-ақ, көрнекілікті қолдану

нәтижесінде студенттің қабылдағыштығы артады. Мұның өзі білімнің терең болуына әсер етеді. Техникалық құралдарды қолданудағы мақсаттың бірі студенттердің қазақша сөйлеуіне эталон болатын дыбыстық айтылу бейнесін жасау. Қазіргі компьютерлік технологиялардың даму барысы кезеңінде мультимедиялық бағдармалар мен электрондық оқулықтардың кең көлемде қолданылуы заман талабына сай құбылыс деуге болады.

Компьютердің көрсетуі бойынша әр студент өз жұмысын дер кезінде түзеп отырады. Әрбір тапсырманы орындаған сайын, оның қаншалықты табысты өтіп жатқандығы туралы компьютер мәлімет беріп отырады. Дұрыс нәтижеге өзі ойланып, еңбектеніп, қателерін түзей отырып жететіндіктен, тілдік материалдың қандай жағдайда дұрыс қолданылатынын студент нақты ұғынады. Сонымен, тілді үйретуде компьютердің маңызы зор. Компьютер студенттің өз бетінше жұмыс істеуіне, олардың танымдық белсенділігін арттыруына үлкен көмек көрсетеді.

Оқу материалдарының меңгерілу деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін тәсілдің бірі тест жұмыстары. Тест арқылы бағалау студенттер үшін де, оқытушы үшін де өте қолайлы.

Коммуникативтік қабілетті дамыту дегеніміз тіл үйренушінің қазақ тілін қолдана отырып, тұрмыстық, оқу, кәсіби, мәдени өмірінде өзіне өзекті болып табылатын қазақша тілдік міндеттерді шеше алуы; қазақ тілінің нормасына сай қазақша сөйлеу және жазу, тыңдау-түсіну, оқу-түсіну міндеттерін шеше алуы. Коммуникативтік қабілет адамның жеке тұлғалық қасиетіне бірден айналмайды, ол қазақша қарым-қатынас жасау барысында ғана танылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан оқыту дегеннің өзі функционалдық-мағыналық тұрғыдан меңгеруді білдіреді. Коммуникативтік технология, негізінен, сөйлеу әрекетінің есту, сөйлеу, оқу, жазу түрлерінің өзара біртұтас байланыстағы кешенді оқытуға сүйенеді. Коммуникативтік технология жүйесімен оқыту арқылы оқушыға қазақ тілінің түрлі салада қызмет ету тетіктері түсіндіріледі және қолдану дағдылары меңгеріледі [4].

Қазіргі қоғам талабына сай оқыту процесін тиімді ұйымдастыру үшін жаңа технологияларды қолдану мемлекеттік тілді үйрету саласында ғылыми негізделген жаңа көзқарастардың, жаңа ағымдардың пайда болуына ықпал етеді. Оқытушының әдістеме түрлерін әр сабақтың қоятын мақсатына сай талғап, шеберлікпен тиімді қолдануы студенттердің қызығушылығын арттырып, тілге қабілетін, өзіндік ізденістерін дамытады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Қадашева, Қ.** Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы : Мұрагер, 2005. – 119 б.

2 **Ерназарова, З. Ш.** Көпұлтты қоғамда қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. // «Қазақ тілі: әдістеме» журналы. – 2006. – № 6.

3 **Сариева, К.** Жаңа технологияны қолдану жолдары. // «Қазақ тілі: әдістеме» журналы. – 2001. – № 7.

4 **Құрман, Н. Ж., Әбушәріп, Ә.** Оқытудың инновациялық технологиялары. Монография. – Астана, 2014. – 140 б.

Материал 11.12.19 баспаға түсті.

М. А. Маретбаева¹, А. К. Алтысбаева²

Развитие коммуникативных способностей обучающихся

^{1,2}Медицинский университет Караганды,
г. Караганда, 100008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 11.12.19.

М. А. Marethaeva¹, А. К. Alpysbaeva²

Development of learners' communication abilities

^{1,2}Karaganda Medical University,
Karaganda, 100008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 11.12.19.

Создание благоприятных условий для студентов и преподавателей при проведении и организации учебного процесса осуществляется с применением современных технологий обучения. Создание учебного процесса на основе новых методик и технологий повышает творческие и познавательные способности студентов.

В статье рассмотрены применение эффективных способов и методов обучения в развитии коммуникативных способностей слушателей. При этом отмечено, что эффективное применение методов и способов во время уроков повышает интерес слушателей, способность изучения языка, и развития самооценки.

Creating favorable conditions for students and teachers when conducting and organizing learning process is carried out using modern teaching

technologies. Creating a learning process based on new methods and technologies increase creativity and cognitive abilities of students.

The article looks at the application of effective techniques and teaching methods in the development of students' communication skills. It also discusses the effective application of methods and techniques during lessons, increases interest of students to the subject, their ability to learn the language, and self-esteem.

FTAMP 15.21.51

Б. А. Матаев¹, Г. М. Тулекова²

¹психология магистрі, 6D010300 «Педагогика және психология» мамандығының PhD докторанты, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы
²Доктор PhD, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹mataev_berik@mail.ru

«МЕН» КОНЦЕПЦИЯ ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ПӘНІ РЕТІНДЕ

Психологиялық ғылымдағы «Мен» концепцияны зерттеудің теориялық және әдіснамалық аспектілеріне талдау жасалды. «Мен» концепция ұғымымен қатар қолданылатын өзін-өзі тану, өзіндік сана, өзін-өзі бағалау түсініктерін анықтаудың әртүрлі тәсілдеріне және психологиялық теориялар мен тұрғыларға шолу жасала «Мен» концепцияның тұлға дамуындағы ролі айқындалды.

Сондай-ақ, мақалада отандық, ресейлік және алыс шетелдік зерттеушілердің «Мен» концепциясына теориялық шолуы барысында анықталған сипаттамалары мен зерттеулерінің ерекшеліктері қарастырылады. Тұлғаның даму ерекшеліктері мен оның қоғамдағы қалыптасуы туралы сөз қозғалып, «Мен» концепцияның құрылымы ашып көрсетіледі.

Кілтті сөздер: «Мен» концепция, өзіндік сана, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану, өзіне қатынас, эго-бірегейлік, «Мен» жүйе.

КІРІСПЕ

Ғылыми әдебиеттерде «Мен» концепция ұғымы тұлғаның психикалық және психологиялық құрылымдары мен процестерін сипаттау және зерттеу

қажеттілігімен пайда болды. Ол «Мен», өзіндік сана, өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, өзі туралы көзқарас және басқа да ұғымдармен кейде бірге қолданылады.

«Мен» концепция ұғымының мазмұны мен мәселесі қазіргі уақытқа дейін аз зерттелген және пікірталаста. Бұл феноменді зерттеуге «Мен», өзіндік сана, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану және т.с.с. мәселелерді баяндаған, оны әртүрлі көзқарастар мен тұғырлар арқылы зерттеген көптеген ғалымдар үлесін қосты.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Мен» мәселесін алғашқы зерттеуші және негізін қалаушы У. Джеймс деп санауға болады. Жаһандық тұлғалық «Мен»-ді, ол екі жақты білім ретінде қарастырып, «Мен» саналы және «Мен» объект бірігеді. Бұл бір тұтастықтың екі жағы және әрдайым бір уақытта байқалады. Олардың бірі таза тәжірибе, ал екіншісі – осы тәжірибенің мазмұны» – дейді [1].

Мәселен, XX ғасырдың басында «Мен» әлеуметтану аясында Ч. Х. Кули [2] және Дж. Г. Мид [3] зерттеді. Авторлар «айналы мен» теориясын дамытып, онда қоғам «Мен» дамуын және «Мен» мазмұнын да айқындайды деген пікірді ұстанады. «Мен» дамуы сенсорлық сигналдардың екі түрі негізінде жүреді: тікелей қабылдау және адам өзін сәйкестендіретін адамдардың дәйекті реакциялары. Бұл ретте «Мен» орталық функциясы ол топ мүшесі болып табылатын индивид мәртебесінен шығатын қоғамдағы генерализацияланған ұстаным ретіндегі бірегейлік болып табылады.

Психоаналитикалық мектепте, атап айтқанда З. Фрейд «Мен» дене уайымымен тығыз бірлікте қарап, адамның психикалық дамуында басқа адамдармен қарым-қатынас және әлеуметтік байланыстардың маңыздылығын көрсетеді, сонымен бірге барлық психикалық актілерді дененің биологиялық табиғатынан шығарады [4].

Классикалық психоанализдің ізбасарлары Э. Эриксонның психоәлеуметтік концепциясында, Г. Салливанның тұлғааралық қатынастар мектебінде, Х. Кохуттың жеке «Мен» теориясында биологиялық рөлінің қоғамға әсерін зерттеуге арналған «Мен» концепциясының проблемасын ашудағы екінің екінін ығыстырды. Осы «Мен» концепцияларындағы адамның әртүрлі жазықтықтағы биологиялық тіршілік пен қоғамның өзара іс-қимылын талдау шеңберінде қарастырылады. Нәтижесінде «Мен» туралы түсініктердің эволюциялық, динамикалық және құрылымдық теориялары қалыптасты.

К. Хорни концепциясында «өзекті», немесе эмпирикалық «Мен» – идеалданған «Меннен», бір жағынан, және нақты «Мен» – екінші жағынан бөлінеді. Өзекті «Менді» К. Хорни сол уақытта адам (дене, жан) болып табылатын және қамтитын ұғым ретінде анықтады. Идеалданған «Менді» «иррационалдық қиял» арқылы сипаттайды. Жеке өсу және өзін-өзі жүзеге

асыру, невроздан толық сәйкестендіру және еркіндік бағытында әрекет ететін бастапқы күшті, К. Хорни нақты «Мен» деп атады, ал идеалданған «Менді» қарсы және оған жету мүмкін емес, – делі [5].

Дж. Лихтенберг «Менді» төрт сатылы өздік «Меннің» даму сызбасы ретінде қарайды. Бірінші элемент – өзін-өзі дифференциациялау деңгейіне дейін дамыту (алғашқы тәжірибені қалыптастыру), екінші элемент өзі туралы көзқарастың реттелген топтарының бірігуімен, үшіншісі - өзі туралы барлық дене түсініктерінің «Мені» байланысқан және аса үлкен «Мен» бейнелерінің бірігуімен, төртіншісі - психикалық өмірде байланысты «Мен» ретке келтірумен және оның эго-ға ықпалымен ұсынылған [6].

Дж. Марсиа «Мен» бірегейлігін қалыптастыру барысында индивидтің өзін-өзі тану дәрежесіне байланысты анықталатын оның төрт мәртебесі бөлінетінін нақтылады:

- қол жеткізілген сәйкестілік (өзін іздеу және зерделеуден кейін белгіленген);
- сәйкестендіру мораторийі (ұқсас дағдарыс кезеңінде);
- төленбеген сәйкестік (өзін-өзі тану процесінсіз басқалардың ұқсастығын қабылдау);
- диффузды сәйкестік (біреу алдындағы қандай да бір ұқсастықтан немесе міндеттемелерден айырылған) [7].

Классикалық психоанализде сана мен өзіндік сана бір жазықтықта болатын және бейсаналық тартымдылық пен импульстердің әсерін сезінетін құбылыс ретінде қарастырылады. Өзіндік сана бір жағынан, танылмайтын жыныстық тартылымдардың үздіксіз қысымымен және екінші жағынан, шындық талаптарының қысымында болады. Өзіндік сана психологиялық қорғаудың ерекше механизмдерінің (ығыстыру, проекция, сублимация және т.б.) көмегімен өз қызметін сақтай отырып, осы екі жазықтықтың арасында «буфер» болып табылады. Психодинамикалық тәсіл шеңберінде тұлғаның «Мен» құрылымдық түсініктері ашылады, бұлар «Мен» конструктор, «Мен» объект, «Мен» шын мәнінде, «Мен» құрылымындағы тұлғааралық жанжалдың мазмұны сипатталады. «Мен» туралы қазіргі заманғы ұғымдардың маңызды элементтерін құрайтын психологиялық қорғау механизмдерінің жіктелуі баяндалады. Алайда психодинамикалық тәсіл субъектінің барлық мәндерінің динамикасын және құрылымын ашпайды, оларды қайта құруға жанама қатысатын тетіктер ғана сипатталады.

Когнитивті психология аясында «Мен» тұлғаның өзін-өзі тануын сипаттайтын үдерістерге («Мен» үдерістері) жатады. «Мен» концепциясының тұтастығы бұл ретте теріске шығарылады, өйткені тұлға көптеген «Мен» концепциялары мен өзін-өзі бақылау процестеріне ие және жағдайға қатысты

уақыттың әр сәтінде өзгеруі мүмкін деп саналады. «Мен» құрылымында осы бағыттың өкілдері, атап айтқанда Х. Маркус, «Мен» сызбалар – когнитивті құрылымдар, өткен тәжірибе негізінде құрылып, «Мен» байланысты ақпаратты қайта өңдеу процесін бағыттайтын және реттейтін өзіне қатысты жалпыламаға бөлінеді [5].

Психологиядағы гуманистік бағыт өкілдері «Мен» бейнесін өзін-өзі қабылдау жүйесі ретінде қарастырады және өзі туралы түсініктердің дамуын индивидтің тікелей тәжірибесімен байланыстырады. Бұл ретте ағзаның тұтастығы, ішкі қызмет етудің өзара байланысы және қызметтің бірыңғай өрісі шеңберінде ортамен өзара іс-қимыл туралы тезис ұсынылады. Бұл тәсілдің ерекше сипаттамасы ретінде адам тәжірибесінің даралылығы туралы ережелерді әзірлеуді және оның өзін-өзі белсендіруге ұмтылысын атауға болады. Гуманистік психологияда алғаш рет «Мен» концепция (Self conception) ұғымы енгізілді және оның «Мен» бейнелерінің модальдылығы анықталды. «Мен» концепция ұғымы: «Мен» субъект және «Мен» объект қасиеттерінің көріністерінен, сондай-ақ осы қасиеттердің басқа адамдарға қатынасын қабылдаудан тұратын құрастырылған бейне ретінде қарастырылады. К. Роджерс бойынша «Мен» концепциясының функциялары мінез-құлықты бақылау мен түсіндіру, оның адамға өз белсенділігін таңдауына әсері болып табылады және бұл позитивті немесе жағымсыз «Мен» концепциясының даму ерекшеліктерін тудыруы мүмкін. Психологиялық дезадаптация «Мен» бейнесі мен нақты тәжірибе арасындағы келіспеушілік салдарынан болуы мүмкін. Мұндай жағдайда психологиялық қорғау механизмдері тікелей тәжірибе мен өзі туралы түсінік арасындағы диссонансты жеңу үшін қолданылады. Жалпы индивидтің мінез-құлқы К. Роджерспен «Мен» келісімділігіне қол жеткізу әрекеті ретінде, ал оның дамуы когнитивті өзін – өзі бағалау нәтижесінде өзіндік сана аймақтарын кеңейту процесі ретінде түсіндіріледі. Адамның мінез-құлқы, өзін-өзі қабылдау сипаты мен «Мен» концепциясының әр түрлі компоненттерінің арасындағы байланысты дәл гуманистік тұғыр айқындады [8].

«Мен» зерттеулерімен тәжірибе жүйесі ретінде Дж. Келлидің тұлғалық конструкт теориясы байланысты, мұнда адам ойлап тапқан шындықты түсіндірудің тәсілі ретінде тәжірибе бірлігі ретінде конструктың түсінігімен әрекет етеді. Адам тәжірибесі осылайша жеке конструкторлар жүйесі негізінде қалыптасады. Нақты мағынада жеке конструкторлар деп субъект өзін және басқа адамдарды санаттау үшін пайдаланатын бинарлық оппозициялар жүйесі түсініледі. Мұндай қарама-қайшылықтардың мазмұны тіл нормаларымен емес, зерттелушінің өзінің «тұлғаның имплицитті теориясымен» анықталады. Тұлғалық конструкторлар, өз кезегінде субъекті тұлға аралық қабылдауды жүзеге асыратын субъективті категориялар жүйесін анықтайды [5].

Зерттеудің жеке бағыты «Мен» бейнесінің когнитивтік процестердің түрлі сипаттамаларына – жадыны ұйымдастыруға, когнитивтік күрделілікке, сондай-ақ басқа бейненің құрылымына, жеке сипаттамаларға әсерін зерттеумен ұсынылған. Л. Фестингердің когнитивті диссонанс теориясында өзін-өзі тану процесіндегі тұлға өзін зерттей отырып, ішкі когнитивті келісімге жетеді [9]. Ч. Осгуд пен П. Танненбаум конгруэнттілік теориясында екі объект – ақпарат пен коммуникатор тұлғаның ішкі когнитивті құрылымын салыстыруда туындайтын қатынас зерттеледі [7].

«Мен» концепциясын зерттеушілер арасында Р. Бернсті айтпауға болмайды [10]. Оның «Мен» түсінуі өзін-өзі бағалау туралы «өзіне» қондырғылардың жиынтығы ретінде және тұлғаның өзі туралы барлық көріністерінің жиынтығы ретінде ұғымдармен байланысты. Бұл Р. Бернстің пікірінше, «Мен» сипаттамалық және бағалау құрамдастарын бөліп алу керек. Сипаттамалық құрамдас бөлігі «Мен» бейне, ал өзіне немесе өзінің жеке қасиеттеріне қатысты құрамдас бөлігі – «өзін-өзі бағалау» немесе «өзін қабылдау» терминіне сәйкес келеді. Э. Бернаның пікірі бойынша, «Мен» индивидтің не екенін ғана емес, сонымен қатар, ол өзі туралы өзінің іс жүзіндегі басы мен болашақта даму мүмкіндіктеріне қалай қарайды деп ойланғаны», – дейді [11]. Р. Бернс «Мен» концепциясының құрылымын қарастыра отырып, «Мен» концепция мен өзін-өзі бағалау тек шартты тұжырымдамалық ажыратуға ғана берілетінін атап өтті, өйткені психологиялық тұрғыдан олар өзара тығыз байланысты.

Р. Ассаджолидің өзіндік сана концепциясында – «персонализация» (дербестендіру) және құрылым – жиынтығы «субперсона», немесе «субтұлға» процесіне бөледі [12]. Бұл ретте тұлғаның «Мен» концепциясы құрылымдық өзгерістері «персонификация» және «персонализация» процестерінің салдары болып саналады. Мұндай өзгерістер, өз кезегінде, адамның өзін-өзі теңесу және өзін-өзі қабылдау ерекшеліктерімен байланысты. «Субличность» - бұл салыстырмалы тәуелсіз өмір сүруге ие тұлғаның динамикалық подструктурасы. Адамның ең типтік «субличность» - бұл отбасылық немесе кәсіби қызметіндегі рөлдерге байланысты психологиялық білім. Персоналды «Мен» өзіне адам өмірде ойнайтын рөлдермен өзін сәйкестендіру нәтижесінде пайда болатын «Мен» динамикалық бейнелерді (субтұлғаларды) қамтиды. Психосинтездің «Мен» ұғымының дамуына психологияның бір бағыты ретінде маңызды үлесі жеке сәйкестендірілген «Мен» персоналды «Мен» бейнесіне сәйкестігі туралы, сондай-ақ кез-келген субтұлғалар оған үстемдікке жол бермеу болып табылды.

«Мен» ақпаратты динамикалық қайта өңдеу бойынша өзіндік құрылғы ретінде қарастыруды В. Мишель мен С. Морф ұсынды, «Мен» жүйе ақпаратты оның негізінде жүйенің «Мен» және басқа когнитивті процестердің қызмет етуі туралы идеясы жатыр. Мұндай «Мен» жүйе коннекционистік үлгілерге

сүйенеді, онда ақпаратты өңдеу параллелі, бір мезгілде, көпше процесс ретінде қарастырылады. Негізгі мәселе біріктіруші «Мен» сипаттамаларды анықтау емес, ал ақпаратты сан алуан бір-бірімен байланысты бірліктерді іздеу және ақпаратты әртүрлі көптеген өңделу процесін қамтамасыз ететін болып табылады. Бұл ретте В. Мишель мен С. Морф «Мен» жүйеден екі кіші жүйені бөліп көрсетеді:

1) «Мен» динамикалық ұйымдастырылған когнитивті – аффективті – атқарушы кіші жүйе ретінде;

2) «Мен» менталды репрезентативті тұлғааралық қарым-қатынастың кіші жүйесі ретінде [7].

Құрылымдық-динамикалық тұрғыдан «Мен» басқа адамдармен, канондармен және қоғамда қабылданған әлеуметтік мінез-құлық нормаларымен өз мотивтерінің, мақсаттары мен нәтижелерінің бағалаушы қатынасының ықпалымен қалыптасатыны туралы түсінік басым. «Мен» құрылымдық білім, ал өзіндік сана - оның динамикалық сипаттамасы болып табылады. Өзіндік сана ұғымы арқылы оның әр түрлі жағдайларда қалыптасу көздері, кезеңдері, деңгейлері мен динамикасы қарастырылады. Сана мен іс-әрекет, тарих, даму және т.б. қағидалар негізге алынады. Өзіндік сана мен кәсіби «Мен» дамуы адамның тұлға ретінде қалыптасуының және оның кәсібилігінің нәтижесі ретінде қарастырылады [11].

Е. Т. Соколова [13], Ф. Патаки [14] «Мен» концепциясын интегративті нұсқаулы білім ретінде қарастырады және ол келесі компоненттерді қамтиды:

1) когнитивті – өз қасиеттерінің, қабілеттерінің, мүмкіндіктерінің, әлеуметтік маңыздылығын, келбетін және т. б. бейнелер;

2) аффективті – өзіне деген көзқарас (өзін-өзі құрметтеу, өзін-өзі сүйу, өзін-өзі кемсіту және т. б.) және оның ішінде осы қасиеттердің иесі ретінде;

3) мінездік – мінез-құлық актілерінде тәжірибе жүзінде мотивтер мен мақсаттарды жүзеге асыру.

«Мен» концепцияның түсінігін аша отырып, индивидке өзін сезінуге ғана емес, сонымен қатар өз қызметін саналы түрде бағыттауға және реттеуге мүмкіндік беретін белсенді шығармашылық, интегративті бастама ретінде, И. С. Кон бұл ұғымның екілік екенін атап өтеді [15]:

1) «Мен» ойлау субъектісі мен рефлексивті «Мен» ретінде (белсенді, іске асырушы, субъективті, экзистенциалды «Мен» немесе эго);

2) «Мен» қабылдау және ішкі сезім объектісі ретінде (объектілік, рефлексивтік, феноменалдық, категориялық «Мен» немесе «Мен» бейнесі).

Бұл ретте И. С. Кон «Мен» концепциясы – бұл тек ойлар немесе ұғымдар түріндегі психикалық көрініс емес, сонымен қатар тұлғаның өзіне қатынасы арқылы шешілетін әлеуметтік қондырғы, – дейді.

Өз кезегінде В. В. Столин [16] «Мен» концепцияда үш деңгейді бөліп отыр:

1) «Мен» физикалық бейне (дене сұлбісі), яғни ағзаның әл-ауқатын жақсартуға байланысты қажеттіліктер;

2) әлеуметтік бірегейлік - адамның қоршаған ортаға тиесілі қажеттілігімен байланысты және осы ортада болуға ұмтылуымен байланысты;

3) «Мен» саралаушы бейнесі - басқа адамдармен салыстырғанда өзі туралы білімді сипаттайтын, өзінің бірегейлігін сезінетін және өзін-өзі анықтау мен өзін-өзі жүзеге асыруға қажеттілікті қамтамасыз етеді.

Бұл ретте В. В. Столин өзіндік сананың қортынды өнімдерінің талдауы «Мен» немесе «Мен» концепция бейнесі туралы түсініктерді құруда көрінетін «Мен» түрлері мен классификациялары немесе өлшеулер іздеуде, яғни осы бейненің мазмұндық параметрлерін жүзеге асырылатынын атап өтті.

Бұрын басқа авторлар өзіндік сана құрылымында қарастырған өзін-өзі тану және өзіне қатынас ұғымдарын В. В. Столин өзіндік сананың көлденең құрылысына жатқызып, өзіндік сананың тік құрылымы ұғымын енгізеді және оған белсенділіктің үш түріне сәйкес ол өзіндік сана дамуындағы үш: ағзалық, жекелік және тұлғалық деңгейлерді атап өтті [16].

Өз кезегінде В. С. Мухина өзіндік сананың құрылымдық бірліктері ретінде өзін-өзі танудың құрылымдық буындарын толықтыратын құндылықтық бағдарлардың төмендегідей жиынтығын есептейді [17]:

1) өзінің ішкі психикалық мәні мен сыртқы физикалық деректерін тануға бағдарлау;

2) өз атын тануға бағдарлау;

3) әлеуметтік тануға бағдарлау;

4) белгілі бір жыныстың физикалық, психикалық және әлеуметтік белгілеріне бағдарлау;

5) өткен, қазіргі, болашақта маңызды құндылықтарға бағдарлау;

6) қоғамдағы құқық негіздеріне бағдарлау;

7) адамдар алдындағы борышқа бағдарлау.

Өзіндік сана психологиялық құрылым ретінде көрінеді, ол белгілі бір заңдылықтар бойынша дамиды буындардың бірлігін білдіреді.

Адам психикасының мәдени-тарихи детерминациясы теориясының ережелерін дамытуда тұлғаның өзіндік сана мәселелерін зерттеудің дербес дәстүрлері қалыптасты. Мұндай зерттеулерде өзіндік сана сананың дамуы кезені ретінде қарастырылып, мұнда сөйлеудің дамуымен және дербестіктің өсуімен және айналадағылармен өзара қарым-қатынастағы өзгерістермен дайындалған. Тұлғаның өзіндік санасы өз табиғатын түсіну үшін негіз қалаушы қағидат және оның әлеуметтік детерминациясы болып табылады. Бұл ереже Л. С. Выготскийдің психиканың дамуының мәдени-тарихи тұжырымдамасында,

А. Н. Леонтьевтің іс-әрекет теориясында және С. Л. Рубинштейннің зерттеулерінде жұмыстарынды көрсетілген.

Қ. Қ. Шалғынбаеваның: «Мен-тұжырымдамасы» кейде жеке адамның өзін-өзі ұғыну қызметінің нәтижесінде алынған өзін рефлексивті анықтау ретінде қарастырылады. Автор оның құрамындағы үш құрылымдық құрамдастарды белгілейді: 1) когнитивті құрамдас – «Мен бейнесі», оған өзі туралы көріністер мазмұны кіреді; 2) өзін-өзі бағалау жүйесі; 3) мінез-құлықтағы когнитивтік және бағалаушы көріністерді сипаттайтын мінез-құлықтық құрамдас [18].

ҚОРЫТЫНДЫ

Тұлғаның қалыптасуы басқа адамдардың және іс-әрекет ықпалымен жүреді деп саналады. Басқа адамдардың бағалауы тұлғаның өзі-өзі бағалау жүйесіне енгізіледі. Бұдан әрі өзіндік сана субъектіні объектіден, «Мен» бейнесін «Мен» емес; келесі элемент мақсатты болжауды қамтамасыз ету және бұдан әрі – заттар мен құбылыстардың салыстыруға, байланыстарына, түсіністікке және эмоциялық бағалауларға негізделген қатынастағы тағы бір элементі ретінде табылады. Адамның қызметі арқылы өзіндік сана (сана) қалыптасады, ол одан әрі әсер етеді және оны реттейді. Өзіндік сана, сондай-ақ «Мен» бейнесінің когнитивті компоненттерін «түзетеді», оларды тұлғаның жоғары құндылық бағдарларының деңгейіне бейімдейді. Өзінің нақты мінез-құлығында адамға, бұл жоғары факторлар әсері ғана емес, олармен бірге төменгі факторларда әсерін туғызады; жағдайлар ерекшеліктері, кездейсоқ эмоциялық импульстер және т.б. Бұл өзіндік сананы тұлғаның мінез-құлық негізінде болжауды өте қиындатады, сондықтан кейбір жағдайларда «Мен» реттеуші функциялары скептикалық қатынасқа ие болады.

«Мен» концепциясының категориялары топшілік ұқсастықты және топаралық айырмашылықтарды қабылдауға кез келген санаттандыру жүйесіне ұқсас негізделеді. Олар иерархиялық классификация жүйесінде ұйымдастырылған және абстрагирлеудің әртүрлі деңгейлерінде бар: мәндердің үлкен көлемін санат қамтыса, соғұрлым абстрагирлеу деңгейі жоғары және әрбір санат, егер ол ең жоғары болмаса, қандай да бір басқа санатқа енгізілген. Қорта келе біз «Мен» концепция мен өзіндік сана бір-біріне ұқсайды, бір құбылысты анықтайды, идентификация процесін бағыттайды және психологияда тұлға бойында көрінеді.

«Мен» концепциясы келесі жағдайларға негізделеді:

1) Мінез-құлық индивидтің қабылдау еңбегі болып табылады, ол өз алдында феноменологиялы: индивидтің психологиялық шынайы өмірі – бұл жалпы объективті өмір емес, оның мінез-құлық жағдайындағы субъективті қабылдауының нәтижесі.

2 Индивидтің орталық, интеграциялайтын феноменалды жазықтығының нүктесі – «Мен» концепциясы оның манайында қабылдаудың барлық бейнелері қалыптасады.

3 «Мен» концепциясы бір мезгілде қабылдау жемісі және де әлеуметтік мәдени ортадан алынған құндылықтары бар ұғымдарының жиынтығы болып табылады.

4 «Мен» концепциясы құрылуымен мінез-құлық оған толығымен бағына бастайды.

5 «Мен» концепциясы уақытпен және жағдайлық контекспен санасады, бұл оның болжамдық құндылығы болып табылады.

6 Басқа адамдардың оңды қатынасын қажетсіну «Мен» концепциясының құрылуымен параллельді жүреді. Өзіне деген оңды көзқарасты қажетсіну басқа адамдардың өзін оңды бағалау тәжірибесін игеру арқылы қалыптасады.

7 Нақты өтіп жатқан өмір тәжірибесі мен «Мен» концепциясы арасындағы қайшылықтарға қарсы түрлі қорғаны стратегиялары қолданылады.

8 Адамның негізгі маңызды мотивациялық түрткісі – өзіңді белсендендіруге деген қажеттілік, өзінің «Мен» концепциясырының құндылықтарын жоғарылату және жоғалтпау.

Осылайша, ғылыми әдебиетті талдаудың жоғарыда көрсетілген нәтижелері, «Мен» концепцияны зерттейтін көптеген тұғырлар мен теориялар бар екеніне көз жеткіздік және бұл мәселені тұлға дамуындағы процестегі өзіндік сана, өзін-өзі танумен, өзін-өзі бағалаумен т.с.с. тығыз байланыста, кейде бұл тұғырлар мен теориялар өзара байланыста, кейде бір-біріне қарама-қайшы болып келеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Психология самосознания: Хрестоматия / ред.-сост. Д. Я. Райгородский. – Самара : Издательский дом «Бахрах-М», 2003. – 303 с.

2 **Кули, Ч. Х.** Человеческая природа и социальный порядок / Ч. Х. Кули. – М. : Идея- Пресс: Дом интеллектуальной книги, 2000. – 312 с.

3 **Мид, Дж. Г.** Избранное / Дж. Г. Мид; пер. В. Г. Николаева. – М., 2009. – 290 с.

4 **Фрейд, З.** Введение в психоанализ: Лекции / З. Фрейд; пер. с нем. Г. В. Барышниковой; под ред. Е. Е. Соколовой, Т. В. Родионовой. – М. : Азбука-Аттикус, 2011. – 480 с.

5 **Хьелл, Л.** Теории личности / Л. Хьелл, Д. Зиглер; пер. с англ. С. Меленевская, Д. Викторова. – СПб. : Питер Пресс, 1997. – 608 с.

6 **Лихтенберг, Дж. Д.** Клиническое взаимодействие: Теоретические и практические аспекты концепции мотивационных систем / Дж. Д. Лихтенберг,

Ф. М. Лачманн, Дж.Л. Фосседж; пер. с англ. А. М. Боковикова. – М. : Когито-Центр, 2003. – 368 с.

7 Интегральная индивидуальность, Я – концепция, личность / под ред. Л. Я. Дорфмана. – М. : Смысл, 2004. – 319 с.

8 **Роджерс, К. Р.** Становление личности: Взгляд на психотерапию / К. Р. Роджерс. – М. : Эксмо-Пресс, 2001. – 416 с.

9 **Фестингер, Л.** Теория когнитивного диссонанса / Л. Фестингер. – СПб. : Речь, 2000. – 320 с.

10 **Бернс, Р.** Развитие Я-концепции и воспитание / Р. Бернс. – М. : Прогресс, 1986. – 422 с.

11 **Берн, Э.** Игры, в которые играют люди. Психология человеческих взаимоотношений / Э. Берн. – М. : Директмедиа Пабблишинг, 2008. – 302 с.

12 **Ассаджолли, Р.** Психосинтез / Р. Ассаджолли. – М. : Рефл-бук, 1997. – 316 с.

13 **Соколова, Е. Т.** Психотерапия. Теория и практика / Е.Т. Соколова. – М. : Академия, 2010. – 368 с.

14 **Патаки, Ф.** Некоторые когнитивные процессы Образа Я / Ф. Патаки // Психологические исследования познавательных процессов и личности / отв. ред.: Д. Ковач, Б. Ф. Ломов. – М. : Наука, 1983. – С. 45–51.

15 **Кон, И. С.** В поисках себя: личность и её самосознание / И. С. Кон. – М. : Политиздат, 1984. – 335 с.

16 **Столин, В. В.** Самосознание личности / В. В. Столин. – М. : Просвещение, 1983. – 288 с.

17 **Мухина, В. С.** Возрастная психология. Феноменология развития / В.С. Мухина. – М. : Академия, 2009. – 640 с.

18 **Шалғынбаева, Қ. Қ.** Өзін-өзі тану негіздері: Оқу құралы. – Қарағанды : «АҚНҰР» баспасы, 2017. – 158 б.

Материал 11.12.19 баспаға түсті.

Б.А. Матаев¹, Г. М. Тулекова²

«Я» концепция как предмет исследования в психологии

¹Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.

²Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 11.12.19.

B. A. Matayev¹, G. M. Tulekova²**«Self» concept as a subject of research in psychology**¹L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.²S. Toraighyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 11.12.19.

Автором в статье проведен анализ теоретических и методологических аспектов исследования «Я» концепций в психологической науке. Наряду с понятием «Я» концепция, рассмотрены часто используемые вместе понятия, как самопознание, самосознание, самооценка в различных психологических теориях и подходах, также определена роль «Я» концепции в развитии личности.

В статье рассматриваются особенности в области предмета исследования «Я» концепции в работах отечественных, российских и зарубежных исследователей. Затронута структура «Я» концепции и ее роль формирования личности в социуме.

The author of the article analyzes the theoretical and methodological aspects of the «Self» concept study in psychological science. Along with the concept of «Self», often used together concepts such as self-knowledge, self-awareness, self-esteem in various psychological theories and approaches are considered, the role of the «Self» concept in the development of personality is also defined.

The article discusses the features of the subject of the «Self» concept study in the works of domestic, Russian and foreign researchers. The structure of the «Self» concept and its role in the formation of personality in society are touched upon.

FTAMP 14.25.01

И. С. Мусатаева¹, Ә. Ж. Жамбулатова²¹п.ғ.к., доцент м.а., кафедра меңгерушісі, «Медицинадағы IT технологиялар» кафедрасы, Семей медициналық университеті, Семей қ., 071400, Қазақстан Республикасы;²магистрант, II курс, Жаратылыстану-математика факультеті, «Ақпараттық технологиялар және информатика» кафедрасы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ., 071400, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹botagoz_malika@mail.ru; ²zhambulatovaa@mail.ru**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ДАМУ –
БІЛІМ РЕФОРМАЛАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТІ**

Мақалада оқушылардың ғылыммен айналысуы үшін, оларда зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі туралы айтылады. Зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру үшін, қалыптастыру әдістерін (тәсілдерін), сондай-ақ олардың қалыптасуын диагностикалау тәсілдерін меңгеру керек. Зерттеу құзыреттілігіне анықтама беріледі. Құзыреттіліктің типологиясы бойынша ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, зерттеу құзыреттілігінің төрт тобын бөліп көрсетілген: зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу, жеке зерттеу қызметі, зерттеу қызметінің түрлі субъектілерінің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін, өзін-өзі жетілдіру. Әр топ атауларына тізбелер берілген. Мақалада «Құзыреттіліктің қалыптасуының көрсеткіші – бұл «оқу қызметі субъектісінің мінез-құлқында тұлғалық, когнитивтік, атқарушылық құзыреттіліктердің құрамдастарының болуын объективті білдіретін қасиеті» – деп анықтама берілген. Зерттеу барысында аталған топтардың әрқайсысы үшін оқушылардың зерттеу құзыреттіліктерінің қалыптасу көрсеткіштерінің тізбесі бөлініп қарастырылды. Л. Г. Смышляеваның зерттеу материалдары негізге алына отырып, әзірлемелер кесте түрінде жасалынды.

Кілтті сөздер: зерттеушілік құзыреттілігі, тұлғалық құзыреттілік, атқарушылық құзыреттілік, когнитивтік құзыреттілік, құзыреттіліктің қалыптасуының көрсеткіші, зерттеу қызметі, зерттеуді ұйымдастыру.

КІРІСПЕ

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың 2018 жылдың 5 қазан күнгі «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауында «... Ең алдымен, «болашақтың экономикасының» баламалы энергетика, жана материалдар, биомедицина, үлкен деректер, заттар интернеті, жасанды интеллект, блокчейн және басқа да бағыттарын ілгерілетуді қамтамасыз ету қажет. Еліміздің жаһандық әлемдегі орны мен рөлі келешекте нақ осыларға байланысты болады.....» деп елімізді инновациялық жағынан дамытуға ерекше көңіл бөлді [1].

Қазіргі уақытта отандық білім беру жүйесінде білімнің мазмұнын, құрылымы мен сапасын жаңартуға байланысты ауқымды жаңғырту процесі жалғасуда.

Елімізде білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральды қағидатпен берілуі. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялдық бағалау жүйесіне өтуде. Критериялды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Критериялдық бағалау жүйесі әлемнің Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықпалын туғызады [2]. Ал, оқушылар ғылыммен айналысып кетуі үшін, алдымен олардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру қажет.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Оқушылардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру үшін құзыреттілікті қалыптастыру әдістерін (тәсілдерін), сондай-ақ олардың қалыптасуын диагностикалау тәсілдерін меңгеру қажет. Осылайша, педагог оқушыларда құзыреттіліктің қалыптасуын қамтамасыз ету және оны диагностикалау үшін диагностикалық құралдарды игерген жөн. Диагностикалық құралдарды талдау үшін жалпы құзыреттіліктерді жіктеу қажеттілігі туындайды. Жалпы білім беретін мекеме оқушыларының зерттеу құзыреттілігін жинақтауды қамтамасыз ететін құзыреттілікті зерттеу құзыреттілігі деп атаймыз. Ал бұл жерде зерттеу құзыреттілігі «оқушылардың зерттеу қызметін жүзеге асыру қабілетін

дамытуға, оның мәні мен ерекшелігін түсінуге бағытталған негізгі білім беру құзыреттіліктерінің қажетті құрамдас бөлігі» ретінде қарастырылады [3].

Жалпы білім беретін мекеме жағдайында зерттеу құзыреттілігін қалыптастырудың оқыту тәртібі туралы болғандықтан, және сол құзыреттіліктің типологиясы бойынша ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, зерттеу құзыреттілігінің төрт тобын бөліп көрсетуге болады:

- 1) зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу;
- 2) жеке зерттеу қызметі;
- 3) зерттеу қызметінің түрлі субъектілерінің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін;
- 4) өзін-өзі жетілдіру (өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі басқару) (кесте 1).

Кесте 1 – Зерттеу құзыреттілік топтары

Топ атауы	Тізбесі
Жеке зерттеу қызметінің құзыреттілігі	Зерттеу қызметіне бағдарлану; Білім менеджментінің (оқу құзыреттілігі – «оқуға деген қабілеттілігі») болу; Ақпараттық технологияны жетік меңгеру
Зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу құзыреттілігі	Талдауға және синтездеуге қабілеттілігі; Әдістемелік ұғымдарды, терминдерді қолдана алу; Түрлі зерттеу әдістерін сауатты пайдалана алу; Зерттеу қызметінің түрлі процедураларын дұрыс жүзеге асыру қабілеттілігі; Сыни ойлау қабілеттілігі.
Зерттеу қызметінің түрлі субъектілерінің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін құзыреттілік	Әр түрлі қатысушылармен ынтымақтастықта бола алуы; Командада (топта) өнімді жұмыс істей алу;
Өзін-өзі жетілдіру (өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі басқару) құзыреттілік	Рефлексиялық; Жұмысты өз бетінше орындау қабілеті; Мүқият, талпыныспен жұмыс істеу; Уақытты тиімді басқара алу

Құзыреттіліктің қалыптасуының көрсеткіші – бұл «оқу қызметі субъектісінің мінез-құлқында тұлғалық (тұлғалық қасиеттері, құндылық бағдарлары), когнитивтік (танымдық, түсінушілік), атқарушылық (білімді практика жүзінде қолдану) құзыреттіліктердің құрамдастарының болуын объективті білдіретін қасиеті [4; 5; 6]. Зерттеу барысында аталған топтардың әрқайсысы үшін оқушылардың зерттеу құзыреттіліктерінің қалыптасу көрсеткіштерінің тізбесі бөлініп қарастырылды. Л. Г. Смышляеваның зерттеу материалдары негізге алына отырып, келесідей әзірлемелер кесте түрінде жасалынды [7].

Кесте 2 – Құзыреттіліктің қалыптасқанның көрсеткіштері және зерттеуді ұйымдастыру мен оны жүргізу

Құзыреттіліктер (К – когнитивті; А – атқарушылық; Т – тұлғалық)	Көрсеткіштері
Талдауға және синтездеуге қабілеттілігі / А	Тұтасты бөліктерге бөліп және керісінше бөліктерді тұтас ретінде қарастыра алу; Ақпаратты құрылымдай білу; Жіктей алу; Бастапқы қажетті мен қосымшаны бөліп қарастыра алу; Пікірді тұжырымдай білу
Әдістемелік ұғымдарды, терминдерді қолдана алу/А	Негізгі әдістемелік ұғымдарды білу; Әдістемелік ұғымдарды қолдануды қамтамасыз ететін көрсеткіштер: Қарама-қайшылықтарды көре алу және тұжырымдай білу; Зерттеу мәселесін көре алу және тұжырымдай білу; Зерттеу тақырыбын тұжырымдай білу; Зерттеу нысанын ерекшелей алу; Зерттеудің мақсатымен міндеттерін қоя білу; Гипотезаны тұжырымдай алу; Зерттеудің практикалық маңыздылығын анықтай алу
Түрлі зерттеу әдістерін сауатты пайдалана алу / К-А	Зерттеу қызметінің мөнін түсіну; Зерттеу қызметінің әдістерін білу; Нақты бір зерттеу мәселелерін шешуде зерттеу қызметінің әдіс-тәсілдерін сауатты түрде пайдалана білу
Зерттеу қызметінің түрлі процедураларын дұрыс жүзеге асыру қабілеттілігі / А	Зерттеу қызметінің түрлі процедураларын дұрыс жүзеге асыру білу. Зерттеу қызметінің түрлі процедураларын дұрыс жүзеге асыруға қажетті дағдылар: Өз жұмысын жоспарлау; Теориялық және эмпирикалық талдай алу; Эмпирикалық материалдарды жинай алу; Материалдарды өңдеуде қажетті әдістерді дұрыс талдау; Жұмыстың нәтижесін сауатты түрде рәсімдеу; Зерттеу нәтижесін дұрыс ұсыну қабілеттілігі
Сыни ойлау / Т-А	Сындарлы сынның ережелері мен этикалық нормаларын білу; Сыни пайымдауларды дәлелді түрде тұжырымдай білу.

Кесте 3 – Жеке зерттеу қызметінің құзыреттілігі қалыптасқанның көрсеткіштері

Құзыреттіліктер (К – когнитивті; А – атқарушылық; Т – тұлғалық)	Көрсеткіштері

Білім менеджментінің (оқу құзыреттілігі – «оқуға деген қабілеттілігі») болуы / А	Білімнің құндылығы тұлғалық табысқа жетудің факторы ретінде; Ізденіс және танымдық белсенділіктің жоғары деңгейі (білім алуға деген құштарлық, оқуға мотивациялық дайындық)
Зерттеу қызметіне бағдарлану / Т	Тәуелсіз қызметке ұмтылу (зерттеуге қатысуға саналы ниет білдіру); Зерттеу іскерліктері мен әдістерін меңгеру; зерттеу міндеттерін тәуелсіз талдауға ұмтылу); Өзін-өзі танытуға ұмтылу (зерттеу жұмыстары конкурстарына, ғылыми конференцияларға, семинарларға қатысуға ниет білдіру); Өзін-өзі ұйымдастыруға ұмтылу (зерттеу жобаларының нәтижелерін талқылауға белсенді қатысу)
Ақпараттық технологияны жетік меңгеру / А	MSWindows операциялық жүйесінде, MSWord мәтіндік редакторында жұмыс істеудің базалық дағдылары; MSExcel кесте редакторында негізгі жұмыс дағдыларын, электрондық кестелердің жұмыс істеу технологиясының негіздерін білу; Ақпараттық-құқықтық жүйелердің көмегімен ақпарат іздеу іскерлігі; Internet желісінде жұмыс істеудің базалық дағдылары: практикалық тапсырмаларды шешу үшін Internet-тің ақпараттық және коммуникациялық қызметтерін пайдалану; MSPowerPoint-те презентациялар жасау алу

Кесте 4 – Зерттеу қызметінің түрлі субъектілерінің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін құзыреттіліктің қалыптасқанның көрсеткіштері

Құзыреттіліктер (К – когнитивті; А – атқарушылық; Т – тұлғалық)	Көрсеткіштері
Әр түрлі қатысушылар мен ынтымақтастықта бола алу / А-Т	Өз көзқарасын дәлелдей білу; Басқа оқушының пікірін тыңдай білу; Логикалық дәлел көмегімен қайшылықтарды шеше білу; Әрқашан диалогқа дайын болу
Командада (топта) өнімді жұмыс істей алу / А-Т	Командада өнімді өзара қарым-қатынастың принциптері мен ндістерін білу; командада өзара әрекеттестіктің этикалық нормаларын білу және оларды ұстану: эмпатия, коммуникабельділік, тілектестік және әдептілік

Кесте 5 – Өзін-өзі жетілдіру (өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі басқару) құзыреттілігінің қалыптасқанның көрсеткіштері

Құзыреттіліктер (К – когнитивті; А – тқарушылық; Т – тұлғалық)	Көрсеткіштері
Рефлексиялық / Л –Д	Барлық жеке мәселелерді перспективалық тұрғыдан ойлау; Өзін-өзі жетілдіру контекстінде өзін-өзі тануға бағдарлану; Себеп-салдардың өзара байланысын орнату қабілеті, түрлі мақсаттарға жету үшін қажетті құралдарды табу қабілеті
Жұмысты өз бетінше орындау қабілеті /А	Өзіндік жұмысты оңтайлы ұйымдастырудың принциптері мен тәсілдерін білу; Өз жұмысын мақсатты түрде, сыртқы әсерсіз ұйымдастыра білу; Өз бетінше шешімді қабылдай және әрекет ете білу
Мүқият, талпыныспен жұмыс істеу / Т-А	Зерттеу қызметін оңтайлы ұйымдастырудың принциптері мен әдістерін білу; Табандылық; Шыдамдылық; Тәртіптілік; Нәтижеге бағдар
Уақытты тиімді басқара алу / К-А	Уақытты тиімді басқару принциптері мен әдістерін білу; Уақытты жоспарлау және тиімді бөлу

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру процесіте оқушылардың білім беру нәтижелерін сипаттайтын алдын ала белгіленген нормалар ретінде зерттеу құзіреттіліктерін меңгеру арқылы жүзеге асырылады. Зерттеу құзыреттілігінің қалыптасуы (немесе қалыптасу деңгейін көтеру) – бұл оқушылардың жеке тұлғалық өзгерістерінің болуын (оларда мотивациялық-құндылықтық қондырғылар мен жеке қасиеттер жиынтығы жүйесінің болуы; зерттеудің жалпы әдіснамалық негізі ретінде зерттеу қызметін жүзеге асыру процедураларының ерекшеліктері мен негізгі әдіснамалық ұғымдар мен қағидаттарды түсіну), олардың атқарушылық-операциялық қабілеттерін (зерттеу дағдыларын меңгеру, зерттеуді жүргізетін әдістері мен тәсілдерін меңгеру) дамытуды көздейтін зерттеу құзыреттілігін меңгеруі.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Назарбаев, Н. Ә.** Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» - 2018 жылғы 5 қазан
2 <https://infourok.ru/zhaartilan-bilim-beru-badarlamasi-zhaa-bilim-berudi-mazmni-3309773.html>. [Электронды ресурсы].

3 **Александрова, Н. А.** Развитие исследовательских компетенций учащихся средствами историко-родословного краеведения : п.ғ.к. дәрежесін алу үшін жазылған диссертация – М., 2011. – 24 с.

4 **Байденко, В. И.** Выявление состава компетенций выпускников вузов как необходимый этап проектирования ГОС ВПО нового поколения: әдістемелік нұсқаулық / В. И. Байденко. – М. : Исследоват. центр проблем качества подготовки специалистов, 2006. – 72 с.

5 **Кон, И. С.** Психология старшеклассника / И. С. Кон. – М. : Просвещение, 1982. – 207 с.

6 **Смышляева, Л. Г.** Дидактическая концепция модернизации дополнительного профессионального образования муниципальных служащих в России / Л. Г. Смышляева. – Томск : Изд-во Том. ун-та, 2011. – 248 с.

7 **Ушаков, А. А.** Развитие исследовательской компетентности учащихся общеобразовательной школы в условиях профильного обучения : п.ғ.к. дәрежесін алу үшін жазылған диссертация / Ушаков Алексей Антонинович. – Майкоп, 2008. – 26 с.

Материал 11.12.19 баспаға түсті.

И. С. Мусатаева¹, А. Ж. Жамбулатова²

Формирование исследовательской компетенции – актуальная задача реформ образования

¹Медицинский университет Семей, г. Семей, 071400, Республика Казахстан;

²Государственный университет имени Шакарима города Семей, г. Семей, 071400, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 11.12.19.

I. S. Musatayeva¹, A. Zh. Zhambulatova²

Students' research competence development as the goal of education reforms

¹Semey Medical University, Semey, 071400, Republic of Kazakhstan.

²Shakarim State University of Semey, Semey, 071400, Republic of Kazakhstan.

Material received on 11.12.19.

В статье говорится о необходимости формирования у учащихся исследовательской компетенции, чтобы они занимались наукой. Для формирования исследовательской компетенции необходимо изучить методы (приемы) формирования, а также методы диагностики их формирования. Дано определение исследовательской компетентности. Опираясь на мнение ученых по типологии выделено четыре группы исследовательских компетенций: организации и проведения исследований; самостоятельной исследовательской деятельности; обеспечивающие взаимодействие различных субъектов исследовательской деятельности; самосовершенствования. В названиях каждой группы представлены перечни. В статье дается определение, что «показатель сформированности компетенции – это «свойство (характеристика) субъекта учебной деятельности, объективно выражающее наличие в его поведении определенных составляющих компетенции: личностных, когнитивных, деятельностных, которые необходимо учитывать для разработки системы показателей сформированности компетенций». В ходе исследования разработаны перечни показателей сформированности исследовательских компетенций учащихся для каждой из вышеуказанных групп. За основу разработки взяты материалы исследований Л. Г. Смышляевой.

The article deals with the need to develop students' research competence so that they are engaged in science. For the formation of research competence it is necessary to study the methods (techniques) of formation, as well as methods of diagnosis of their formation. The definition of research competence is given. Based on the opinion of scientists on the typology four groups of research competencies are identified: the organization and conduct of research; independent research; ensuring the interaction of different subjects of research; self-improvement. The names of each group contain lists. The article defines that «the indicator of competence formation is» a property (characteristic) of the subject of educational activity, objectively expressing the presence in his behavior of certain components of competence: personal, cognitive, activity, which must be taken into account to develop a system of indicators of competence formation». The study developed lists of indicators of formation of research competencies of students for each of the above groups. The basis of the development taken from research materials of L. G. Smyshlyeva.

FTAMP 14.01.11

А. О. Мухаметжанова¹, К. Т. Кошкумбаев², С. К. Ксембаева³

¹п.ғ.к., доцент, «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасы, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ., 100026, Қазақстан Республикасы;

²педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасы, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ., 100026, Қазақстан Республикасы;

³п.ғ.к., профессор, «Педагогика және психология» кафедрасы, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹aigul_mo@mail.ru; ²mikalasoni@mail.ru

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯНЫ ПАЙДАЛАНУҒА ДАЯРЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мақалада білім сапасын көтеру, жоғары оқу орнының білім беруі, болашақ педагогты даярлау мәселесі қарастырылады. Аталмыш мәселеде педагогикалық инновацияны пайдалану проблемасы болашақ педагогтерін даярлаудың аспектісі ретінде алынды. Бұл процесс мұғалімнен ерекше назар аударуды талап етеді. Педагогикалық инновацияларды енгізу – қазіргі заманғы кәсіптік мектепте студенттерді даярлауды жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі. Мақалада болашақ мұғалімнің жалпы кәсіби дайындық деңгейі мен педагогикалық дағдыларды қалыптастыру деңгейі арасындағы байланыс қарастырылады, өйткені маман жалпы кәсіби дағдыларды еркін қолдана білген жағдайда кәсіби іс-әрекеті неғұрлым табысты болмақ. Болашақ педагогтардың педагогикалық инновацияларды пайдалану әдістемесі қарастырылған. Онда болашақ мұғалімдерді даярлауда педагогикалық инновацияны пайдаланудың мазмұны, мақсаты, міндеттері мен құрылымы сипатталған. Оқу процесінде аталмыш әдістеменің енгізу нәтижелері ұсынылған.

Кілтті сөздер: педагогикалық инновация, болашақ маманды даярлау, білім беру, жоғары оқу орнындағы білім беру, оқу процесі.

КІРІСПЕ

Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жетістіктері, ең алдымен, олардың білім жүйесімен, азаматтардың білім деңгейімен анықталатыны белгілі.

XXI ғасыр – жаһандық жаңалықтар мен білімнің дәуірлеу ғасыры, өйткені ол қазіргі кезде мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуде, сондай-ақ әлемдік нарықтағы, әлемдік қоғамдастықтағы орнын айқындап халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін көтеруде айырықша маңызды рөл атқарады.

Көп жылдар бойы білімді кәсіптік білімнің негізгі көрсеткіші деп бағалау теория мен тәжірибе жұмысы дайындығы арасындағы табиғи байланысқа мән берілмеуіне, мамандарды кәсіпке дайындауда білім қорының жеткілікті болмауына әкеліп, кейбір студенттердің оқуға, одан кейін болашақ кәсібіне деген біліктілігінің төмендеуіне әсерін тигізді. Жоғары мектептің білім беру барысындағы осы мәселені шешу жолының бірі - студенттердің кәсіби біліктілігін қалыптастыруды қайта бағдарлау арқылы оларды таңдаған кәсіби саласында өз білімдерін, іс-тәжірибелерін, мақсаттарын толықтай жүзеге асыруға тұлғалық құлшыныстарын ынталандыру. Кәсіби біліктілік – ол маманның таңдаған кәсіби алдындағы талаптарды, міндеттерді және оған сәйкес көзқарастарды, пікірлерді, нұсқауларды барынша қабылдау деген сөз.

Елімізде және шетел педагогикасында мамандардың кәсіби дайындығын зерттеу мәселесі көптеп талданып, қарастырылған. Зерттеулер кәсіби білім, саяси-қоғамдық және психологиялық-педагогикалық білім саласында жеткілікті. Соның ішінде болашақ мамандарды ғылыми теория және іс-тәжірибе бағытында дайындауға ғылыми еңбектер педагогика ғылымдарында кездеседі. Атап айтқанда:

– теория және әдістемеді (Г. А. Ахметова, Т. М. Мамаджанова, Ю. А. Самарина, А. Е. Әбілқасымова, И. Д. Зверева, Ж. А. Караев, Н. Д. Хмель және т.б.);

– педагогика тарихы мен білім (А. Н. Ильясова, К. К. Құнантаева, В. Г. Храпченков және т.б.);

– оқу теориясы мен тәжірибе (В. С. Безрукова, С. Я. Батышев, К. С. Успанов, Г. А. Уманов және т.б.);

– әлеуметтік бағыт (К. К. Жампейісова, А. Г. Қазмағанбетов, А. А. Калюжный, З. У. Кенесарина, Л. К. Керимов, Г. Ж. Меңлібекова, С. А. Ұзақбаева, А. Н. Тесленко, В. В. Трифонов және т.б.);

– кәсіптік білім мазмұны мен технология (В. С. Леднев, Қ. М. Арынғазин, Б. А. Әбдікаримов, А. Ш. Абдраман, Б. А. Альмухамбетов, С. А. Абдыманапов, Б. З. Баталханов, Н. А. Завалко, Ж. Ж. Наурызбай, Г. К. Нұрғалиева, Б. К. Момынбаев, М. С. Молдабекова, А. П. Сейтешев, К. Н. Үстеміров, Н. Р. Шаметов, Г. Т. Хайруллин, Н. Н. Хан және т.б.);

– зерттеу (З. А. Исаева, Ш. Т. Таубаева және т.б.) ғалымдардың ғылыми еңбектерін айтуға болады.

Кәсіби бағыттылықты дамыту мақсаты – маманды кәсіптің ерекшелігімен, олардың мазмұны туралы толық біліммен қаруландыру, әр кәсіптің олардың жеке қасиеттеріне қоятын талаптарымен таныстырумен бірге, таңдап алған кәсібіне деген терең қызығушылығын сезіндіру, маңыздылығын түсіндіру, оның қоғамдық өмірдегі әлеуметтік беделін көрсету. Әсіресе студенттердің болашақ кәсібіне байланысты мәселелерді шешу барысындағы олардың шығармашылық іс әрекет қабілеттерінің маңызы ерекше. Бастапқы кезеңде бірқатар студенттер өз мамандықтары бойынша жұмыс істеуді жоспарламайды, сондықтан олардың оқуға жағымды көзқарасын тудыру арқылы болашақ кәсібіне қызығушылығын қалыптастыру қажет [1].

Осы ерекшеліктерді ескере отырып болашақ бастауыш сынып мұғалімін қазіргі заман талабына сай етіп даярлау бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі болып отыр.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жоғары оқу орнынан болашақ маман рухани дамыған, шығармашылықпен жұмыс істей алатын, кәсіби дағдыларды, педагогикалық дарындылықты бойына сіңірген және жаңашылдыққа құштарлығы басым маман болып шығуы тиіс; әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу мақсаты қойылып отырған қазіргі кезде білім беруші, пәнді оқытушы мұғалімінің орнына жаңа педагогикалық технологияларды, оқытудың ақпараттық құралдарын, тәрбиенің жаңа нысандарын, зерттеушілік және ізденушілік қызмет дағдыларын меңгерген кәсіби білікті педагог келуге тиісті.

Бүгінгі күнгі республикалық білім беру орындары ұсынып отырған көп нұсқалы оқыту технологиялары оқу процесіне енуде. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа жобалар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми-педагогикалық, психологиялық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту процесінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады.

Бұл қарастырылып отырған мәселеде педагогикалық инновацияны пайдалану проблемасы болашақ педагогтерін даярлаудың аспектісі ретінде алынды. Дәл осы процесс мұғалім тарапынан ерекше назар аударуды және біліктілікті қажет етеді.


Болашақ мұғалімдерін ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлаудың алғышарттарының анықталуы мен бүгінгі күні болашақ маманның ауыл мектебінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлау

мәселесі көкейкесті болып отырғандығын және оған даярлаудың ерекшеліктерін анықталып, қазіргі жағдайын сараптаудың маңыздылығы дәлелденді. Болашақ мұғалімдерін ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлаудың ерекшеліктерін анықтау үшін, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге, ғылыми еңбектерге талдау жүргіздік.

Тәжірибелік-эксперименталды жұмысты жүргізбес бұрын, бірқатар жұмыстар жүргізілді. Онда зерттеліп отырған мәселе ғылыми еңбектерде, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерде, ресми құжаттарда толық қарастырылмағанын көрсетті, оқытушыларға арналған зерттеу проблемасы бойынша семинар, арнайы курс бағдарламасы қамтылмаған, оқу бағдарламалары мен оқулықтарды талдау барысында аталмыш мәселе жүйелі зерттеліп қарастырылмағандығын көрсетті.

Біз әзірлеген диагностикалық бағдарлама арқылы тексерілген даярлықтың бастапқы жағдайының нәтижесі педагогикалық инновацияны пайдалану бойынша білімдер мен біліктерді қолдану қажеттілігі және оны білімдік процесте тиімді қолдана алуға деген даярлықтың жоқтығын көрсетті. Көптеген мұғалімдерде педагогикалық инновацияны пайдалануға деген мотивациялық көрсеткіш басым, бірақ процестегі білік пен мазмұндық білім жеткіліксіз.

Мұндай даярлық жағдайындағы олқылықтың себебін анықтауды жөн көрдік. Соның негізінде жоғары оқу орнында оқылатын пәндерге арналған бағдарламалардың және бастауыш сынып оқытудың жалпы білім бағдарламасының мазмұны мен құрылымына, сапалық деңгейіне талдау жүргізілді. Қорытындылай келе педагогикалық инновацияларды пайдалануға болашақ мамандарды даярлау материалдары жеткіліксіз екендігіне көзіміз жетті. Сондықтан, мұндай олқылықтың орнын толтыру үшін болашақ мұғалімдерін ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлаудың әдістемесін жасау қажеттігі туындады (Сурет 1).



Сурет 1 – Болашақ мұғалімдерді ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлаудың әдістемесі

Жасалған әдістеменің құрамдас бөліктерін қарастыратын болсақ, оның ішінде, ең бастысы, мақсаттың басымдылыққа ие болатынын атап көрсетуге тиістіміз. Қойылған мақсатқа жету үшін төрт кезең арқылы жүргізілетін нәтижеге жету жолдары көрсетілген.

Демек, қалыптастырушы эксперимент төрт кезенді қамтыды, яғни әдістемемізде осы төрт кезең бойынша жасалды. Бірінші кезең бірінші курс студенттерімен жүргізілді, алдымен қарастырылып отырған мәселе туралы теориялық білім бермес бұрын, оқытушыларға арналған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлаудың ерекшеліктері» атты семинар ұсынылды.

Арнайы семинардың мақсаты – оқытушыларды болашақ маманның ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлаудың ерекшеліктерінің мазмұнымен және оны пайдаланудың әдістемесімен таныстыру.

Оқытушылардың педагогикалық инновацияны ауыл мектептерінде пайдаланудың мазмұны туралы теориялық білімдерін жетілдіру үшін, электронды оқу құралдарын, әдістемелік нұсқауларды енгізуге болады. Мысалы: «Мұғалімдерді ауыл мектебінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлау» атты электронды оқу құралы жасалды.

Келесі бір жасалған қомақты жұмысымыздың бірі «Педагогика», «Математиканы оқыту әдістемесі», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Дүниетануды оқыту әдістемесі» пәндерінің оқу бағдарламаларына қосымшалар және «Педагогикалық іс-әрекет негіздері» атты элективті курс ұсынылды.

Нәтижеге жету жолдарының екінші кезеңінде аудиториядан тыс жұмыстар, «Математик» үйірме жұмысы, «Ізденімпаздар» атты ғылыми-әдістемелік клуб құрайды. Бұл іс-әрекет студенттердің бастауыш мектеп оқушыларын оқытуға даярлығын қалыптастыруға бағытталып, игі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Және бұл кезеңде ақпараттық әдістемелік кешен қолданылды. Оған «Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру» атты оқу-әдістемелік құралы, «Қызықты математика» атты автоматты оқу бағдарламасы, «Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру технологиясы» атты электронды оқу құралы жатады. Ақпараттық әдістемелік кешеннің мақсаты – студенттердің педагогикалық инновацияны пайдалану бойынша көзқарастарын кеңейту және білімдерін жоғарлату.


Зерттеу жұмысымыздың үшінші кезеңі үшінші курс студенттерімен жүргізілді. Оқу үдерісіне «Ауыл мектептерінің бастауыш сыныптарында педагогикалық инновацияны пайдалану» атты арнайы курс енгізілді.

Арнайы курстың мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалану жөнінде теориялық

білімді беру және сол алған білімдерін мектептердегі оқыту үдерісінде нәтижелі пайдалана білу біліктерін қалыптастыру.

Жоғары оқу орындарында мамандардың даярлығын жетілдірудің қорытынды кезеңі – педагогикалық практика. Бұл жұмысты жоспарлы ұйымдастыру мақсатында біз педагогикалық практиканың бағдарламасына қосымша болатын тапсырмалар жүйесін құрдық. Бұл даярлау әдістемеміздің төртінші кезеңінде жүзеге асырылды. Зерттеу жұмысы барысында ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалану арқылы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру әдістері, жолдары, түрлері талданып қарастырылды.

Болашақ мұғалімдерінің ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалану даярлығының бастапқы және соңғы нәтижесі қорытынды кескін арқылы тексерілді. Қорытынды кескін нәтижесі диагностикалық бағдарламадағы әдістемелік кешен арқылы шығарылды (Сурет 2).



Сурет 2 – Болашақ мұғалімдердің педагогикалық инновацияны пайдалану даярлығының қорытынды динамикасы

Шығарылған қорытынды кескіннің нәтижесі бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлық деңгейі мен біз ұсынып отырған даярлау әдістемесін енгізу арасындағы дәлелді байланысты көрсетеді.

Бұл әдістеменің мақсаты алға қойған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлығының нәтижесін берді есептейміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Түйіндей келе, ұсынылған даярлау әдістемесі жалпы ғылыми талаптарға сай келеді, жеткілікті түрде негізделген және қол жетерлік болып табылады,

өйткені ол жүйелі жасалып, компоненттердің өзара байланысының логикалық түріне құрылған. Осы негізде біз оның жүзеге асуы болашақ мұғалімнің даярлығына тиімді болатынына сенеміз.

Талданып отырған даярлау әдістемесін эксперименттен өткізу кезінде қорытындылар алынды:

педагогикалық инновацияны пайдалану туралы білім деңгейі жоғарылады; кәсіби іс-әрекетке ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалану бойынша саналы түрде қажетті білім және білік қажеттілігі туындады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Рыскельдина, А. А.** Кредиттік оқыту жүйесі жағдайында тіл маманы студенттерінің кәсіби бағыттылығын дамыту : пед. ғыл. канд. ... автореф. : – Алматы, 2010. – 20 б.

2 **Мухаметжанова, А. О.** Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлау: пед. ғыл. канд. ... дисс. : – Қарағанды, 2010. – 200 б.

Материал 11.12.19 баспаға түсті.

А. О. Мухаметжанова¹, К. Т. Кошкумбаев², С. К. Ксембаева³

Методика подготовки будущих учителей к использованию педагогической инновации

^{1,2}Педагогический факультет,

Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова,
г. Караганда, 100026, Республика Казахстан;

³Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,
г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 11.12.19.

A. O. Mukhametzhanova¹, K. T. Koshkumbaev², S. K. Ksembaeva³

Methods of training future teachers to use pedagogical innovation

^{1,2}Department of Pedagogy and Methodology of Primary Education,

E. A. Buketov Karaganda State University,
Karaganda, 100026, Republic of Kazakhstan;

³Department of Psychology and Pedagogy,
S. Toraigyrov Pavlodar State University,

Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 11.12.19.

В статье рассматриваются актуальные проблемы повышения качества, образование вуза, подготовка будущих учителей. В данной ситуации применение педагогической инновации обучения рассматривается как один из аспектов в подготовке будущих учителей. Именно этот процесс требует от учителя повышенного и особого внимания. Внедрение педагогических инноваций – одно из важнейших направлений совершенствования подготовки студентов в современном профессиональном учебном заведении. В статье рассматривается взаимосвязь между уровнем общепрофессиональной подготовки будущего учителя и уровнем сформированности педагогических умений, т.к. чем свободнее специалист использует систему общепрофессиональных умений, тем более успешной является его профессиональная деятельность. Рассматривается методика подготовки будущих учителей к использованию педагогических инноваций. Описывается содержание, цель, задачи и структура использования педагогической инновации в подготовке будущих учителей. Представлены результаты внедрения данной методики в учебный процесс.

The article deals with topical issues of improving the quality, education of the university, the training of future teachers. In this situation, the use of pedagogical innovation of learning is considered as one of the aspects in the training of future teachers. It is this process that requires special attention from the teacher. The introduction of pedagogical innovations is one of the most important directions for improving the preparation of students in a modern vocational school. The article discusses the relationship between the level of general professional preparation of the future teacher and the level of formation of pedagogical skills, because the freer the specialist uses the system of general professional skills, the more successful is his professional activity. The technique of training future teachers to use pedagogical innovations is considered. The content, purpose, objectives and structure for the use of pedagogical innovation in the preparation of future teachers are described. Presents the results of the implementation of this methodology in the educational process.

FTAMP 14.25.09

Е. Мухтар¹, Г. Р. Аспанова²¹магистрант, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы;²PhD, доцент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹mika_e_ano@mail.ru; ²gulmiraramazanovna@bk.ru**БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ФОРМАЛАРЫ РЕТІНДЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІ БОЙЫНША СТАНДАРТТАН ТЫС САБАҚТАР**

Бұл мақалада авторлар жаратылыстану-ғылыми білім берудің өзектілігін айқындайды. Жаратылыс ғылымы бойынша білім беру сапасын көтеру қажеттілігін атап көрсетеді. Жаратылыстану бойынша кіші жас оқушыларын оқытуды ұйымдастырудың ең тиімді формаларын анықтайды. Жаратылыстану пәні бойынша оқытуды ұйымдастырудың тиімді формалары түрінде стандарттан тыс сабақтарды ажыратады. Аспанова Г.Р., Мухтар Е. стандарттан тыс сабақтарды ұйымдастырудың ерекшеліктерін сипаттады. Стандарттан тыс сабақтарды ұйымдастырудың технологиясы атап көрсетіледі.

Мақалада стандарттан тыс сабақтардың белгілері сипатталған. Олар келесідей болып жіктеледі: жаңаның элементтері, бағдарламадан тыс материалды қолдану, ұжымдық қызметпен аралас жеке жұмыс жасауды ұйымдастыру; сабақты ұйымдастыру үшін әр түрлі мамандықтағы адамдарды тарту; кабинетті безендіру арқылы оқушылардың эмоционалды көңіл-күйлерін көтеру; шығармашылық тапсырмаларды орындау; сабаққа дайындалу кезінде, сабақта және сабақтан кейін өзіне-өзі талдау жасау; сабаққа дайындалу үшін оқушылардан уақытша бастамашы топты құрастыру; алдын ала сабақты жоспарлау; нақты үш дидактикалық міндетті анықтау.

Кілтті сөздер: жаратылыстану-ғылымы, бастауыш сынып, дәстүрден тыс сабақтар, ынта, қызығушылық, әдіс-тәсілдер, шығармашылық ізденіс.

КІРІСПЕ

Жаратылыстану-ғылыми білім беру өскелең ұрпақты өздігінен өмір сүруге дайындау компоненттерінің бірі болып табылады. Гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық және математикалық компоненттермен қатар, ол мектептегі оқытылу және тәрбиелену кезіндегі бала тұлғасының жан-жақты дамуына жағдай жасайды. Білімді тұлғаның және құзыретті маманның дамуы - еліміздің байлығы, дамуының тұрақтылығы болып табылады.

Жиырмамыншы жүзжылдықтың ғылыми-жаратылыстану зерттеулерінің жетістіктері өте зор, ол өркениет пен қоғам өмірін өзгертті. Машина жасау, ғарышкер, ракета жасау, байланыс құралдары, теледидар, электроника, өндіріс, химиялық өндірістің дамуы-бұның бәрі жаратылыстану ғылымдарының жетістіктері, 21 ғасырдағы заманауи өмірдің бастылары.

Қазіргі таңда мектептегі білім беруді реформалау үдерісі салдарынан, өкінішке орай, жаратылыстану-ғылымибілім беру сапасының біртіндеп төмендеуі байқалады.

Жаратылыстану-ғылымибілім беру -адамның өздігінен өмір сүруінің ең басты және ауыстыруға келмейтін компоненті; оған бастауыш мектептен дайындалу қажет. Бастауыш мектеп мектептегі оқытудың бірінші кезеңі, толыққанды адамның қалыптасу негізі, сондықтан оқытуды нәтиже мен жетістік алу үшін және ол бүкіл өмірінде қажет болатындай құрастыру қажет.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бастауыш мектеп (1–4-сыныптар) оқытудың бірінші сатысы, бұл кезең неғұрлым жауапты, себебі көрнекті педагогтердің көбі: (Д. Б. Эльконин, В. В. Давыдов және т.б. [1, 2]), ол білім берудің негізі болып қызметін атқарады, одан әрі қарай білім мен дағдылары қалыптасады деп белгіледі. Бұл кезең жаратылыстану курсының оқудың неғұрлым қолайлысы болып табылады, жартылыстану курсының меңгеру нәтижесінде балада қиялы, зейіні, жады, сөйлеу қабілеті, өздігінен ойлау, түйінді ұсыну, аналогтар өткізу, теорияларды растау немесе жоққа шығару, қадағалау қабілеттері пайда болады [3]. Ол әлемдік ғылыми-жаратылыстану бейнесі қалыптасуының бастапқы кезеңі, табиғаттағы болып жатқан құбылыстар мен ұғымдар түсінігінің пайда болуы болып табылады. Бастауыш сынып оқушылары орта буын мен жоғарғы сыныптарында оқытылатын табиғаттағы көптеген құбылыстарды сапалы деңгейінде түсінуге дайын.

№ 2 ЖОМ базасында өткізілген зерттеулер негізінде жаратылыстану пәнін оқытудың түрлі формаларын қолданумен бастауыш сыныптан бастау қажеттілігі анықталды. Олардың ішінде ең тиімдісі стандарттан тыс сабақтар болып табылады.

И. П. Подласова анықтағандай, дәстүрлі емес (стандарттан тыс) сабақ- бұл «экспромттысабақ, стандарттан тыс (белгіленбеген) құрылымы бар сабақ» [4]. Стандарттан тыс сабақтар құрамына оқу жұмысын ұйымдастырудың сыныптан тыс формаларынан алынған сабақтардың типтері кіреді. Педагогтердің сабақтарды осындай формада өткізуге әртүрлі көзқарастары бар: біреулер мектепті демократиялаудың дұрыс жолы деп көрсе, басқалары, керісінше, бұл сабақтарды дидактикалық қағидаттарды бұзушы, сабақ құрылымын бұрмалау деп санайды.

Ерекше ойластырылған және дәстүрлі емес түріндегі ұйымдастырылған сабақтар, қатаң құрылымы мен қалыптасқан жұмыс тәртібіндегі сабақтарға қарағанда, оқушыларға көбірек ұнайды. Осындай сабақтар, кіші жас оқушыларына тек қуаныш қана емес, сонымен қатар, белгілі дәрежедегі қызығушылықты оятатын, өз күштеріне сенімділік пен мүмкіндік оятатын ынталандыру негізінде қызмет атқарады. Дәстүрлі емес сабақтар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, олардың дамуына пайдалы. Бастауыш сынып оқушыларының бұл сабақтарда алатын тапсырмалары (сауалнама толтыру, жарнама құрастыру, сұхбат алу, баяндама дайындау, экскурсия өткізу), бұл әрекеттер оларға шығармашылық ізденіс атмосферасында өмір сүруге көмектеседі, балаларға шабыт беріп, үнемі олардың сөйлеу қабілетін дамытады.

Т. Б. Кропачева ойы бойынша, дәстүрден тыс сабақ, бастауыш мектепте айналамен танысу сабақтарында қолданылу қажет. «Бастауыш сынып оқушыларында спецификалық жас ерекшеліктері: тұрақсыз зейін, көрнекі-бейнелі ойлау басымдау, жоғары қозғалыс белсенділігі, ойын қызметіне ұмтылу, танымдық қызығушылықтың әртүрлілігі бар. Бұның бәрі мұғалімнің жұмысын қиындатады. Сабақ барысында оқушылардың зейінін сабаққа аудару үшін, ойлау қызметінің белсенді және қызық түрлерін ұйымдастыру қажет. Бұнда дәстүрлі емес сабақтар көмекке келеді» [5].

Дәстүрден тыс сабақтар қарапайым сабақтар арасында оларға нақты орын тапқаннан кейін ғана пайда әкеледі. Ағымдағы оқу жылында оқытылатын бүкіл материалға пән бойынша талдау жасап, мұғалім қай сабақтарды мақсатты түрде дәстүрлі емес формада өткізу керек екенін шеше алады. Жиі дәстүрлі емес сабақтар оқушылардың білімін тиянақтап, тексергенде септігін тигізеді. Бірақ олардың кейбірін (саяхат сабақтары, біріктірілген сабақтар, ертегі сабақтары және т.б.) жаңа материалды оқыту кезінде пайдалануға болады.

Дәстүрден тыс сабақтар тоқсанына бір-екі реттен көбірек өткізілмейді, әдетте айналамен танысу пәнінің қандай да бір бөлімін аяқтаған кезінде қолданған дұрыс, сондықтан оларды сабақ кестесі бойынша соңғы сабақтарға қойған дұрыс, себебі балалар ойынға қызығып, ол келесі сабақтарға бөгет жасайды.

Осындай сабақтың түріне тек мұғалім ғана дайындалмай, сонымен қатар, бүкіл сынып дайындалады, ал кейбір кезде ата-аналар да дайындалады.

Дәстүрден тыс сабақтардың белгілері:

- жаңа элементтермен, сыртқы жақтары, өткізілу орны өзгереді;
- бағдарламадан тыс материал пайдаланылады, жеке жұмыспен қатар, ұжымдық қызмет ұйымдастырылады;
- сабақты ұйымдастыру үшін сабаққа әр түрлі мамандықтағы адамдар жұмылдырылады;
- кабинетті безендіру арқылы оқушылардың эмоционалдық көңіл-күйі көтеріледі;
- шығармашылық тапсырмалар орындалады;
- сабаққа дайындалу кезінде, сабақта және сабақтан кейін өзіне-өзі талдау жасалады;
- сабаққа дайындалу үшін оқушылардан уақытша бастамашы топты құрастырылады;
- алдын ала сабақ жоспарланады;
- нақты үш дидактикалық міндет анықталады.

Әрбір педагог өзіне тиімді, оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкескелетін педагогикалық технологияларды таңдауға құқылы:

- а) авторлық;
- б) авторизацияланған;
- в) новаторлық;
- г) дәстүрлі;
- д) дәстүрден тыс сабақтарды қолдану.

Педагогикалық әдебиетке талдау жасау, дәстүрден тыс сабақтардың бірнеше ондығын ажыратуға көмектесті. Олардың кейбір аттары осындай сабақтардың өткізілу әдістемесі, мақсаттары, міндеттері туралы хабар береді. Дәстүрден тыс сабақтарынан ең танымалын атап көрсетейік.

Дәстүрден тыс сабақтарды келесі топтарға жіктеуге болады: жарыс және ойын түріндегі сабақтар: викторина, әзіл тапқырлар клубы, байқау және басқалар.

Әзіл тапқырлар клубы-сабағы командалар арасында жарыс түрінде өткізіледі. Сабақ кезеңдері командаларға тапсырмаларды беру болып табылады: сәлемдесу, жаттығу, үй тапсырмасы, тәжірибелік тапсырмалар, басшылардың жарысы және т.б.. Сұрақтар мен тапсырмалар мазмұны жағынан танымдық, оқытушылық, мәселелік сипатта, ал форма жағынан қызық, әзіл, ойын түрінде болуы мүмкін.

Викторина сабағыоқушылардың жеке жұмысын қамтиды, әзіл тапқырлар клубы-сабағы түрінде өткен материалды қайталау ретінде жеке жұмыс болып табылады.

Ойын сабақтары «Не? Қайда? Қашан?», «Ғажайыптар өрісі», «Сәтті жағдай», «Жұлдызды сәт» теледидарлық ойындары және т.б. негізінде құрастырылуы мүмкін. «Крестики-Нолики» ойыны да қызық. Бұл сабақтардың оқу міндеті- жалпылау және білімді жүйелеу.

Қарым-қатынас жасау түріндегі сабақтары: сұхбат, аукцион, конференция, телебағдарлама және т.б.

Мекеме және ұйым қызметі негізіндегі сабақтар: сот, тергеу.

Саяхат сабақтары.

Қиялға сүйенетін сабақтар: ертегілер. Дәстүрлі емес сабақтардың осы түрін 1–2-сыныптарында өткізген жөн. Ол В. Бианки, М. Пришвина, Н. Сладкованың орыс халқының ертегілері негізінде өткізіледі, сонымен қатар, мұғалім ертегіні өзі құрастыра алады. Кез келген ертегідегідей бұл сабақтарда жақсы және жаман кейіпкерлер болу керек. Ертегіде байланыс, шарықтау шегі және шешуі болуы қажет.

Құрастырылған сабақтарда сабақтың дәстүрлі емес болуы негізінде оқу қызметі жоғарылайды (бұл ерекше, сондықтан қызық), пәндердің әр түрлі салаларында қарастырылатын ұғымдар, ойлау әрекеттерімен мақсатты жұмыс: салыстыру, жалпылау, жүйелеу, талдау, синтез т.б., пәнаралық байланыс және әр түрлі есептерді шығаруда оларды қолдану.

Құранды сабақтарда балалар жеңіл және қызығушылықпен жұмыс жасап, көлемді материалды меңгереді. Алған білімдері мен дағдыларын оқушылар тәжірибелік қызметте қолдана алады, сонымен қатар, шығармашылықтың, зияткерлік қабілеттерінің пайда болуына септігін тигізеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен дәстүрлі емес сабаққа жоғары деңгейдегі дайындық қажет. Біріншіден дәстүрлі емес сабағына тәжірибелік құндылығы жоқ тақырыбы бойынша күш пен уақытты жұмсау қажеттілігін анықтау қажет.

Дәстүрлі сабақты өткізудегі сыныпты таңдау, оның қабілеттеріне: оқытылу деңгейіне, еңбекқорлығына, ұйымдастырылуына және т.б. тәуелді. Бір сыныпта мұғалім өз еңбегіне шығармашылықпен қарап, өзінің қабілеттерін, жаңа идеялар мен ойларын жүзеге асырып, жеңіл және қызық жұмыс жасай алады. Бұндай сыныпта сабақты кез келген дәстүрлі емес формада өткізуге болады.

Басқа сыныпта сабаққа дайындығы мен оқытылуы деңгейінде дәстүрлі емес сабақтарын қолдану, оқушыларда сабаққа деген қызығушылықтарын оятып, мұғалімге оқытудағы және тәртіптегі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Жаңа, продуктивті оқу технологияларын әзірлеу, жоғары деңгейдегі назарды қажет етеді, себебі оқытудың әдістерін, мазмұнын жанартпай, заманауи мектептер алдындағы мәселелерді шешу мүмкін емес.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мышление младшего школьника // Очерки психологии детей. – М., 1951.
- 2 **Давыдов, В. В.** Проблемы развивающего обучения. – М. : Педагогика, 2016.
- 3 **Семичаевская, Д. Н., Ситнова, Е. В.** Технология обучения естествознанию детей младшего школьного возраста // Современные проблемы науки и образования. – 2013. – № 5.
- 4 **Подласова, И. П.** Педагогика в двух томах. – 2016.
- 5 **Кропачева, Т. Б.** Родной край : учеб. пособие для учащихся начальных классов. – Новокузнецк : КузГПА, 2017. – 136 с.

Материал 11.12.19 баспаға түсті.

Е. Мухтар¹, Г. Р. Аспанова²

Нестандартный курс естествознания как эффективная форма обучения в начальной школе

^{1,2}Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 11.12.19.

Е. Mukhtar¹, G. R. Aspanova²

Non-standard natural science course as an effective form of elementary school education

^{1,2}Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan

Material received on 11.12.19.

В данной статье авторы обозначили актуальность естественнонаучного образования. Подчеркивают необходимость повышения качества образования по естественнонаучному направлению. Определяют наиболее эффективные формы организации обучения детей младшего школьного возраста по естествознанию. Выделяют нестандартные уроки как эффективные формы организации обучения по предмету естествознания.

Аспанова Г. Р., Мухтар Е. описали особенности организации нестандартных уроков. Подчеркивается технология организации нестандартных уроков.

В статье описаны признаки нестандартных уроков, такие, как: элементы нового; использование внепрограммного материала, организация коллективной деятельности в сочетании с индивидуальной работой; привлечение для организации урока люди разных профессий; достижение эмоционального подъема учащихся через оформление кабинета; выполнение творческих заданий; проведение самоанализа в период подготовки к уроку, на уроке и после его проведения; создание временной инициативной группы из учащихся для подготовки урока; планирование урока заранее; четкое определение трех дидактических задач.

In this article, the authors identified the relevance of natural science education. They emphasize the need to improve the quality of education in the field of natural science. Determine the most effective forms of organization of education of primary school children in natural science. Non-standard lessons are singled out as effective forms of organization of teaching on the subject of natural science.

Aspanova G. R., Mukhtar E. described the features of the non-standard lessons organization. The technology of organization of non-standard lessons is emphasized.

The article describes the features of non-standard lessons, such as: elements of the new; the use of extracurricular material, the organization of collective activity in combination with individual work; involvement of people of different professions; for the organization of the lesson achieving emotional uplift of students through the design of the office; performing creative tasks; conducting self-analysis in preparation for the lesson, at the lesson and after it; creating a temporary initiative group of students to prepare the lesson; planning the lesson in advance; clear definition of three didactic tasks.

FTAMP 14.35.07

А. М. Мухтарханова

п.ғ.к., доцент, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы
e-mail: ainagul_mukhtark@mail.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ СӨЙЛЕУ ШЕБЕРЛІКТЕРІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мемлекеттің халықаралық қатынастарының кеңеюі мен сапалы өзгеруі, қоғамдық өмірдің барлық салаларының галамдануы бүгінгі күні қай сала болмасын мамандардың ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгеруі қажеттілігін тудырып отыр. Осыған орай, жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытудың тиімділігін арттыру жолдары әлі де зерттелуде. Сөйлеу қарым-қатынас жасаудағы қажетті төрт дағдының бірі. Ұсынылып отырған мақалада жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытуда студенттер сөйлеу барысында қандай кедергілер мен қиыншылықтарға кездесетіндігі сөз болады. Оларды жою үшін қажетті шарттар айқындалып, сол шарттар негізінде әзірлеме ұсынылады. Материалдың проблемалық тапсырмаларды қамтуы мен түрлілігі студенттердің пәнге қозғарасы мен белсенділігін арттырады.

Кілтті сөздер: ағылшын тілін оқыту, студенттердің сөйлеу шеберліктерін арттыру, сөйлеудегі қиындықтар, сөйлеуді меңгертуге қажетті шарттар.

КІРІСПЕ

Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытуда кешенді қадам құпалады: сөйлеу, оқу, жазу, тыңдау. Өйткені, қатысымдық әдіс – «сөйлеуге оқытудың құралы» болса, «сөйлеу – қарым-қатынас құралы» [1]. Қарым-қатынас ауызша және жазбаша түрде жүзеге асады. Ауызша қарым-қатынаста сөйлеуші сөйлеу әрекеттерінің түрі ретінде қарым-қатынас құралдары-сөйлеу мен тыңдауды меңгеруі керек. Жазбаша қарым-қатынаста жазу мен оқуды меңгеру қажет. Сөйлеу әрекеттері барысында сөйлеу тетіктері: тыңдау, оқу, жазу, айту қалыптасады. Ағылшын тілін үйренуде оқу-танымдық әрекеттер қалыптасады, оның барысында оқушы тіл үйренеді, қарым-қатынас жасайды. Тілдік әрекеттердің нәтижесі ретінде диалогтар, әңгіме, мәтіндер, ауызша,

жазбаша сөйлеу тапсырмалары жүзеге асады. Сөйлеу әрекеттеріне дағды мен шеберліктер арқылы қол жеткізіледі. Сондықтан, студентке ағылшын тілін үйрету сөйлеу әрекеттері: сөйлеу, оқу, жазу, тыңдаусыз мүмкін емес [2].

Қарым-қатынас жасаудың төрт маңызды әрекеттерінің бірі сөйлеу – ауызша ақпарат берудегі ауызша қатысым шеберлігі мен дағдысы. Сөйлеу – ауызша сұхбаттың интегративті бөлігі. Сөйлеу жанрларына: суреттеу (description), әңгімелеу (narration), пікір айту, дәлелдеу (reasoning), анықтау (identification likes and dislikes), түсіндіру (comment), шешім іздеу және пікірталастыру (debate and argument), шешім қабылдау (decision making) т.б. жатады. Аталған жанрларды меңгеру қабілеттілігі студенттің сөйлеу шеберлігінің деңгейін анықтайды. Сөйлеуді меңгеруде қатысымдық жаттығулар: қатысымдық ойындар, жобалар (projects), талқылаулар (discussions), презентацияның (presentation) маңызы ерекше. Орта мектепте бірнеше жыл оқып келген білім алушы ағылшын тілінде сөйлеу барысында бірқатар қиыншылықтарға байланысты сөйлеуге жасқанады. Олар қандай қиыншылықтар? Оның қандай жолдары бар? Ағылшын тілі сабақтарында студенттердің сөйлеу шеберліктерін арттыруда қандай қажетті шарттар тиімді? Осы сұрақтардың жауабын айқындау үшін бірқатар ғалымдардың зерттеулері сараланып, студенттермен бейресми сауалнама жүргізілді. Алғашқы зерттеу нәтижелері сөйлеуге сенімді түрде, жүйелі ой-пікір білдіруге жетелейтін сабақ әзірлемесін дайындауға негіз болды. Әзірлеменің әлеуетін арттыру үшін оқытудың классикалық қатысымдық бағыты және оқыту ұстанымдары негізге алынды. Қысқаша зерттеу нәтижесі студенттердің сөйлеу шеберліктерін арттырып, оқытушыларға қосымша кеңестер береді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қарым-қатынастың мотивациялық негізі Е. А. Маслыканың айтуынша, сөйлеуге қажеттіліктің пайда болуы, сөйлесу ниеті және ойы, мақсаты болады. Студенттер ағылшын тілі сабақтарында мынадай жағдайларда сөзге араласады: қосыла іс-әрекетті орындау барысында (рөлдік ойындар, талқылау т.б.); сұхбаттасушыға қалай-да ықпал ету мақсатында; қарым-қатынас барысында эмоционалды қажеттілікті қанағаттандыру үшін. Аудиториядағы қарым-қатынас оқытушы мен студенттердің ой білдіру мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыратын қатысымдық үдеріс. Сұхбаттасушыға қалай-да ықпал ету студенттердің өздері құрастырған диалогтар немесе берілген тақырыпқа талқылау жүргізу т.б. жұмыс түрлері арқылы жүзеге асады. Алайда, Е. А. Маслыканың пікірінше ондай диалогтарда сұхбаттасушыға шынайы сөйлеу, ортақ қызығушылық, ситуативтілік жетіспей жатады [3]. Сондықтан қарым-қатынастың мотивациялық негізі – іріктелген материалдарға, шынайы, әлеуметтік жағдаяттарға негізделген оқу материалы деп ойлаймыз.

Шетел тілі сабақтарындағы қатысымдық жағдай студенттердің ойлау, эмоционалды белсенділігі, сабақтағы түсіністік, сенім арқылы суреттеледі. Осының барлығына, біріншіден арнайы тәсілдер, ойындар арқылы; екіншіден қарым-қатынасқа бағыттау факторлары арқылы; үшіншіден студенттердің және оқытушының қатысымдық әрекеттері арқылы қол жеткізіледі. Арнайы тәсілдерге студенттердің қысылмай сөйлеуге оқытушының ықпал етуі, жоғары әдістеме, ұсынылған материалдың қызықтылығы жатса, қарым-қатынасқа бағыттау факторларына топшадағы студенттер көлемі, қарым-қатынас мазмұны жатады. Студенттердің және оқытушының қатысымдық әрекеттеріне оқытушының студентті сөйлеуге тарта білуі, студент жіберген қатені орынды түзей білуі және студенттердің тілдік әрекеттерін жүйелендіре білуі жатады З. К. Исаева, Т. И. Раздина қарастырған [4].

Ағылшын тілінде студенттің сөйлеу шеберліктерін арттырудың ұтымды жолдарының бірі, студенттердің ағылшын тілінде ойлауы жағдайын туғызу [5]. Қарым - қатынас жасауда студенттердің ағылшын тілінде ойлауы жағдайын қалыптастыру негіздеріне автор келесі факторларды жатқызады: оқытушымен ағылшын тілінде сөйлесуді әдеттендіру; оқытушының сөйлеуі үлгі ретінде дұрыс, эмоционалды тұрғыдан түсінікті болуы керек. Осылайша, оқыту жағдайында оқытушының міндеті ағылшын тіліндегі қарым-қатынасты басқарушы ретінде қатысымдық қажеттілікті қалыптастырушы және қолдаушы болуы тиіс.

Жоғарыдағы авторлардың пікіріне қосыла отырып, ағылшын тілі сабақтарында қарым-қатынас жасауды меңгертуге қажетті шарттарды мұқият ұйымдастыру арқылы оқу сабағының тиімділігі артады деп есептейміз.

Ағылшын тілін оқыту барысында мәтінмен жұмыс, түрлі жаттығуларды орындау, слайд жасау, көрсету, әңгімелеу, талқылау т.б. жұмыс түрлері жүзеге асады. Студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамыту мақсатында қорытындылау, ақпаратты синтездеу, түрлі ой-пікірге реакция сияқты тапсырмалар қолданылады. Мұндай тапсырмалар арқылы студенттің сөйлеу дағдылары дамиды. Сонымен қатар, болжау, негізгі ойды анықтау, презентация жасау, сөз қорын молайту сияқты шығармашылық тапсырмалар студенттердің ауызша сөйлеу мүмкіндіктерін кеңейтеді. студенттің ауызша және жазбаша сөйлеу білімін толықтырады. Д. Кластер [6] сыни ойлаудың бес түрлі сипатын ұсынады: біріншіден, сыни ойлау дербес, тәуелсіз пікір, баға, сенім, жеке ойлау болып табылады. Мысалы, белгілі бір кітап немесе құбылыс туралы мәтіннен ақпарат алу мен ол еңбектің өзін түпнұсқада оқу екітүрлі нәрсе, өйткені еңбекті түпнұсқада оқыған соң студенттің өзінің жеке, дербес пікірі қалыптасуы мүмкін.

Екіншіден, сыни ойлау шешілетін мәселені қоюдан басталады. Студент танымдық әрекеттің субъектісі ретінде мәселе төңірегінде пайда болған

қызығушылық пен қажеттіліктерді өтеу үшін өзін қоршаған шексіз мәселелерді көре білуі керек.

Үшіншіден, сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуы қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Бұл жерде таным үдерісі өзінің кез-келген кезеңінде мәселелерді шешу мен өзінің жеке қызығушылығы мен қажеттіліктерінен пайда болатын сұрақтарға жауап беруге деген талпыныспен сипатталады.

Төртіншілен, сыни ойлау басқаларды сендіретін аргументациядан тұруы керек. Аргументацияның негізі пайымдау болады, ол бірнеше дәлелдемелермен, олар нақты дәлелдермен және соңында негіздемемен бекітіледі.

Бесіншіден, сыни ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады. Өйткені, сыни ойлау жұппен, топпен жұмыс арқылы орындалады және оның ішінде талқылау, түрлі жазбаша жұмыстар барысында мәселенің шешімі ұсынылады. Д. Клустер өнімді пікір алмасуға қажетті бірнеше қасиеттерді атайды: шыдамдылық, басқаны тыңдай білу дағдысы, өз пікіріне жауапкершілік [6]. Оқытушы оқу үдерісін осылайша, шынайылыққа жақындатады.

Ғалымдардың еңбектерін талдай келе, ағылшын тілі сабақтарында сөйлеуді меңгертуге қажетті шарттар төмендегідей және осы шарттар жүйелі ой-пікір білдіруге жетелейтін сабақ әзірлемесін дайындауға негіз болады:

- а) сөйлеудің мотивациялық негізін қалау;
- ә) аудиториядағы қатысымдық жағдайды ұйымдастыру;
- б) студенттердің ойлау, эмоционалды белсенділігі, сабақтағы түсіністік, сенім арқылы суреттеледі;
- в) студенттердің ағылшын тілінде ойлауы жағдайын туғызу;
- г) оқу материалына студенттің сыни ойлау қабілеттерін және ізденімпаздық-шығармашылық дағдысын дамытатын тапсырмалар енгізу қажет деп есептейміз.

Зерттеу барысында студенттермен сауалнама, сұрақ-жауап жүргізілді және оның қорытындылары талданды. Сауалнама мен сұрақ-жауапқа барлығы 22 студент қатысты. Ақпарат семестр көлемінде, нормативтік құжаттарға [7] сәйкес, В² деңгейіндегі білім алушылардан жинақталды. Келесі студенттердің сөйлеуде кездесетін кедергі, қиыншылықтарын айқындау үшін, «Ағылшын тілінде сөйлеу барысында қандай қиыншылықтар кедергі жасайды?» – деген сұраққа студенттер жауап берді және семестр барысында өткен тақырыптарға еркін сөйлеу, пікір білдіру ұсынылды. Нәтижесінде студенттердің жауаптары талданып, әсіресе сөйлеу мазмұны, айтылу, сөздерді қолдануы талданды.

Студенттермен жүргізілген «Ағылшын тілінде сөйлеу барысында қандай қиыншылықтар кедергі жасайды?» сауалнама қорытындысы келесі кестеде ұсынылған (Кесте 1).

Кесте 1 – Студенттермен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақтар	Саны	%
1	Сөздік қордың аздығы, ойымды еркін жеткізу қиын	12	54.5
2	Бастапқы білім беру базасы болмағандықтан, өте қиынға соғып жатыр	4	18.1
3	Қызығушылық жоқ	1	4.5
4	Қиындық жоқ	1	4.5
5	Ережені білмегендіктен немесе ұмытып қалғандықтан, сөздерді байланыстыру қиын	2	9.09
6	Түсіне алмаушылық, түсінбеушілік, сөздерді ұмытып қалу	2	9.09
		22	100

Сауалнама нәтижесінде, сұралған студенттердің 57,1 % сөйлеуге үлкен кедергі жасап, жасқантатын сөздік қордың жетіспеушілігі деп есептейді. Студенттердің 19 % – бірден-бір себеп, бастапқы базаның болмауы деп есептесе, 9,5% – ереже білмеу, ұмытып қалу себептерін атаған. Қалған 4,7 % – қызығушылық жоқ десе, келесі 4,7 % – ешқандай жасқанбайтындығын атаған.

Екіншіден, жоғарыдағы сұрақтың жауабын тереңдете білу үшін, семестр барысында өткен тақырыптарға еркін сөйлеу, пікір білдіру барысы жазылып, талданды. Зерттеу нәтижесі төмендегідей бірнеше кедергілерді анықтауға мүмкіндік берді: студент сөздің айтылуынан қате жіберемін деп жасқанады, грамматикалық қате жіберіп қоямын деген қорқыныш және үлкен кедергінің бірі сөз қорының жетіспеушілігі екендігі анықталды. Тағы бір байқалғаны, студенттердің тақырып бойынша жаттанды жауап беруі. Байқалған қорқыныштар мен кедергілерді жою үшін бұған дейін талданған ағылшын тілі сабақтарында сөйлеуді меңгертуге қажетті шарттар негізінде әзірлеме дайындалып, студенттермен сабақта сыналды. Әзірлеме тақырыбы ретінде «Money» алынды. Студенттің сөйлеуге мотивациясын тудыру үшін, бірнеше суреттер көрсетілді.

I Look at the photo. And discuss these questions.

- a) What is the connection between millionaires and this picture?
- b) Do you think the person in the second picture is a rich man?
- c) Read the title of the unit. What does it mean? What is money for you?
- d) Give some adjectives to describe Millionaires.

Which of these areas would you like to be a millionaire? Why?

- Construction;
- Tourism;
- Retailing;
- Banking/Finance;

- Electronics/IT;
- Food and drink;
- Transport;
- Other.

Мұндай сұрақтардың тиімділігі, сұрақтардың келелілігі және шынайылығы. Студенттің тікелей жеке пікірін талап етуінде. Сабақтың мәтінінің не туралы болатындығын алдын-ала болжау студенттің өзінің тіл, қарым-қатынас, тақырып жөнінде қаншалықты көп білетіндігіне сенімділігін арттырады; студенттің білімінде қандай қателіктер бар екендігін анықтауға көмек бола алады, соған орай оқытушы сабақ барысын студенттің біліміне сәйкес ұйымдастырады; студенттің тілге қызығушылығын арттырады, мысалы, студенттер болжап пікір айтқан соң, мәтінді оқыған кезде өздерінің тұжырымдарының дұрыстығына көз жеткізу үшін мәтінді мұқият оқиды.

Келесі аудиториядағы қатысымдық жағдайды ұйымдастыру мақсатында келесідей тапсырмалар ұсынылды:

Discuss the following excerpts from the text in pairs.

- 1 'I needed to focus on my passion, not on the paycheck'.
- 2 'A little moonlighting cash really can grow into a million?'
- 3 What is 'wealth' for you?

4 Having read the article, did you find a lot of things different/in common? Give the examples.

5 Do these secrets of becoming a millionaire work in our country? Give your opinion.

Group work.

- 1 What is the power of knowledge? Make a formula of an educated person.
- 2 What do you associate with Kazakhstani millionaire?
- 3 Wanting to be wealthy is a crucial first step. 'Think big, and you'll achieve big things'.

4 Name the secrets of becoming a millionaire.

Do this task in groups.

Make up a business plan.

Make up the plan of 'educating yourself'

Speak on quotes about money:

1 How little a thing can make us happy when we feel that we have earned it.

Mark Twain.

2 The superior man understands what is right; the inferior man understands what will sell. Confucius

3 In this world nothing can be said to be certain, except death and taxes. Benjamin Franklin

4 Continuous effort - not strength or intelligence - is the key to unlocking our potential. Winston Churchill

5 Let us not be satisfied with just giving money. Money is not enough, money can be got, but they need your hearts to love them. So, spread your love everywhere you go. Mother Teresa

Comment on the following excerpt:

Thousands of us avoid investing because we just don't get it. But to make money, you must be financially literate. «It bothered me that I didn't understand this stuff», says Steve, «so I read books and magazines about money management and investing, and I asked every financial whiz I knew to explain things to me».

Бұл тапсырмалардың тиімділігі студенттердің ойлау, эмоционалды белсенділігі, сабақтағы түсіністік, сенімділігін тудыруында. Ұсынылған тапсырмалар студенттердің ағылшын тілінде ойлауы жағдайын тудырады. Жүппен, топпен жасалатын жұмыстар бір-бірінен пікір сұрап, сұрақтың жауабын талап етуге жетелейді. Өзара жұмыс болғандықтан, студенттер ойларын еркін жеткізеді, қате жіберемін деп қысылмайды. Бұл әзірлемедегі тапсырманың барлығы студенттің сыни ойлау қабілеттерін және ізденімпаздық-шығармашылық дағдысын дамытатын тапсырмалар деп есептейміз. Өйткені бұл тапсырмалардың барлығы ойлауды, ойды әрі қарай дамытуды қажет етеді, сұрақтардың жауабы дайын, мәтін ішінде емес. Студенттер пікірлерді саралап, талдайды, болжайды, салыстырады және өз пікірін береді. Ұсынылған жаттығулар тапсырманы шығармашылық тұрғыдан орындау іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған. Бұл студенттің ұсынылған материалға танымдық қызығушылығын тудыруға себеп болады, лексиканы қолдану шеберліктерін дамытады.

Сонымен қатар, студенттердің сөздік қорын молайту үшін, төмендегі тапсырмалар ұсынылды:

Now guess the meaning of the following sentences using examples from the text:

- 1) Set your sights on where you're going.
- 2) Passion pays off.
- 3) No guts, no glory.
- 4) When money started trickling in, he squirreled it away, putting it all back into the business.
- 5) «I can't believe we used to call you the black sheep!»
- 6) They never bought on impulse, always negotiated better deals.
- 7) I was setting the bar too low.

Match the verbs with the noun phrases to form expressions from the article.

to make ..., foot ..., make ..., quit the bill, extra money, smb.'s job, point

Match the expressions from the article with definitions.

- 1) to get somebody through something
- 2) to be eager to do something
- 3) to stick with smth.
- 4) to live below their means to remain with or faithful to or honest budget; b. to help somebody to be successful in something; c. very keen to do something, a person who really wants to do something; d. hold to something, not leave or change or give up.

With your conversation partners, classmates, discuss the following statements. Use in your speaking: on the other hand, as if, after all, by contrast, in particular, consequently, as for me, however.

Соныменқатар, Give definitions to the following words, Find synonyms, Describe, Make up a picture of a millionaire т.б. тапсырмалар студенттердің сөздік қорын молайтуға үлес қосады. Соңында аталған “Money” тақырыбы бойынша, материал ішінен меңгерген сөздер мен дағдыларды қолдана отырып, еркін сөйлеу ұсынылды. Тексеру барысында студенттердің тақырып бойынша аса белсенділікпен, аздаған лексикалық, грамматикалық қателер кетсе де еркін сөйлегендіктері байқалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ағылшын тілі сабақтарында сөйлеуді меңгертуге қажетті шарттардың студенттердің жүйелі ой-пікір білдіруге жетелейтіндігі расталды. Өйткені ұсынылған сабақ әзірлемесін орындау барысында студенттер жасқанбай сөйлеуге тырысып, сыни пікір, қорытындылау, талдау сияқты жұмыс түрлерін белсенді түрде, ерекше ынтамен орындады. Студенттердің сөйлеу барысында қызығушылықтары пайда болып, тапсырмаларды шығармашылықпен орындауға тырысқандықтары байқалды. Ұсынылған тақырып тәңірегінде көптеген сөздерді есте сақтап, сөйлеу барысында қолдана білді.

Зерттеу нәтижесінде студенттердің сөйлеу шеберліктері мен дағдыларын қалыптастырып, жасқанбай белсенді сөйлеу үшін:

- 1) ағылшын тілі сабақтарында қарқынды қатысымдық бағыт (сөйлеу) басым болуы;
- 2) сабақ материалы шынайы өмірге қатысты ақпаратқа негізделуі қажет;
- 3) студенттердің сыни ойлау қабілеттерін және ізденімпаздық-шығармашылық дағдысын дамытатын түрлі тапсырмалар енгізу қажет екендігіне тағы да көз жеткіздік.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Гальскова, Н. Д., Гез, Н. И.** Теория обучения иностранным языкам: Лингво-дидактика и методика. – М.: Академия, 2004. – 336 с.

2 **Мильруд, Р. П.** Методика преподавания английского языка. English Teaching Methodology. – М.: Дрофа, 2005. – 253 с.

3 **Маслыко, Е. А., Бабинская, П. К., Будько, А. Ф., Петрова, С. И.** Настольная книга преподавателя иностранного языка: справочное пособие. – Минск: Вышэйшая школа, 1999. – 522 с.

4 **Аракин, В. Д.** Речевая единица-основа обучения устной речи. – М., 1965. – 178 с.

5 **Исаева, З. К., Раздина, Т. И.** Коммуникативный аспект номинативных функции английского глагола // Иностранные языки в школе. – 1987. – № 19. – С. 92–93.

6 **Клустер, Д.** Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не? Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. – Редакциялаған С. Мирсеитова, Ә. Іргебаева. – Алматы: ТОО Верена, 2009. – Б. 106–116.

7 Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан до 2015 г./ под ред. д.ф.н., проф. Кунанбаева С. С. – Алматы, 2004. – 20 с.

Материал 11.12.19 басаға түсті.

А. М. Мухтарханова

Способы улучшения говорения студентов в обучении английскому языку в ВУЗ-ах

Филологический факультет,
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 11.12.19.

А. М. Mukhtarkhanova

Ways of improving students' speaking skills

Faculty of Philology,
L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 11.12.19.

Расширение и качественное изменение международных отношений государства, глобализация всех сфер общественной жизни обуславливает необходимость освоения английского языка специалистами во всех сферах деятельности. В связи с этим, способы улучшения преподавания английского языка все еще изучаются в высших учебных заведениях. Говорение как вид речевой

деятельности является одним из средств общения. В данной статье рассматривается, с какими препятствиями и трудностями сталкиваются студенты во время говорения и определяются условия их устранения и предлагается разработка на основе этих условий. Разнообразие проблемных и ситуативных заданий в материале улучшает отношение и активность обучающихся к учебному предмету.

Broadening and qualitative change of the international relations of the country, globalization of all spheres of public life today demand the necessity of mastering of the English language by specialists in all branches. In this regard, the ways of improving English language teaching are still being studied in higher education institutions. One of the four skills required to communicate is speaking. The article suggests that in teaching English at universities, students face obstacles and difficulties during their speech. The necessary conditions for their removal are identified and developed on the basis of those conditions. A variety of problematic and situational tasks in the material improves the students' attitude to the school subject.

ГРНТИ 14.01.11

Б. А. Нурмагамбетова¹, З. Ш. Шавалиева², Г. М. Тулекова³

¹к.п.н., доцент, кафедра «Педагогика», Павлодарский государственный педагогический университет, г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан

²к.п.н., асоц. профессор (доцент), кафедра педагогики, Павлодарский государственный педагогический университет, г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан

³доктор PhD, асоц. профессор (доцент), кафедра «Психологии и педагогики», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан

e-mail: ¹botagoz_2211@mail.ru; ²Zulyas580plm@mail.ru; ³Cessen@mail.ru

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА – ПЕДАГОГИКА СВОБОДЫ

В статье внимание уделено проблеме педагогической поддержки, технология которой относится к культуре воспитания, вырастающей на внутренней свободе, творчестве, действительном демократизме и гуманизме взаимоотношений взрослого и ребёнка. Рассмотрены основные ключевые понятия педагогической поддержки, а также современный взгляд на педагогику свободы.

Ключевые слова: педагогическая поддержка, педагогика свободы, культура воспитания, парадигма воспитания, принципы педагогической деятельности.

ВВЕДЕНИЕ

Среднее образование будет направлено на укрепление нравственных ценностей, национально-культурных традиций и обеспечения преемственности поколений, а также становления личности, способной нести ответственность за свою Родину. В условиях ценностного образования школа обеспечит вклад в реализацию общенациональных идей, консолидирующих народ Казахстана, прививая патриотические чувства и способствуя воспитанию их открытыми, доброжелательными гражданами своей страны [1].

В этих условиях смена парадигмы воспитания, его направленность на укрепление нравственных ценностей, национально-культурных традиций и обеспечения преемственности поколений требует поиска новых подходов и технологий обучения и воспитания. Педагогическая поддержка, будучи высокотехнологичной, психолого-педагогической деятельностью даёт

возможность педагогам выявлять и развивать способности и личностный резерв каждого ребенка в решении задач, поставленных перед обществом.

Остановимся подробно на понятии «педагогическая поддержка». Понятие «педагогическая поддержка» вошло в активный словарь педагогики сравнительно недавно вместе с другими терминами, выражающими идеи гуманистически ориентированного образования.

В настоящее время в сфере педагогической теории и практики происходит переоценка многих, казавшихся ранее безусловными теорий, фактов и отдельных понятий, и появляются новые понятия, требующие научного осмысления. Недостаточная разработка, отсутствие точности и однозначности определения понятия «педагогическая поддержка» затрудняет процесс познания сущности этого явления, приводит к противоречивому толкованию самого термина и требует, поэтому, специального рассмотрения и анализа.

В то же время в педагогической науке, в теории и практике школы интерес к содержанию и формам педагогической поддержки растет. Появилось много работ, развивающих концепцию О. С. Газмана, в частности Т. В. Анохиной, В. П. Бедерхановой, Н. Б. Крыловой, Н. Н. Михайловой, Т. В. Фроловой, С. М. Юсфина и других [2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9].

Одновременно развиваются направления, рассматривающие педагогическую поддержку в широком педагогическом контексте (в работах Е. В. Бондаревской, С. В. Кульневича, А. В. Мудрика, И. Д. Фрумина, И. С. Якиманской) [10].

Наряду с этим рассмотрим современный взгляд на эту проблематику. В-первых, личностная ориентация образования не отказывается от социальной детерминации и конечных целей обучения. В то же время предусматривает особую важность обеспечения процесса собственного личностного роста ученика, полноценного свободного и творческого проживания детства и юности как самоценных и социально значимых периодов жизненного утверждения человека [11].

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Постепенно идеи поддержки и родственные ей понятия заботы, защиты, помощи, взаимодействия, сотрудничества образовали особое пространство педагогики, которое характеризуется повышенным вниманием к различным проявлениям самости ребенка (самоопределению, самоорганизации, самооценке, самореализации, саморазвитию).

Многие авторы определяют поддержку как принцип педагогической деятельности в реализации гуманистического подхода к взаимодействию взрослых и детей (Е. В. Бондаревская, Л. И. Новикова, А. В. Мудрик,

Ш. А. Амонашвили и др.) [10]. Ребенок является объектом педагогического взаимодействия. В то же время он – субъект самовоспитания, саморазвития. Суть педагогической поддержки ребенка в том, чтобы помочь преодолеть ему препятствия, трудности на пути саморазвития.

О. С. Газман указывал: «взрослое общество, если оно сознает свою ответственность перед подрастающим поколением, не может оставить его без поддержки и помощи в трудный период самоопределения» [2].

Ребенку нужна педагогическая помощь и поддержка. Поддержка выражает существо гуманистической позиции педагога по отношению к ребенку. Ш. А. Амонашвили считает, что поддержка основывается на трех принципах педагогической деятельности: любви к детям, очеловечивания среды, в которой они живут и проживания педагогом в ребенке своего детства [12].

Вместе с тем, одним из ключевых понятий педагогической поддержки, является «проблема», точнее «преодоление» препятствий (проблем) (О. С. Газман) [2].

Кроме того, предметом педагогики свободы, в отличие от предмета педагогики необходимости, являются способы изучения человеком самого себя, а не только естественнонаучной картины мира. Изучая мир таким, «каков он есть», как он представлен наукой, педагогика необходимости не ставит перед собой задачу развития у детей способности к самопознанию – это не ее предмет, если она и изучает человека, то в качестве всеобщей, а не частной, личностной данности, категории. Педагогика свободы, изучая человека как субъекта выбора (отсюда еще одно ключевое понятие данной концепции – самоопределение), имеет в виду то, что человек делает этот выбор по отношению к себе. Следовательно, без самопознания свобода невозможна.

Педагогика свободы рассматривается как теория и практика деятельности профессионалов, ориентирующихся на ученика как на уникальную, духовную «самость». Она понимает ученика не как индивидуальную возможность, а как индивидуальную действительность. Это снимает для нее проблему «человека как объекта воспитания» (предмет социализации) и ставит задачу помощи ребенку как субъекту свободного сознания (самосознания), свободной деятельности (самодейтельности), свободного выбора (самоопределения).

В связи с вышеизложенным, позитивные изменения в нашей стране нашли свое отражение в воспитательном процессе организаций образования. Примером может служить то, что здесь создаются условия для возрождения интеллектуального, духовного и творческого потенциала нации с учетом общеказхастанского менталитета, культурных, национально-исторических традиций.

В системе образования Казахстана реализуется программа нравственно-духовного образования «Самопознание» (автор идеи Программы – С. А. Назарбаева), имеющая позитивный метапредметный и воспитательный потенциал. Программа охватывает все сферы воспитательной работы в организациях образования и при должной её реализации будет выполнять роль сильного катализатора механизмов возрождения национальных и общечеловеческих ценностей в их единстве.

Основанная на многовековом опыте народной педагогики с использованием вдохновляющих идей самых современных воспитательных теорий, программа нравственно-духовного образования «Самопознание» не имеет аналогов в мировом образовательном пространстве. Она обеспечивает непрерывность и преемственность всех уровней образования в нравственно-духовном воспитании детей и учащейся молодежи. Данная программа, основанная на вечных общечеловеческих ценностях, способствует воспитанию достойных граждан, обладающих благородным характером, нравственными качествами и является ведущим механизмом реализации Концептуальных основ воспитания.

Анализ нормативно-правовой базы свидетельствует о широком использовании понятий «свободное развитие личности», «права человека», «интересы личности» и других. Данные формулировки предполагают демократизацию, прежде всего, на первичном уровне образовательных организаций. Как приоритетные ценности выделяются индивидуальное саморазвитие, успешная самореализация и самоопределение.

ВЫВОДЫ

Нами была разработана Примерная программа воспитания и социализации обучающихся, которая является концептуальной и методической основой для разработки и реализации организацией образования собственной программы воспитания и социализации учащихся.

Нравственно-духовное образование является неотъемлемой частью общего учебно-воспитательного процесса, осуществляемого в системе образования. Традиционная педагогика считает необходимым целенаправленное развитие у человека проявлений духовности, а точнее – ее светлой стороны, ориентированной на доброту, любовь, истину, уважение к другим людям, сострадание, сочувствие, что соответствует нравственным ценностным ориентациям.

Главным образом, следуя логике наших рассуждений, раскроем еще одно ключевое понятие педагогической поддержки – защита, которое предполагает обеспечение физической, психологической, моральной безопасности ребенка, отстаивание его интересов и прав.

И, наконец, самостоятельность – результат совместной деятельности взрослого и ребенка, выражающийся в способности последнего без посторонней помощи и контроля решать собственные проблемы.

Изучив понятие педагогической поддержки, мы пришли к выводу, что суть педагогической поддержки заключается в трёх понятиях: проблема, защита, самостоятельность.

Таким образом, педагог, осуществляющий поддержку, – это защитник интересов ребёнка. Педагогическая поддержка становится принципом и направлением его педагогической деятельности. И тогда педагог с позиции «борьбы с..» переходит на позицию: «я помогу тебе...».

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Государственная программа развития образования на 2016-2019гг. // Интернет-журнал – «Просвещение», 2016.

2 **Газман, О. С.** Неклассическое воспитание. От авторитарной педагогики к педагогике свободы. – М., 2002.

3 **Анохина, Т. В.** Педагогическая поддержка как реальность современного образования // Класный руководитель. – 2000. – № 3. – С. 63–81.

4 **Бедерханова, В. П.** Педагогическая поддержка индивидуализации ребенка. // Класный руководитель. – 2000. – № 3. – С. 39–49. – С. 41.

5 **Крылова, Н. Б.** Педагогическая, психологическая и нравственная поддержка как пространство личностных изменений ребёнка и взрослого // Класный руководитель. 2000. – № 3. – С. 92–103.

6 **Михайлова, Н. Н., Юсфин, С. М.** Процесс совместного преодоления, или педагогическая поддержки ребенка как предмет управления // Директор школы. – 1997. – № 2. – С. 3–13.

7 **Юсфин, С.** Педагогическая поддержка в школе // Нар. образование. – 1998. – № 6. – С. 112–115.

8 **Михайлова, Н. Н., Юсфин, С. М.** Педагогическая поддержка. Учебно-методическое пособие. – М. : МИРОС, 2001. – 208 с

9 **Фролова, Т. В.** Индивидуальная поддержка школьников / Воспитательная система школы: проблемы управления: очерки прагматической теории. – М., 1997. – С. 39–46.

10 **Попова, С. И.** Педагогическая поддержка в работе учителя и классного руководителя. – М., 2005.

11 **Михайлова, Н. Н. и др.** Педагогическая поддержка ребёнка в образовании. – М., 2006.

12 Амонашвили, Ш. Личностно-гуманная основа педагогического процесса. – Минск : Университетиздат, 1990.

Материал поступил в редакцию 11.12.19.

Б. А. Нурмагамбетова¹, З. Ш. Шавалиева², Г. М. Тулекова³

Педагогикалық қолдау – еркіндік педагогикасы

^{1,2}Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті,
Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы.

³С. Торайғыров атындағы мемлекеттік университеті,
Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы.

Материал 11.12.19 баспаға түсті.

B. A. Nurmagambetova¹, Z. Sh. Shavaliyeva², G. M. Tulekova³

Pedagogical support – pedagogy of freedom

^{1,2}Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan.

³S. Toraigyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 11.12.19.

Мақалада ішкі бостандығы, шығармашылық, демократия және гуманизм негізіндегі ересек пен бала арасындағы қарым-қатынаста осы келе жатқан, технологиясы тәрбие мәдениетіне қатысты педагогикалық қолдау мәселеге ерекше назар аударылады. Педагогикалық қолдаудың негізгі ұғымдары, сондай-ақ бостандық педагогикасына қазіргі заманғы көзқарасы қарастырылған.

In the article attention is paid to pedagogical support issue, which relates to the technology of the culture of education grows on the inner freedom, creativity, real democracy and humanism, adult and child relationship. The basic key concepts of educational support, as well as modern view of the pedagogy of freedom.

ГРНТИ 14.25

К. А. Нурумжанова¹, А. А. Кисабеков²

¹д.п.н., ассоц. профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан;

²магистрант, Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан
e-mail:

ИЗ ОПЫТА КОНСТРУИРОВАНИЯ КОГНИТИВНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ИЗУЧЕНИЯ ЭЛЕКТРОМАГНИТНЫХ ВОЛН В КОЛЛЕДЖЕ НА ОСНОВЕ ПЕРЦЕПЦИИ

В данной статье приведен опыт разработки инновационной технологии изучения электромагнитных волн оптического диапазона в колледже на основе когнитивной перцепции. Технология изучения физики в колледже на основе когнитивной перцепции является технологией активного обучения. Разработанная нами технология предполагает применение принципа интегрированного подхода к организации занятий в коллаборативной среде. Групповая работа учащихся в коллаборативной среде обеспечивается на основе перцепции, а психологическая логика усвоения знаний обеспечивается переложением идей когнитивного подхода к изучению физики в колледже. В статье приведен опыт изучения темы «Электромагнитные волны оптического диапазона». Результаты исследования доказывают эффективность более углубленной конкретизации психологических идей переложением на частно-методическую методологию конкретных учебных дисциплин.

Ключевые слова: коллаборативная среда, когнитивизм, перцепция, образовательная технология, электромагнитные волны, оптический диапазон, колледж.

ВВЕДЕНИЕ

- 4 **Назаров, И.** Основы музыкально – исполнительской техники и метод ее совершенствования [Текст] : научное издание / И. Назаров. – Л. : Музыка, 1969. – С. 88–93.

5 **Чахвадзе, В.** О научном подходе в музыкальной педагогике [Текст] / В. Чахвадзе // Сб. : Вопросы музыкальной педагогики – М. : 1973. – С. 51–65.

6 **Челышева, Т.** Музыкальная педагогика и музыкальная психология [Текст] : / Т. Челышева Т. // Сб. : Спутник учителя музыки. – М. : 1993. – С. 76–80.

Material received on 11.12.19.

Н. Ю. Пиговаева¹, Н. Э. Пфайфер², Е. И. Бурдина³, Р. Ж. Аубакирова⁴

Студент-музыканттардың орындаушылық іс-әрекетінің тұрақтылығының алғышарттары

^{1,2,3,4}Гуманитарлық-педагогикалық факультеті,

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,

Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы.

Материал 11.12.19 баспаға түсті.

Н. Ю. Пиговаева¹, Н. Э. Пфайфер², Е. И. Бурдина³, Р. Ж. Аубакирова⁴

Предпосылки стабильности исполнительских действий студентов-музыкантов

^{1,2,3,4}Гуманитарно-педагогический факультет,

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,

г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 11.12.19.

Баяндамада «әрекет», оның көп түрлерімен жалпы ерекшеліктері бар, қиын процесс ретінде қарастырылған. Музыкалық педагогикада мәселелердің бағалау әрекеттердің нақты талдау берілген. Сонымен қатар музыкамен айналысатын жүйеде студенттердің «дұрыс» және «дұрыс емес» әрекеттері қарастырылған.

В данной статье рассматривается «деятельность», как сложный процесс, имеющий общие особенности с ее многочисленными видами. Дается четкий анализ проблем оценочных действий в музыкальной педагогике. Рассматриваются «правильные» и «ошибочные» действия в системе обучения студентов – музыкантов.

FTAMP 14.01.45

Ш. Ж. Сағимбаева¹, А. Е. Әбдрахманов²

¹ф-м.ғ.к., доцент, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы

²магистрант, «Физика-6М011000», Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹shynar_06@mail.ru; ²azamat_2906@mail.ru

ФИЗИКАНЫ ОҚИТУДА ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ОРТАНЫ ҚОЛДАНУДАҒЫ ӨЗЕКТІЛІК

Бұл мақалада инновациялық оқыту технологиясы яғни физика пәнін оқытуда пайдаланудың маңыздылығы қарастырылады. Виртуалды әлем – компьютерлік техниканың негізінде кеңістік-уақыттық континуумды адами сұраныстарға сай өзгертіп, жаңа әлемді, шындықты қолдан жасалған құрылымды қалыптастыру мүмкін әлемге енеді де, ол жерде виртуалды түрде көзбен көріп, сезіне және әрекет ете алады. Қазіргі кезеңде оқыту үрдісінде физикалық эксперименттерді арнайы бағдарламалармен оқыту негізгі мәселе болып табылады.

Кілтті сөздер: физикалық эксперимент, виртуалды зертхана, оқу эксперименттері, арнайы бағдарлама, физикалық құбылыстар.

КІРІСПЕ

Қазіргі білім беру сапасы деңгейін көтеруге бағытталған позитивті тенденциялар білімге деген жаңа бағыттарды дамыту және адами капиталды қалыптастыру болып отыр. Осыған орай білім беру үдерістердің тиімділігін арттыру мәселелерін шешудің негізі білім алушылардың оқу-танымдық қызметін жандандыру болып табылады. Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», – екендігіне баса назар аударып отыр [1]. Бұл білім алушылардың оқу-танымдық қызметін жетілдіруге, яғни өздігінен жұмыс жасауға, шығармашылық қабілетін дамытуға, ақпараттық қызметті тиімді қолдануға үйретуді талап етеді.

Білім алушылардың оқу-танымдық қызметін жетілдіру негізінен болашақ мұғалімдердің шығармашылық қабілетімен тығыз байланысты.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Оқу үрдісінде виртуалды модельдерді қолдану материалды түсіндіруде оның көрнекілігі мен теориялық деңгейін арттыру міндеттерімен байланысты. Виртуалды модельдерді пайдалану кезінде оқушы зерттеу және шығармашылық іс-әрекет үшін көбірек мүмкіндіктер алады, бұл алынған материалды терең меңгеруге көмектеседі. Осындай мысалдардың бірі виртуалды зертханаларды әзірлеу болып табылады. Виртуалды зертхана компьютерлік бағдарлама немесе кейбір процестерді компьютерлік моделдеуді жүзеге асыруға байланысты бағдарлама кешені болып табылады. Жаратылыстану-ғылыми және техникалық пәндерді, мысалы, физиканы оқыту кезінде осындай виртуалды зертханалық орталарды қолдану ерекше рөл атқарады.

Физиканы қазіргі оқу бағдаламасында өте күрделі ғылыми мәселелерді түсіндіру қиындық туғызуда. Мұндай мәселелерді зерделеудің ең сенімді тәсілі нақты физикалық жабдықтармен физикалық құбылыстарды көрсету болып табылады. Алайда, реалды физикалық қондырғыларды пайдалану мүмкіндігі көбінесе кейбір оқу орындарын қаржыландырудың болмауына байланысты қолжетімсіз болып тұр.

Виртуалды зертханалар – бұл нақты қондырғының болмауы жағдайында эксперимент жүргізуге мүмкіндік беретін аппараттық-бағдарламалық кешен. Виртуалды зертханаға компьютер, соның ішінде бірқатары интернет көмегімен қол жеткізуге болады.

Виртуалды зертхана қазіргі таңда өте тиімді бағдарлама десек те артық айтпаймыз. Өйткені, әлемнің бір жағында отырып екінші жағына байланысқа шығуға мүмкіндік те береді. В. В. Трухинаның пайымдауы бойынша, виртуалды зертхана программалық – аппараттық комплексті ұсынады. Сонымен қатар, ол тоқсыз және шынайы құрылғыларсыз зертханаларды жүзеге асыруға көмектеседі.

Виртуалды зертхана программалық-аппараттық комплекстердің екі түрлі ұсынады:

- Дистанционды зертхана;
- Виртуалды зертхана;

Қазіргі таңда виртуалды проекттер өте көп. Виртуалды білім беру физикадан басқа биология, химия, экология, механика салаларында кең қолданылады.

Сурет 1 бойынша реалды зертханалық жұмыстармен салыстырғандағы виртуалды зертханалық жұмыстар бірқатар артықшылықтарына жеке тоқталар болсақ:

– біріншіден, физикалық процестерді егжей-тегжейлі зерттеу үшін қымбат тұратын жабдықтар мен қауіпті радиоактивті материалдарды сатып алудың қажеті жоқ. Мысалы, кванттық, атомдық немесе ядролық физика бойынша зертханалық жұмыстар үшін арнайы жабдықталған зертханалар қажет.

– екіншіден, реалды зертханалық жағдайларда көрсетуі мүмкін емес процестерді модельдеу мүмкіндігі пайда болады. Атап айтқанда, молекулалық физика және термодинамика бойынша дәстүрлі зертханалық жұмыстардың көпшілігі жабық жүйелер болып табылады, олардың шыққан мәндерінде электр шамаларының кейбір жиынтығы өлшенеді, одан кейін электродинамика және термодинамика теңдеулері көмегімен қорытынды шамалар есептеледі. Физиканың осы бөлімдері бойынша виртуалды зертханалық жұмыстарды орындау барысында студенттер анимацияланған үлгілердің көмегімен нақты экспериментте бақылауға болмайтын, зерделенетін физикалық құбылыстар мен процестердің динамикалық иллюстрацияларын бақылай алады. Сонымен қатар, эксперимент жүрісімен бір уақытта физикалық шамалардың тиісті тәуелділіктерінің графикалық құрылысын бақылау мүмкіндігі пайда болады



Сурет 1 – Виртуалды зертханалық жұмыстардың бірқатар артықшылығы

– үшіншіден, виртуалды зертханалық жұмыстар дәстүрлі зертханалық жұмыстармен салыстырғанда физикалық немесе химиялық процестердің

көрнекі визуализациясына ие. Мысалы, электр тогын туғызатын зарядталған бөлшектердің қозғалысы немесе р-п-өтудің жұмыс істеу принципі сияқты физикалық процестерді толығырақ және көрнекі түрде зерттеу мүмкіндігі пайда болады. Сонымен қатар, физикалық құбылыстарды компьютерлік модельдеу секундтың үлесінде болатын немесе бірнеше жыл бойы орындалатын процестерге мысалы, орталық дененің тарту өрісінде планеталардың қозғалысын зерттеу жасауға мүмкіндік береді

– төртіншіден, маңызды фактор – қауіпсіздік. Нақты зертханалық жабдықтарды қолданумен салыстырғанда процестерді зерттеу үшін виртуалды зертхананы пайдалану оқытудың қауіпсіз тәсілі болып табылады. Атап айтқанда, виртуалды зертханалық жұмыстарды пайдалану жоғары кернеумен немесе қауіпті химиялық реактивтермен жұмыс істейтін жағдайларда жақсы ақталып отыр.

– бесіншіден, физикалық процестерді модельдейтін бағдарламалық өнімдер әртүрлі бағдарламалау тілдерінде және әр түрлі аспаптық өңдеу құралдарын пайдалана отырып жазылуы мүмкін. Бұл ретте студенттердің өздері оларды әзірлеу кезінде тікелей қатыса алады. Физика бойынша виртуалды зертханалық жұмыстарды орындау кезінде студент параметрлерін өзгертіп, нәтижелерді ала отырып, әр түрлі құбылыстарды зерттей алады, оларды салыстыра және талдай алады, қорытынды жасай алады.

Бүгінгі таңда виртуалды зертханалардың бірнеше түрі бар: STAR, VirtualLab, Algodoo, Phet және тағы басқалары. Колорадо Боулдер университетінде орналасқан Phet Interactive Simulations жобасы. Білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында PhET симуляциясы келесі конструкция принциптерге сүйене отырып өз жобасын құрған:


- Ғылыми зерттеулерді көтермелеу
- Интерактивтілікті қамтамасыз ету
- Көрінбейтін көрінеді
- Көрнекі ментальды модельдерді көрсету

Бірнеше көріністерді қамтиды (мысалы, объектінің қозғалысы, графиктер, сандар және т. б.).

- Нақты қосылыстарды пайдалану
- Әрбір виртуалды зертханалық жұмыс біркелкілік болмас үшін әр түрлі безендірілген бірнеше бөлімдерден тұрады.

Бұл бағдарлама іс жүзінде физика заңдары мен физикалық қасиеттерімен толық көрсетеді. Бағдарлама арқылы жасалған физикалық әлем өзгермелі, қозғалмалы бола алады және солай жасалуы керек, оны физикалық объектілердің шындықтарының көмегімен қалпына келтіруге болады.

Кіріс нысандарына параметрлерді экспериментке дайындық кезінде де үзіліс кезінде де, тіпті жолда да орнату мүмкіндігі бар. Сіз материалдың салмағын, көлемін, жылдамдығын табиғатын, серпімділігін, беріктігі мен ұзындығын орната аласыз.



Сурет 2 – Жарықтың сыну көрсеткішін зерттеуге арналған Phet симуляциясы

Жарық бір ортадан екінші ортаға өткенде жарықтың сыну құбылысы бақыланады. Мұның себебі – әр түрлі орталарда жарықтың таралу жылдамдығы түрліше болады. Сыну заңы бойынша: $n = \frac{\sin \alpha}{\sin \beta}$ болатынын терия бойынша білеміз. Осы оптикалық құбылысты реалды зертханалық жұмыста зерттесек те болады, алайда виртуалды зертханалық ортада қарастырған әлдеқайда сенімдірек болады. Phet симуляциясымен жұмыс барысында әр түрлі сыну көрсеткіштері бар екі орта арасындағы жарықтың сынуын зерттеуге болады (сурет 2). Ауадан суға, шыныға сыну бұрышын өзгерте аламыз. Әртүрлі формадағы призмаларды пайдаланып, жеті түрлі түс кемпіркосакты жасауға болады. Оқушылар келесідей нәтижеге қол жеткізеді:

- Екі ортадағы бөлменің шекарасында жарық сынып, ол бұрыштын не екенін түсіндіре алады;
- Әр түрлі ортадағы жарық толқынының жылдамдығы мен ұзындығы қалай өзгередінін сипаттай алады;
- Толқын ұзындығы өзгеруінің сыну бұрышына әсерін сипаттай алады.

Болашақта бұдан да көп виртуалды зертханалар пайда болады деген ойдамын. Жалпы алғанда, виртуалды зертхана адамды объектімен тікелей байланыстырады. Мысалы, оқытушы немесе оқушы тіркегіш құралмен жабдықталған арнайы қолғап арқылы компьютер жадында сақталған электрондық объектіні монитор экранынан қолымен ұстап көреді және материалдық объектіні монитор экранынан қолмен ұстап көреді және материалдық объектіні ұстағандай әсерде қалады. Виртуалды зертханалар студенттің қабылдау, түйсіну механизмдерін арттырады. Бұл кезде

оқушылардың ақпаратты қабылдау процесі тек көру, есту арқылы ғана емес, жұмыс жасап та өз білімдерін жетілдірген дұрыс. Көлемі үлкен, салмағы ауыр және бағасы қымбат кондырғыларға қарағанда, виртуалды зертхана тиімдірек деп санаймын. Өйткені қауіпсіз әрі тиімді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, білім беру жүйесіндегі заманауи әлемдік үрдіс виртуалды компьютерлік технологияларды кеңінен қолдану болып табылады. Компьютер экранында сәнделген физика бойынша виртуалды эксперименттер білім алушылардың назарын күрделі мәселелерді зерттеу үшін аударуға мүмкіндік беретін және оқу процесін ұйымдастыруда жақсы әдістемелік қолдау деп санаймын.

ПАЙДАЛАҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 31.01.2017. – [Электронды ресурс]. <http://www.akorda.kz>

2 **Daineko, Ye. A., Ipalakova, M. T., Dmitriyev, V. G.** Using the information technologies for the Development of Virtual Physical Laboratory // The 12th international conference information technologies and management 2014, April 16-17, Riga, Latvia. – 2014. – P. 105–106.

3 Компьютерные методы и моделирование физических процессов : Для спец. – Алматы : КазНТУ, 2013.

4 https://phet.colorado.edu/sims/html/bending-light/latest/bending-light_en.html. – [Электронды ресурс].

Материал 11.12.19 баспаға түсті.

Ш. Ж. Сагимбаева¹, А. Е. Абдрахманов²

Актуальность применения виртуальных лабораторных занятий в обучении физике

^{1,2}Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова,

г. Актобе, 030000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 11.12.19.

Sh. Zh. Sagimbayeva¹, A. E. Abdrakhmanov²

Relevance of the use of virtual laboratory classes in teaching physics

^{1,2}К. Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 11.12.19.

В этой статье обсуждается важность использования инновационных технологий обучения в физике. Виртуальный мир – это мир, где можно преобразовать континент-время в соответствии с потребностями человека, создать новый мир, структурированный искусственный мир, в котором он может виртуально видеть, чувствовать и действовать. В настоящее время проблема обучения физическим экспериментам по специальным программам является одной из ключевых в учебном процессе.

This article discusses the importance of using innovative teaching technology in physics. Virtual world is a world based on computer technology that enters the world where it is possible to transform the space-time continent in accordance with human needs, to create a new world, a structured artificial world, where it can virtually see, feel and act. At present, the problem of teaching physical experiments with special programs is one of the key issues in the learning process.

FTAMP 14.35.09

В. В. Сергеева¹, К. С. Бутенова²

¹п.ғ.к., Инновациялық Еуразиялық университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы;

²п.ғ.м., Инновациялық Еуразиялық университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы;

e-mail: ¹maxwrest@mail.ru; ²butenova1975@mail.ru

ПАТРИОТТЫҚ ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҮЛГІСІ

Мақалада құзыреттілік жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының, жеке және іс-әрекет тәжірибесін жинақтаудың салдары ретінде қарастырылады. Орыс тілі сабағында коммуникативтік және мәдениеттанушылық құзыреттілікті қалыптастыру ерекшеліктері ашылады.

Кілтті сөздер: құзыреттілік, коммуникативтік-ситуативтік есептер, коммуникативтік көзқарас, патриоттық мәдениет

КІРІСПЕ

Оқыту мақсаттарына сәйкес, ҚР МЖМБС-на сәйкес, жоғарыда көрсетілгендей, оқу үдерісі болашақ педагогке әр түрлі іс-әрекеттер жасауға мүмкіндік беретін білім, білік, дағды және жеке қасиеттерді меңгеруді көздейтін құзыреттілік тәсілді көрсетуі тиіс. Осыған сәйкес оларда коммуникативтік, лингвистикалық (тілдік), тілдік және мәдениеттану құзыреттілігі дамиды және жетілдіріледі.

Патриоттық тілдік тұлғаны қалыптастырудың әдістемелік үлгісі жеке тұлғаның тілдік және сөйлеу мәдениетін құрылымдаудың ерекшеліктерін ескеретін (жеке тәжірибені талдай білу және жалпылай білу, мәдениет фактісі ретінде тілге қатысты) тілді оқытуды ұйымдастырудың нысанын көздейді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Студенттердің тілді үйренудегі мотивациясын дамытуға, оның ұлттық-мәдени өзіндік ерекшелігі туралы түсініктерін кеңейтуге функционалдық-прагматикалық аспект, детерминирленген әлеуметтік-мәдени шындыққа ықпал етеді: тіл арқылы мәдениеттің ерекшелігін түсіну болашақ маманға көпмәдениетті қарым-қатынас жағдайында икемді, яғни коммуникативтік табысты болуға көмектеседі.

Орыс тілін оқытуды жетілдіру оқылатын тілдің түрлі мәдениеттердің концептосферлерін меңгеруге қабілетті патриоттық тұлғаны біртұтас, кезең-кезеңмен қалыптастырудан тұрады. Бұл ретте, базалық құзыреттілік тәсіл болып табылады, өйткені ол оқытудағы ерекше мақсат қоюға, практикалық-бағытталған құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған. Осылайша, құзыреттілік индивидтің өзін-өзі дамытуының, жеке және іс-әрекет тәжірибесін жинақтаудың салдары болып табылады. Әрқашан пайдалануға дайын түрде «сақтаулы» білім, білік және дағдыларға қарағанда, құзыреттілік тек оны іске асыру кезінде ғана жиналады, яғни жағдайға жауап ретінде.

Кесте 1 – Коммуникативтік, тілдік және мәдениеттанушылық құзыреттілікті қалыптастыру

Құзыреттер	Оқу қызметінің түрлері	Презентациялар формалары
Коммуникативтік құзыреттілік	Монолог	Сұхбаттасушыға сұрақтар қою. Сұраққа жауап құрастыру
	Диалог	Түйіндеме түріндегі өзін-өзі таныстыру
	Полилог (ұжымдық пікірталас)	Шығарма мәтінін ұсынудың рөлдік формасы
Тілдік құзыреттілік	Хат	Құжаттаманы жасау
	Сөз	Сөйлеу жаттығулары, мәнгерлеп және көркем оқу
	Оқу	Рөлдер бойынша оқу
Мәдениеттану құзыреті	Монолог	Әңгіме
	Диалог	Әңгімелесу
	Полилог (коллективная дискуссия)	Шығарма мәтінін ұсынудың рөлдік формасы

Педагог жоғарыда аталған барлық құзыреттіліктерді қалыптастыруға үнемі назар аударуы тиіс және «орыс тілі» пәнінің мазмұны лингвистикалық ғылым негіздерін, тілдік қарым-қатынас теориясы мен іс-әрекет және қарым-қатынастың әр түрлі жағдайларында тілдік құралдарды нормативтік, мақсатқа сай қолдану іскерлігін қалыптастыру процесінің бүтіндігін, жүйелілігін білдіруіне ұмтылуы тиіс [1].

Біздің зерттеуіміздің ракурсына орыс тілі сабақтарында коммуникативтік және мәдениеттанушылық құзыреттілікті қалыптастыру ерекшеліктерін қарастыру кіреді.

Мәдениеттану құзыреттілігі – бұл тілді ұлттық мәдениетті білдіру формасы ретінде ұғыну, халық тілі мен тарихының өзара байланысы, орыс тілінің ұлттық-мәдени ерекшелігі, орыс тілінің этикет нормаларын, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін білу [2].

Коммуникативтік құзыреттілік сөйлеу қызметінің барлық түрлерін ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетінің негіздерін, қарым-қатынастың әртүрлі салаларында және жағдайларында тілді қолдану дағдыларын меңгеруді білдіреді [3, 245 б.].

Орыс тілі сабақтарында қарым-қатынас мүмкіндіктерін құрудың маңызды құралы-нақты өмірлік жағдайларда қарым-қатынастың табиғи жағдайларына жақындауға, оларға бағдарлай білуге, сөйлеу жағдайының ерекшеліктеріне сәйкес келетін тілдік құралдарды таңдауға (неге, кімге, қандай жағдайда бір нәрсе айтылуға тиіс) мүмкіндік беретін коммуникативтік-ахуалдық міндеттерді шешу болып табылады).

Коммуникативтік-ситуациялық тапсырмалар тілдік қарым-қатынас мәдениетінің деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, орыс әдеби тілінің нормаларын, сөйлеу тәртібінің этикалық нормалары мен ережелерін сақтауға мүмкіндік береді. Олар сөйлеуге деген құштарлықты, педагог қандай мақсатпен қарым-қатынас жасайтынын ұғындырады.

Коммуникативтік құзыреттілік студенттерде тек егер олар үнемі мәтінмен жұмыс істесе, шығарма жазу барысында мәтін құрастырса, оларды қызықтырған қандай да бір мәселелерді көпшілік алдында талқыласа, егер бұл қажет болса – оның дұрыстығын дәлелдесе, өз көзқарасын білдірсе ғана әзірленеді. Сонымен қатар, болашақ педагогтарда өз қарсыластарын тыңдай білуге, олардың пікірін құрметтеуге, оларды диспут, полемика дағдыларына үйретуге міндетті.

Орыс тілі әдістемесінде бекітілген сөйлеуді дамыту бойынша жұмысқа коммуникативтік көзқарас студенттің сөйлеу жағдайына енгізілуін және онда бағдарлай білуін, яғни сұхбаттасушыны анық елестетуді, сөйлеу шарттары мен қарым-қатынас міндеттерін көздейді. Сондықтан байланысты сөйлеуді дамыту кезінде студенттердің мәтіндік білім алуына жағдай жасауға, сондай-ақ қарым-қатынас жасау мақсатында коммуникативтік-сөйлеу дағдыларын меңгеруге көңіл бөлінеді.

Орыс тілін оқытуда сөйлеу бағытын күшейту қажет етеді:

– мазмұнын қайта ойластыруды;

– орыс тілін оқытудағы әдістер мен тәсілдерді қайта қарау, өйткені оқу бағдарламаларының мазмұнын іріктеу әлі күнге дейін функционалдық принципке емес, жүйелік-сипаттамаға бағынады, оған сәйкес тілдің әрбір құбылысы оның сөйлеуде қолданылуы тұрғысынан қаралуы тиіс.

Коммуникативтік құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі-екі деңгейде тілдік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру және дамыту:

– өнімді (әр түрлі стильдер мен жанрлардың мәтіндерін жасау, монолог, диалог және т. б. түрлі түрлерін меңгеру).

Коммуникативтік құзыреттілік келесі бағыттарды жүзеге асыру барысында іске асырылады:


– функционалдық сауаттылықты меңгеру (оқушының мәтіннен ақпарат алу мақсатында оқу және жазу дағдыларын еркін пайдалану қабілеті);

– әр түрлі мәтіндерді түсіну және талдау дағдылары мен іскерліктерін меңгеру;

– ауызша және жазбаша сөйлеудің әртүрлі түрлерінің өнімдік дағдылары мен іскерліктерін меңгеру;

– орфография мен пунктуацияны меңгеру.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру кезеңдері



Практикалық қолдану призмасы арқылы теориялық материалды зерттеу



Тілдік материалды бақылау

Эвристикалық әңгіме

Тірек сызбасын модельдеу

Тірек сызбасының моделі



Зат не істейді

Реті Бір мезгілді белгілері

Зат қандай

Мәселе бойынша ойлар...

Неге?

Мәселе бойынша ойлар...

Мәтіннің функционалдық түрлері. Сызбалар және тірек сөздер

Баяндау мәтінінің сызбасы

Оқиғаның басталуы → Оқиғалар дамуы (+кульминация) → соңы, оқиға аяғы.

Тірек сөздер: алдымен, содан кейін, содан кейін, біраз уақыттан кейін, соңында және т. б..

Сипаттама мәтінінің сызбасы

Объектіге жалпы көзқарас → Сипатталатын объектінің басты бөлшегі немесе пәні → басты және бір-бірімен арақатынастағы басқа бөлшектер → Объект шығаратын әсер.

Тірек сөздер: он жақ, сол жақ, қатар, жоғарғы, төменгі, жанында, оның артында, жақын жерде, екі қадамда және т. б..

Талқылау мәтінінің сызбасы

Тезис → Дәлелдемелер (+иллюстрациялар) → Қорытынды.

Тірек сөздер: біріншіден, екіншіден, демек, т.б.

3)




Сөздік жұмыс

Мәтінмен жұмыс

Оқу диалогы

4)



Жасалған мәтін туралы рефлексия

Өзінің сөйлеу тәртібін түзету

Коммуникативтік құзыреттілікті оқытудың мақсаты көп қырлы. Ол ақпаратты беруге ғана емес, ең алдымен адамның сезімдерін, ойларын, ерік-жігерін, ниеттерін білдіруге бағытталған, ол тек басқа тілдік бірліктерді (монологқа қарағанда) ғана емес, сондай-ақ қарым-қатынас болатын экстралингвистикалық жағдайларды да таңдауды талап етеді:

– кім айтады;

– неге айту керек;

– қандай сөйлеу міндеті бар.

Диалогтік сөйлеудің педагогикалық және психологиялық мазмұны әр түрлі жағдайларда қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, сондай-ақ патриоттық тұлғаны дамытуға бағытталған.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту біздің көзқарасымызша, орыс тілін оқыту процесінде пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру есебінен мүмкін болады:

– әр түрлі сөйлеу жағдайларында бағдарлай білу;

– басқа оқу пәндерінде қолданылатын мәтіндер арқылы диалогтық сөйлеуді құра білу.

Патриоттық мәдениетті қалыптастыру аясында орыс тілі сабағы оқытудың үздіксіз процесі болып табылады. Мәтінмен тұрақты жұмыс істеудің арқасында әрбір сабақта материалдың практикалық бағыты күшейтіледі, алынған білімді қолдану жанданады, тиісті дағдылар мен біліктерді қалыптастыру жеделдетіледі. Келесі уақыт ішінде бұл ұғымдар нақтыланады, олар туралы түсінік жаңа біліммен байытылады.

Студентке міндетті түрде мәтінмен жұмыс істеу кезінде ең бастысы – ол неге солай құрылғанын сезіну және түсіну қабілеті екенін жеткізу керек. Қандай ақпарат көтереді? Неге үйретеді?

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, патриоттық тәрбиенің маңызды құрамдас бөлігі студентті ана сөзіне баулу, оның тіл сезімін қалыптастыру болып табылады. Егер біз мәдени, білімді, өз ойын жеткізе алатын педагогтарды дайындағымыз келсе, онда жоғары оқу орындарында оқыту барысында оларды әдемі, сауатты, бай, шырынды сөйлеуде шомылуға; студенттерде қызығушылықты, жанды эмоционалды үнқатысуды және шындыққа оң көзқарасты тудыруға қабілетті материалды сауатты таңдауға тиіспіз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Нарымбетова, Ж. С.** Формирование лингвокультурологической компетенции будущего учителя иностранных языков в контексте его подготовки к межкультурной коммуникации. / Ж. С. Нарымбетова. – Алматы : Казахский университет международных отношений и мировых языков, 2009. – 23 с.

2 **Альмухамбетов, Б. А.** Эстетическое воспитание учащихся 4–7 классов средствами национального изобразительного искусства: автор. дисс. ... канд пед. наук:13.00.01 – Алматы, 1990. – 31 с.

3 **Воронцов, А. В.** Русский язык: социально-политический контекст / А. В. Воронцов. – СПб. : изд. Знание, 2008. – 421 с.

Материал 11.12.19 баспаға түсті.

V. V. Sergeeva¹, K. S. Butenova²

Методическая модель формирования патриотической языковой личности

^{1,2}Инновационный Евразийский университет,
г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 11.12.19.

V. V. Sergeeva¹, K. S. Butenova²

Methodical model of the formation of a patriotic linguistic personality

^{1,2}Innovative University of Eurasia,
Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 11.12.19.

В статье рассматривается компетентность как следствие саморазвития индивида, обобщения личностного и деятельностного опыта. Раскрываются особенности формирования коммуникативной и культуроведческой компетенций на занятиях по русскому языку.

The article considers competence as a result of the selfdevelopment of the individual, generalization personality and activity experiences. The features of formation of communicative and cultural competence in the Russian language classes are revealed.

FTAMP 14.35.07

М. Серік¹, Б. А. Серимбетов², Г. Ж. Ерланова³

¹п.ғ.д, профессор, Ақпараттық технологиялар факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы;

²т.ғ.к., кафедра меңгерушісі, Қолданбалы ғылымдар факультеті, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы;

³докторант, Ақпараттық технологиялар факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹serik_meruerts@mail.ru; ²sba_rnmc@mail.ru; ³gulmirka_78@mail.ru

**ЖОҒАРЫ ӨНІМДІ ЕСЕПТЕУЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ
ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ
ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ ЕНДІРУ ТУРАЛЫ**

Қазіргі заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерінің артуы ақпарат ағынының үздіксіз өсуіне ықпал жасауда. Осындай ақпарат ағынын игеруді жоғары оқу орнының оқыту үдерісіне ендіру қажеттігі туындап отырғаны белгілі және оны жүзеге асырудың бірі – жоғары оқу орынында білім алушылардың жоғары өнімді есептеулер бойынша білімі мен білігін арттыру болып есептеледі.

Мақалада жоғары өнімді есептеулер ұғымы, олардың қазіргі кезде қолданылу жағдайы және оны жоғары оқу орнының оқу үдерісіне енгізуге арналған теориялық негіздер мен мәселелер қарастырылған. Сонымен бірге, жоғары өнімді есептеулердің қолданылуының кейбір салаларына да тоқталып өтіліп, олар нақты мысалдармен негізделген. Тақырып бойынша зерттеу жұмысының оқыту үдерісіне ендірілу мен оқу үдерісіне ендірілуі бойынша алғашқы алынған нәтижелер келтірілген.

Кілтті сөздер: жоғары оқу орыны, жоғары өнімді есептеулер, оқу үдерісі, суперкомпьютер оқу үдерісінде, ақпараттық технологиялар, бұлттағы жоғары есептеулер.

КІРІСПЕ

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік өзгерістер ақпараттық технологиялар мамандарына деген сұраныстың аумағын кеңейтті. Оған дәлел республика бойынша осы мамандықтарды даярлайтын жоғары оқу орындарында түрлі

салалар мен ауқымдары бойынша ақпараттық технологияларға байланысты мамандықтардың ашылуы. Соған сәйкес, қазіргі кезде мамандандырылған бағыттар бойынша даярлау классификаторы ендірілді.

Әр сала бойынша маманның кәсіптік білім мен іскерлігін ақпараттық мәдениеттілігі толықтырып отыруы керек. Сондықтан да мемлекет пен қоғам алдында республиканың зиялылық әлеуетін сақтап қана қоймай, оны еселей түсу, ізгілендіру даярлығы барысында жүзеге асатын кәсіптік шеберлік, имандылық, отаншылдық сияқты қасиеттерді бойына сіңірген ұлттық зияткерлер мен барша азаматтарды даярлауды қамтамасыз ету міндетімен бірге кәсіптік-ақпараттық маман иелерін даярлау түр. Заманауи ақпараттық коммуникациялық технологиялар прогресі логикасын, жалпы адамзат үшін маңызын біз техника мен адамның дамуын біртұтас кұбылыс деп қарастырғанда ғана мойындауға, негіздеуге болады. Жоғары оқу орнында қалыптасқан іс-тәжірибе ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) дамуы мен олардың даму қарқынан кешікпей ілесе жүруді талап етеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі кезде ақпараттық коммуникациялық технологиялар саласында бұрыннан келе жатқан салаларды ескерумен қатар, интеллектуалды жүйелер, таратылған деректер, жоғары өнімді есептеулер, үлкен деректер қорлары сияқты салалар бойынша мамандарды даярлауға көңіл бөлініп жүр. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің информатика мамандығында біз айналысатын осы мәселелердің бірі: таратылған деректер мен жоғары өнімді есептеулер мәселесі.

Жоғары өнімді есептеулер ұғымы қазіргі кезде суперкомпьютерлердегі, параллель есептеулердегі, параллель есептеулер кластерлеріндегі, бұлттағы, GRID-технологиялардағы, 3D-модельдеудегі, GPU-процессорлар негізіндегі, тиімді модельдеу мен алгоритмдер негізіндегі, т.б. деп қарастырылатыны белгілі.

Университеттің ақпараттық технологиялар факультетінің информатика мамандығының профессор-оқытушылар құрамы оқу үдерісіне бірнеше жыл аталған мәселелерді ендіру мен болашақ мамандардың кәсіби даярлығын арттырумен айналысып келеді. Соның ішінде жоғары өнімді есептеулердің мынадай түрлері ендіріліп, нәтижелері алынып жүр:

- параллель есептеулер арқылы жоғары өнімді есептеулер жүргізу;
- параллель есептеулер кластерлерін баптау мен оларды жоғары өнімді есептеулер жүргізуде қолдану;
- GPU-процессорларды қолдану арқылы графикалық есептерді шешуде тиімді пайдалану;

– GPU-процессорларды пайдалануда әртүрлі функциялар мен алгоритмдерді пайдаланып, салыстырмалы нәтижелер алу;

– университеттегі Param-Bilim оқу орталығының негізіндегі суперкомпьютерді пайдаланып, жоғары өнімді есептеулер арқылы нәтижелер алу.

Жоғары өнімді есептеулер немесе High Performance Computing (HPC) әр кезде өзекті тақырып болған, бірақ соңғы жылдары олардың маңызы бұрынғысынан да өсті.

Зерттеуіміздің негізгі тақырыбы жоғары өнімді есептеулерге байланысты болғандықтан, жұмысымызда олардың негіздері мен қолдану салаларының кейбіреулерін мысал ретінде қарастырсақ.

HPC корпоративтік немесе бұлтты есептеулермен салыстырғанда әлдеқайда маңызды болып келеді, өйткені әр түрлі салаларда - химиялық заттар немесе автомобильдер, қаржы нарықтары, компьютерлік визуализация, химиялық реакцияларды модельдеу, ғылым және өнеркәсіп, мұнай және газ өндіру және тағы басқа көптеген модельдеу және дизайн бойынша тапсырмалар - қолданушылардың ноутбуктарымен емес, жоғары өнімді суперкомпьютерлердің көмегімен шешіледі. Мысалы, 25-30 жыл бұрын адамдар суперкомпьютерлерді машиналар мен ұшақтардың аэродинамикалық қасиеттерін талдау үшін қолданды, ал бүгінгі күні барлық жаңа машиналар суперкомпьютерлерде толығымен орындалатын жобалау кезеңі мен апаттық сынақтардан өтеді.

Бүгінгі таңда суперкомпьютердің көмегімен автомобиль дизайнындағы көптеген бөлшектер, яғни интерьер дизайннан бастап жанармай жану цилиндріне дейін модельденеді. Атмосфераға шығатын газдардың шығарылуын азайту мәселесі бүгінгі күні өте маңызды болып отыр – бұл да суперкомпьютер арқылы жүзеге асырылатын мәселе.

Экономикалық тұрғыдан тиімді болғандықтан суперкомпьютерлердегі есептеулер өте танымал болып келеді: ұшақтың мұқият есептелген аэродинамикасы жанармайдың елеулі үнемделуіне әкеледі және әуе компаниялары үшін бұл экономикалық үнемділік жүздеген миллион долларға жетеді. Сонымен бірге ол ұшу сапарының сенімділігін де арттырады.

Қазіргі кезде нанотехнологиялар және наноматериалдар тақырыбы өзекті мәселе болып жүргені айқын. Құрылымдардың кіші мөлшерлері молекулярлық деңгейде күрделі химиялық өзара әрекеттесумен жүзеге асырылатыны белгілі, ал заманауи қуатты есептеуіш құрылғылар оларды шешуде қателіктерді анықтау мен сынақтан өткізу әдістерін қолданбай, күрделі реакцияларды мұқият есептеу мен модельдеу арқылы шешеді.

Бүгінде «бұлтта» есептеулер әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде қолданылуда, шағын және орта бизнестің қажеттіліктеріне байланысты көптен бері пайдаланып отырғаны бәрімізге белгілі.

Негізінде, бұлттық есептеулер - бұл өздерінің суперкомпьютерін құруға қызығушылық танытпайтын кең ауқымды пайдаланушыларға есептік қуатты жалға берудің нақты бизнес-моделінің бір түрі. Бүгінгі таңда осы нарықта үлкен сұранысқа ие, сондықтан ол одан әрі белсенді дамуда. Алдыңғы қатарлыларына қазір Amazon және Google компаниялары жатады. «Вольфрам» компаниясының «Альфа» жобасы да «бұлтта» жоғары өнімді есептеулер жүргізудің бір мысалы.

Жаңа препараттарды әзірлеуде де жоғары өнімді есептеуішті қолдануға болады. Бұл жүйеде адам жасушаларының кейбір бөліктеріне дәрілердің әсері есептеледі. Осылайша, көптеген виртуалды медициналық эксперименттер жүргізілуі мүмкін. Дәлірек айтатын болсақ, бұл қажетті дәріге арналған формуланы дұрыс таңдау мүмкіндігін береді. Бүкіл жасушамен өзара әрекеттесуді модельдеу үшін, сізге мидың бір жасушасын толығымен есептейтін мындаған есе күшті (эксфлоптың өнімділігімен) жүйе қажет болуы мүмкін. Сол жүйе арқылы барлық ми жасушалары препаратқа қалай әсер ететіні белгілі болады, ал ол жасалып жатқан препараттың сапасын едәуір жақсартады және жанама әсерлерді азайтады.

Онкологиялық ісіктерді модельдеуге және дамуын зерттеуге немесе вирустың ағзада таралуын зерттеуге болатыны туралы айтылып жүр.

Күрделі құрылымдарды модельдеу одан да көп есептеу күштерін қажет етеді, сондықтан жоғары есептеу қуаты кімге қажет деген сұрақтарға да жауап алынар еді. Яғни, егер ғалымдарға есептеулер үшін әлдеқайда қуатты құрал берсе, олар оны орынымен лайықты түрде пайдаланар еді.

Біздің жағдайда, университет қабырғасында оқу кезінде орындалуы біраз уақыт алатын есептерді тез, әрі тиімді етіп есептеу мен оларды білім алушыларға игерту шешімін тауып жүрген үдеріс.

Қолдану саласына қарай НРС-тің экономикалық тиімділігін де есептеуге болады. Ақпарат көздерінде кездесетін біраз мысалдарға да тоқталамыз.

Дәрігерлер мен фармацевтер дәрі-дәрмектерді виртуалды тестілей алса, бұл олардың шығынын азайту мен олардың даму үдерісін жеделдетуге ғана емес, сондай-ақ науқастардың ерекшелігін ескере отырып, жеке дәрілерді жасап шығаруға мүмкіндік береді.

Генге тән препараттар да НРС-ді қолданудың бір саласына жатады. Сонымен қатар, ауыр тұқым қуалайтын ауруларды емдеу әдістерін құрастыруға болады.

НРС-ді қолданудың талдауларынан кейін өнімділігі бір пәтафлоп болатын жүйелердің қолданылатыны белгілі, басқа да көптеген салаларда қолданыс табуға. НРС-жобаларды қолдау мемлекеттік тұрғыда жүргізіледі [1].

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақстан-Индия ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқу орталығының суперкомпьютері негізіндегі Param-Bilim IKCEICT (India-Kazakhstan Centre of Excellence of Information-Communication Technology) жобасы да осындай жұмыстар нәтижесі. Факультеттердегі жасалып жатқан ғылыми жобалар есептеулері осы орталықта жүзеге асырылуда.

Айта кететін жайт, суперкомпьютерлерді құру қосымша бағдарламалық қамтама жасау, энергетика, т.б. жоғары технологиялық салаларды жетілдіру ғана емес, экожүйе мен оның бағдарламалық қамтама құрумен де байланысты екенін түсінеміз. Осы салада Intel корпорациясы біраз елдерде НРС-тің ілгерілеуіне белсенділік көрсетіп жүргені белгілі.

Суперкомпьютерлер ең жаңа технологияларды ғана емес, сонымен қатар пайдаланушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға тиіс. Мысалы, Atos компаниясының Bull суперкомпьютерлері процессордың түріне, компоненттерінің байланысуына, салқындату жүйесіне, қуат деңгейіне қарай ең жоғары икемділікке ие және ең кең ауқымды қосымшаларды қолдайды. Олар корпоративтік НРС кластерлерінен әлемдік деңгейдегі суперкомпьютерлерге дейінгі шешімдердің шексіз санын ұсынады [2].

Atos компаниясы ұсынғандай, НРС кластерлерін қолдану қазіргі кездерде маңызды орын алып жүр. Біздің жағдайда, бакалавриатта жоғары өнімді есептеулерді жүзеге асыру үшін аудиторияларда тұрған дербес компьютерлердің микропроцессорларының ядролар санын желілік біріктіріп, жоғары жылдамдықты есептеулерге қол жеткізіп, оларды оқу үдерісінде қолданып жүрміз.

Тақырып бойынша шолуларға талдау жасағанда, соның ішінде жоғары өнімді есептеулерге мүмкіндік беру, GPU-процессорлары, бұлттық деректер қорларын пайдалану, т.б. біздің жағдайда толығымен оқу үдерісінде орын алған.

НРС қосымшалары көбінесе желінің жоғары өнімділігін, жоғары жылдамдықты оқу мен жазу мүмкіндігі бар қоймаларды, үлкен жады сыйымдылығын, үлкен есептеу қуатын қажет етеді немесе осы ресурстардың барлығын бір мезгілде пайдалануы керек болады. Осындай жағдайларға Amazon Web Services (AWS) мысал бола алады. AWS – коммерциялық қоғамдық бұлт, клиенттеріне мынадай қызмет көрсетеді:

- инфрақұрылымдық модельде (виртуалды серверлер, сақтау ресурстары);
- платформалық деңгейде (бұлттық деректер қорлары, бұлттық бағдарламалық жабдықтар, бұлттық есептеулер, әзірлеу құралдары).

Сонымен бірге, AWS зерттеу уақытын қысқартуға және бұлт ішіндегі жоғары өнімді есептеуді іске қосуға және кәдімгі жергілікті ортада қол жетімді емес бірқатар тапсырмаларды тиімді орындау мүмкіндігімен масштабтауға байланысты нәтиже алуды жеделдетуге мүмкіндік береді.

AWS платформасында HPC орындаудың артықшылықтары:

– AWS-де жоғары өнімді есептеудің дереу іске қосылуы мен кеңейтілу (масштабталу) мүмкіндігі; тапсырмаларды тізбектей орындауға байланысты кешіктірулерді жою және есептеуді еркін түрде масштабтау қажеттілігі туындаған кезде, ғылыми материалдарды жариялауға немесе өнімді іске қосу уақытын қысқартуға болатындығы;

– өнімділікті арттыру; инфрақұрылымды жаңарту және қолдау туралы алаңдаушылықтың орнына қолданбалы бағдарламалар мен зерттеулерге назар аудару мүмкіншілігінің бар болуы; AWS өзінің аппараттық құралдарын жаңартқанда, ол бірден қол жетімді болады; тек жаңа есептеуіш қуатын алу үшін оның конфигурациясының файлын қайта жазып және қайта жүктеу мүмкіншілігі;

– икемді архитектуралық мүмкіншілік; AWS нақты қосымшалардың ерекше талаптарына оңтайландырылған HPC жоғары өнімді есептеулерін жасауға мүмкіндік беретін икемді баптаудың параметрлерін ұсынады; бүгінгі күні жұмыс үшін GPU-лар қолданылса, ертең кәдімгі процессорлар қолданылуы мүмкін;

– шешімдердің мол арсеналына қол жеткізу; есептеу, деректер базаларын сақтау және пайдалану сияқты базалы негізгі мүмкіндіктерінен басқа, AWS қауымдастығына кіретін серіктес компаниялардың кең ауқымды қызметтеріне қол жеткізуге болады, бұл жұмыс жүктемелерін оңтайландыруға мүмкіндік береді;

– қауіпсіз ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндігі; қауіпсіздікке бой алдырмай, зиян келтірместен бірге жұмыс істеу мүмкіншілігі; әрбір AWS қызметі әр пайдаланушы үшін шифрлауды қамтамасыз етеді; бұл тексерілген пайдаланушылар үшін қажетті деректерді еркін алмастыра алады деген сөз;

– қолдануына қарай пайдалану ақысын төлеу; әрбір төленетін ақы негізгі мақсаттар үшін жұмыс істеуі керек; қолжетімді AWS қызметтерінің тізімінен өзіңізге керегі ғана тандап, тек шын мәнінде сол қолданатын ресурстар үшін төлем төлеу мүмкіншілігі; сіз пайдаланылмайтын есептеу ресурстары үшін ешқашан төлем жасамайсыз, ұзақ мерзімді келісімшарттар жасау немесе күрделі лицензиялау рәсімдерінен өту қажеттігі болмайды [3].

Бұл аталып өткен мәселені біз оқу үдерісінде былайша қарастырып жүрміз. Microsoft компаниясы мен біздің университеттің арасындағы келісімшарт негізінде біз кафедраның IP-адресі арқылы Microsoft Azure-нің бұлттық

ресурстарына рұқсат алып, пайдаланып жүрміз. Сонымен бірге, Microsoft Azure ұсынған серверлердің арасынан біз деректер қорын құру үшін Батыс Европа елдерінің бірінде орналасқан серверін тандап, тегін, қашықтағы дискілік кеңістік ретінде ресурстарын пайдаланудамыз.

Жоғарыда келтірілгендей, HPC орындаудың артықшылықтарымен бірге IBM компаниясы да IBM Cloud бұлттында қауіпсіздігін ұсынады [4].

Сонымен, ақпараттық өркениеттің қалыптасуы заманауи жаңа орталарды туғызды. Бұл ақпараттық ортаны адам мәдениетінің айырылмас бір бөлігі деп санауға тиіспіз. Ал бұл ортаның өзі де үздіксіз дамып отыратын болғандықтан, дайын ақпараттық технологияларды игеру мен қолдану мүмкіндіктерімен қатар одан да маңызды жаңа ақпаратты туғызу қабілеті туралы мәселе көтерілді. Міне, осындай мәселелер қатары жаңа ақпараттық қоғамда жиі-жиі пайда болып, өз мерзімді шешімін табуы талап ететіні, білім алушылардың оларды шешуге әрқашанда дайын болу қажеттілігі туындайды. Яғни білім алушыларға, олардың ойлау қабілетіне, құзыреттілігіне, мәдени даму деңгейіне деген талаптар күрт жоғарылайтын болады.

Қазіргі кезде бұлттағы жоғары жылдамдықты есептеулер мәселесінің теориялық негіздері сараланып, оқу үдерісіне ендіру қарастырылуда. Жоғары өнімді есептеулер бойынша арнайы курсының мазмұны жасалып, келесі оқу жылының оқу үдерісіне ендірілмек. Зерттеу жұмысының базалық нысандары: Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің информатика саласының мамандықтары.

Жоғары өнімді есептеулер және оқу үдерісінде қолданылуы зерттеу жұмысымыздың міндеттерінің бірі ретінде сауалнамалар жүргізумен байланысты. Биылғы оқу жылының оқу үдерісін алсақ, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің «Информатика» және «Ақпараттық жүйелер» мамандығында оқып жатқан бакалаврлар мен магистранттар қатысады. Тәжірибелік жұмысымыз келесі жылы да жүргізілетіндіктен, зерттеу нәтижесінде жаңа қосылған білім алушылар саны артатын болады.

Сауалнама сұрақтары мақалада қарастырылып отырған мәселелерді де қамтиды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс білім алушыларды эксперименттік және бақылау топтарына бөлу арқылы жүзеге асырылуда. Биылғы оқу жылында айқындаушы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілуде. Айта кетсек, жоғары өнімді есептеулер ұғымы, қолданылу аясы, жүзеге асыратын аппараттық-бағдарламалық негіздері, технологиялары және әдістері сияқты теориялық сұрақтарға негізгі көңіл бөлінді. Айқындаушы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс-ол кәсіби білім беру мәселелерін педагогикалық зерттеудің маңызды

компоненттерінің бірі екені белгілі. Информатика мамандығында айқындаушы тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүргізу барысында биылғы оқу жылында алынған респонденттер бойынша мынадай жағдайларды байқадық: 11 %-жоғары, 21 %-орта, 68 %-төмен көрсеткіштерді көрсетті. Келесі оқу жылынан бастап оқу жылының басында келесі респонденттер тобында айқындаушы эксперименттік жұмысымыз жалғасады және эксперименттік топтарда жоғары өнімді есептеулерге байланысты арнайы курсты ендіру жүргізіледі. Ол үшін курсын құрылымы, мазмұны анықталды, сонымен бірге оқу жұмыстық бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешен, т.б. дидактикалық материалдар дайындалуда.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғары өнімді есептеулерді жоғары оқу орнының оқу үдерісіне ендірудің теориялық негіздері анықталып, практикада жүзеге асырылуы зерттеу жұмысымыздың мақсатына сай жүргізілуде. Бакалаврлар мен магистранттардың білімі, білігі және дағдысы оқыту деңгейіне қарай логикалық жалғасқан білім мазмұнын қамтиды. Зерттеу жұмысының қазіргі кездегі жүзеге асырылуы биылғы оқу жылында университеттің Param-Bilim орталығындағы суперкомпьютердің мүмкіншіліктерін пайдаланып, есептеулер жүргізумен негізделеді, болашақта оқу үдерісіне ендірілетін арнайы курсының мазмұны мен құрылымын жасақтаумен байланысты. Ақпараттық технологиялар мамандықтарының білім алушыларына жоғары өнімді есептеулер бойынша жүргізілген арнайы курста алғашқы сауалнамалық сұрақтар жүргізіліп, пәннің мазмұнын жетілдіру мақсатында жұмыс жасалуда.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Семин, А. Журнал Компьютер Пресс. – 2009. – № 7. – <https://compress.ru/article.aspx?id=20563>

2 AtosSE.Высокопроизводительные вычисления. Иновации в полной мощности: <https://atos.net/ru/russia/products/high-performance-computing-hpc>

3 <https://aws.amazon.com/ru/hpc>. – [Электронды ресурс].

4 <https://www.ibm.com/cloud/hpc>. – [Электронды ресурс].

Материал 11.12.19 баспаға түсті.

М. Серік¹, Б. А. Серимбетов², Г. Ж. Ерланова³

О состоянии применения высокопроизводительных вычислений и внедрении их в учебный процесс

^{1,3}Факультет информационных технологий,
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилёва,
г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан;

²Факультет прикладных наук,
Казахский университет экономики, финансов и международной торговли,
г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 11.12.19.

M. Serik¹, B. A. Serimbetov², G. Zh. Yerlanova³

The condition of the application of high performance computing and about their introduction in the educational process

^{1,3}Faculty of Information Technologies,
L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

²Faculty of Applied Sciences,
Kazakh University of Economy, Finance and International Trade,
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 11.12.19.

Расширение возможностей современных информационных и коммуникационных технологий способствуют непрерывному росту информационных потоков. Общеизвестно, что освоение такого информационного потока заключается в необходимости внедрения его в учебный процесс вуза, и одним из способов его реализации является повышение знаний и умений студентов высших учебных заведений по высокопроизводительным вычислениям.

В данной статье рассмотрено понятие высокопроизводительных вычислений, их состояние использования, а также теоретические основы и пути их внедрения в учебный процесс вуза, в частности, отмечены некоторые области применения высокопроизводительных вычислений, основанные на конкретных примерах. Представлены начальные результаты по исследуемой теме о внедрении их в учебный процесс.

The expansion of modern information and communication technologies promotes to the continuous information flows. It is clear that

the development of such information flow is the need to integrate it into the educational process of higher education, and one way of its realization is to increase the knowledge and skills of students.

In given the article the concept of high-performance high performance computings, their current state, theoretical bases and as well as the issues of their introduction in educational process of a higher educational institution are considered. In particular, some fields of high-performance high performance computings which are based with concrete examples are emphasized. The first results about the introduction of research and their implementation into the educational process are presented.

FTAMP 14.35.07

Ж. А. Темербаева¹, А. Е. Аймолда², М. М. Жаркумбаева³

¹п.ғ.к., доцент, Сәулет және құрылыс факультеті, С.Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

²докторант, Педагогика және спорт факультеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы

³оқытушы (ассистент), Сәулет және құрылыс факультеті, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

e - mail: ¹zhanna.temerbaeva@mail.ru; ²asseltemerbaeva@gmail.ru

СТАНДАРТТАУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ МАМАНДЫҒЫНЫҢ МАГИСТРАНТТАРЫНЫҢ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ БІЛІКТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУҒА АРНАЛҒАН ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ТӘСІЛДЕМЕ

Мақалада «Стандарттау және сертификаттау» мамандығының магистранттары арасында коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға құзыреттілік көзқарасы қарастырылады. Бұл тұжырымдаманың мазмұны, оның пайда болуы мен дамуы туралы қысқаша баяндалған. Магистранттардың коммуникативтік құзыреттерінің дамуын бағалай алатын негізгі құзыреттер ұсынылған. Мақала педагогикалық диагностика саласындағы зерттеушілерге арналған.

Кілтті сөздер: білім беру жүйесі, құзырет, құзыреттілік, құзыреттілік тәсілі, қарым-қатынас мәдениеті.

КІРІСПЕ

